

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрландыру, көлік және кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2026 жылғы 9 қаңтардағы № 256-VIII ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйесін", "ақпараттық ресурстарда", "электрондық үкімет", "Электрондық үкімет", "ақпараттық жүйелер", "ақпараттық жүйелері", "ақпараттандыру объектілері", "электрондық жүйелерін", "ақпараттық жүйелерден", "электрондық ақпараттық ресурстардан", "ақпараттық жүйенің" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйесін", "цифрлық ресурстарда", "цифрлық үкімет", "Цифрлық үкімет", "цифрлық жүйелер", "цифрлық жүйелері", "цифрлық объектілері", "цифрлық жүйелерін", "цифрлық жүйелерден", "цифрлық ресурстардан", "цифрлық жүйенің" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 2011 жылғы 26 желтоқсандағы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйесіндегі", "ақпараттық жүйесіне", "ақпараттық жүйесімен", "ақпараттық жүйелер", "ақпараттық жүйесінде" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйесіндегі", "цифрлық жүйесіне", "цифрлық жүйесімен", "цифрлық жүйелер", "цифрлық жүйесінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

2) 1-баптың 1-тармағының 29-1) тармақшасындағы "ақпараттандыру" деген сөз "цифрландыру" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 67-1-баптың 2-тармағының бірінші абзацындағы "Ақпараттандыру" деген сөз "Цифрландыру" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 85-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының балалар құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы мемлекеттік органдардың цифрлық объектілерінің өзара іс-қимыл жасауы арқылы Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарынан адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтерді тексеруді жүзеге асырады.";

5) 118-1-баптың 2-тармағындағы "электрондық ақпараттық ресурстар", "электрондық ақпараттық ресурстарды" деген сөздер тиісінше "цифрлық ресурстар", "цифрлық ресурстарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 181-бапта:

1-тармақта:

бірінші бөліктегі "екі данада" деген сөздер "бір данада" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Акт кітаптары азаматтық хал актісі бастапқы мемлекеттік тіркелген жердегі тіркеуші органның архивінде сақталады.";

3 және 6-тармақтар алып тасталсын;

7) 184-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Азаматтық хал актілері жазбаларының жоғалғанын жоғалған жазба жасалған жердегі азаматтық хал актілері жазбасының архиві растауға тиіс.";

8) 190-баптың 2-тармағындағы "электрондық үкіметтің" деген сөздер "цифрлық үкімет" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 273-баптың бірінші бөлігіндегі "электрондық үкімет" деген сөздер "цифрлық үкімет" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттандыру объектілерімен", "ақпараттандыру объектілерін", "ақпараттандыру объектілері", "ақпараттандыру объектілерінің", "ақпараттандыру объектілеріне", "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйелер", "ақпараттық жүйелерге", "ақпараттық жүйелердің", "ақпараттық жүйелерде", "ақпараттық жүйелерін", "ақпараттық жүйелерді", "ақпараттық жүйесінде", "ақпараттық жүйеде", "ақпараттық жүйелері", "ақпараттық жүйесіне", "ақпараттық жүйелеріне", "ақпараттық жүйелерінен", "электрондық үкіметтің", "электрондық үкімет", "электрондық дерекқор" деген сөздер тиісінше "цифрлық объектілерімен", "цифрлық объектілерін", "цифрлық объектілері", "цифрлық объектілерінің", "цифрлық объектілеріне", "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйелер", "цифрлық жүйелерге", "цифрлық жүйелердің", "цифрлық жүйелерде", "цифрлық жүйелерін", "цифрлық жүйелерді", "цифрлық жүйесінде", "цифрлық жүйеде", "цифрлық жүйелері", "цифрлық жүйесіне", "цифрлық жүйелеріне", "цифрлық жүйелерінен", "цифрлық үкіметтің", "цифрлық үкімет", "цифрлық дерекқор" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 25-1-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі "ақпараттандыру туралы" деген сөздер "цифрлық" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 28-баптың 10-1 және 10-2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"10-1. Аса маңызды цифрлық объектіні меншік құқығында немесе басқа да заңды негізде иеленетін кәсіпкерлік субъектісі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Қазақстан

Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен цифрлық ресурстың резервтік көшірмесін цифрлық ресурстарды резервтік сақтаудың бірыңғай платформасына береді .

10-2. Квазимемлекеттік сектор субъектісі мемлекеттік органдар қызметін цифрлық деректерді басқару жөніндегі талаптарға сәйкес іске асыруы мақсатында деректерді талдауды жүзеге асыру үшін қажетті иесі көрсетілмеген деректерді "цифрлық үкімет" операторына береді.";

4) 82-баптың 4-тармағының екінші бөлігі мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін талдау қорытындыларын қарау;"

5) мынадай мазмұндағы 93-1-баппен толықтырылсын:

"93-1-бап. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін талдау және мониторингтеу

1. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін оларды талдау нәтижелері бойынша кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

2. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларына және оларды алушыларға мониторинг жүргізуді қамтамасыз етеді.

3. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігіне талдау және мониторинг жүргізу мақсатында кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларының тізілімін (бұдан әрі – тізілім) қалыптастырады.

4. Тізілімді жүргізуді техникалық сүйемелдеуді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын, жалғыз акционері мемлекет болып табылатын заңды тұлға (бұдан әрі – тіркеуші) жүзеге асырады.

Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларының пайдаланылуы мен оларды алушыларды мониторингтеуді техникалық сүйемелдеуді тіркеуші жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың екі деңгейлі жүйесі шеңберінде жүзеге асырады, ол мынаны қамтиды:

1) бірінші деңгей – жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын алушылар өтінімдерінің эталондық электрондық тізілімін қамтитын, екінші деңгейдегі жүйелермен интеграцияланған тіркеу жүйесі, онда түпкілікті форматтан кейінгі логикалық бақылау арқылы жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын алушының жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларының пайдаланылуы мен оларды алушыларға мониторинг жүргізу қағидалары шеңберінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын базалық талаптарға сәйкестігі айқындалады;

2) екінші деңгей – жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын алушылардан өтінімдерді қабылдау, оларды форматтық-логикалық бақылауды қолдана отырып өңдеу және өңделген өтінімдерді бірінші деңгейге беру олар арқылы жүзеге асырылатын салалық мемлекеттік немесе мемлекеттік емес цифрлық жүйелер.

Екінші деңгейдегі цифрлық жүйелер жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын алушылардан заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ тіркеушінің дербес деректерді жинауына, өңдеуіне, сақтауына, түсіруіне және пайдалануына келісімін алуды қамтамасыз етеді.

5. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың екі деңгейлі жүйесі арқылы жүргізілген мониторингтің қорытындылары кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

6. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шарасын тізілімге енгізбей оны ұсынуға жол берілмейді.";

6) 97-1-баптың 1-тармағындағы "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының объектісі" деген сөздер "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылым объектісі" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 112-баптың 1 және 3-тармақтарындағы "рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімі", "рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін" деген сөздер тиісінше "рұқсаттар мен хабарламалардың цифрлық тізілімі", "рұқсаттар мен хабарламалардың цифрлық тізілімін" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 138-бапта:

52) тармақшадағы "ақпараттандыру" деген сөз "цифрландыру" деген сөзбен ауыстырылсын;

53) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының" деген сөздер "электрондық құжатқа және электрондық цифрлық қолтаңбаға қойылатын талаптардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

64) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"64) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда зияткерлік меншік құқығы объектілерін пайдалануға";

9) 144-баптың 2-тармағының төртінші және бесінші бөліктеріндегі "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектісінде" деген сөздер "цифрлық үкімет" цифрлық инфрақұрылым объектісінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 144-1-баптың 1-тармағындағы "электрондық ақпараттық ресурстардан" деген сөздер "цифрлық ресурстардан" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 144-2-баптың 1, 3 және 4-тармақтарындағы "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектісінде", "электрондық үкіметтің"

ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы объектісінде" деген сөздер "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылым объектісінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 193-баптың 6-тармағының үшінші бөлігіндегі "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық операторына" деген сөздер "цифрлық үкімет" операторына" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 239-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" деген сөздер "цифрлық технологиялар" деген сөздермен ауыстырылсын

4. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйесінде", "ақпараттық және құқықтық жүйелерге", "электрондық үкімет", "электрондық үкіметтің", деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйесінде", "цифрлық және құқықтық жүйелерге", "цифрлық үкімет", "цифрлық үкіметтің" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне:

1) 1-баптың 1-тармағында:

35-1) тармақшадағы "ақпараттық жүйе" деген сөздер "цифрлық жүйе" деген сөздермен ауыстырылсын;

55-2) және 81) тармақшалардағы "ақпараттық-коммуникациялық технологияларды", "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" деген сөздер тиісінше "цифрлық технологияларды", "цифрлық технологиялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 23-баптың 2-тармағының 6) тармақшасындағы "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" деген сөздер "цифрлық технологиялар" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3) 32-баптың 3-тармағындағы "ақпараттық жүйелері", "электрондық үкіметтің" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйелері", "цифрлық үкіметтің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 65-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" деген сөздер "цифрлық технологиялар" деген сөздермен ауыстырылсын ;

5) 138-баптың 1, 3, 4 және 7-тармақтарындағы "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттандыру объектілерімен", "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттандыру объектілерін" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына сәйкес цифрлық объектілермен", "Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына сәйкес цифрлық объектілерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 159-баптың 3-тармағының үшінші бөлігіндегі "ақпараттық-коммуникациялық технологияларды" деген сөздер "цифрлық технологияларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 179-баптың 10) тармақшасындағы "ақпараттық жүйенің" деген сөздер "цифрлық жүйенің" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 200-баптың үшінші бөлігіндегі "ақпараттық жүйеге" деген сөздер "цифрлық жүйеге" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. 2017 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық-коммуникациялық технологияларды", "электрондық үкіметтің", "электрондық үкімет", "ақпараттық жүйелерді", "ақпараттық жүйелерінде", "ақпараттық жүйесін", "ақпараттық жүйелері", "ақпараттық жүйелерінің", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйелеріне", "ақпараттық жүйелерде", "ақпараттық жүйелерінен", "ақпараттық жүйенің", "ақпараттық жүйесінің", "ақпараттық жүйелердің", "ақпараттық жүйесінде", "ақпараттық жүйелер", "ақпараттық жүйелерін", "ақпараттық жүйесіндегі", "ақпараттық жүйені", "ақпараттық жүйесіне", "ақпараттық жүйелерінің", "ақпараттық жүйесімен", "ақпараттық жүйелерден", "ақпараттық жүйелерінен", "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "ақпараттық-коммуникациялық технологиялары", "ақпараттық жүйелердегі", "ақпараттық жүйелерге", "ақпараттық жүйе" деген сөздер тиісінше "цифрлық технологияларды", "цифрлық үкіметтің", "цифрлық үкімет", "цифрлық жүйелерді", "цифрлық жүйелерінде", "цифрлық жүйесін", "цифрлық жүйелері", "цифрлық жүйелерінің", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйелеріне", "цифрлық жүйелерде", "цифрлық жүйелерінен", "цифрлық жүйенің", "цифрлық жүйесінің", "цифрлық жүйелердің", "цифрлық жүйесінде", "цифрлық жүйелер", "цифрлық жүйелерін", "цифрлық жүйесіндегі", "цифрлық жүйені", "цифрлық жүйесіне", "цифрлық жүйелерінің", "цифрлық жүйесімен", "цифрлық жүйелерден", "цифрлық жүйелерінен", "цифрлық технологиялар", "цифрлық технологиялары" "цифрлық жүйелердегі", "цифрлық жүйелерге", "цифрлық жүйе" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 19-баптың 6-тармағының бірінші бөлігіндегі "ақпараттық қауіпсіздікті және" деген сөздер "киберқауіпсіздікті" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 438-баптың 2-тармағындағы "ақпараттандыру" деген сөз "цифрландыру" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 441-бапта:

тақырыптағы "ақпараттандыруға" деген сөз "цифрландыруға" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "ақпараттандыру туралы" деген сөздер "цифрлық" деген сөзбен ауыстырылсын.

7. 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен", "ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган", "электрондық үкімет", "электрондық үкіметтің", "ақпараттық жүйелерді", "ақпараттық жүйелер", "ақпараттық жүйені", "ақпараттандыру объектілеріндегі", "ақпараттандыру объектілерінде" деген сөздер тиісінше "цифрландыру саласындағы уәкілетті органмен", "цифрландыру саласындағы уәкілетті орган", "цифрлық үкімет", "цифрлық үкіметтің", "цифрлық жүйелерді", "цифрлық жүйелер", "цифрлық жүйені", "цифрлық объектілердегі", "цифрлық объектілерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 4-баптың бірінші бөлігінің 13) тармақшасындағы "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" деген сөздер "цифрлық технологиялар" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3) 43-2, 43-3 және 43-4-баптар алып тасталсын;

4) 45-бапта:

екінші бөліктің бірінші абзацының 2) тармақшасындағы "мемлекеттік ақпараттық ресурстарды" деген сөздер "мемлекеттік цифрлық ресурстарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші, 5-1, алтыншы және жетінші бөліктер алып тасталсын;

5) 47-баптың сегізінші бөлігіндегі "ұлттық, ақпараттық қауіпсіздік" деген сөздер "ұлттық қауіпсіздік, киберқауіпсіздік" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 64-бапта:

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жалпыға бірдей қолжетімді цифрлық жүйелер бойынша келіп түскен және Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін жолданымдар осы Кодексте белгіленген тәртіппен қаралуға жатады.";

бесінші бөліктегі "ақпараттандыру" деген сөз "цифрландыру" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 69-баптың үшінші бөлігінің бірінші абзацындағы "ақпараттық-талдау жүйесін" деген сөздер "цифрлық талдау жүйесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 93-баптың екінші бөлігінің 7) тармақшасы "қолы" деген сөзден кейін "не электрондық цифрлық қолтаңбасы" деген сөздермен толықтырылсын.

8. 2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының кодексіне:

1) бүкіл мәтін бойынша "электрондық ақпараттық ресурс", "ақпараттық жүйе", "электрондық ақпараттық ресурс", "ақпараттық жүйелерді", "ақпараттық жүйелерде", "ақпараттық қауіпсіздікті", "электрондық ақпараттық ресурстар", "электрондық ақпараттық ресурстарды", "ақпараттық жүйелерге", "электрондық ақпараттық ресурстарға", "ақпараттық жүйелердің", "ақпараттық жүйелерден", "электрондық

үкімет", "ақпараттық жүйелерінен", "ақпараттандыру объектілерін", "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды", "электрондық ақпараттық ресурстарына", "ақпараттық-коммуникациялық қызметтер", "ақпараттық жүйелерінде", "электрондық үкіметтің", "электрондық ақпараттық ресурстарын", "ақпараттық қауіпсіздігін", "ақпараттық жүйелерін", "электрондық ақпараттық ресурстың", "ақпараттық-коммуникациялық технологияларды" деген сөздер тиісінше "цифрлық ресурсы", "цифрлық жүйе", "цифрлық ресурс", "цифрлық жүйелерді", "цифрлық жүйелерде", "киберқауіпсіздікті", "цифрлық ресурстар", "цифрлық ресурстарды", "цифрлық жүйелерге", "цифрлық ресурстарға", "цифрлық жүйелердің", "цифрлық жүйелерден", "цифрлық үкімет", "цифрлық жүйелерінен", "цифрлық объектілерін", "цифрлық технологиялар", "мемлекеттік цифрлық ресурстарды", "цифрлық ресурстарына", "цифрлық қызметтер", "цифрлық жүйелерінде", "цифрлық үкіметтің", "цифрлық ресурстарын", "киберқауіпсіздігін", "цифрлық жүйелерін", "цифрлық ресурстың", "цифрлық технологияларды", "цифрлық ресурстарда", "цифрлық ресурстардан", деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7-баптың 30) тармақшасындағы "ақпараттандыру саласындағы" деген сөздер "цифрлық" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 9-баптың 8) тармақшасындағы "ақпараттандыру туралы" деген сөздер "цифрлық" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 59-1-баптағы "ақпараттық-коммуникациялық платформасын" деген сөздер "цифрлық платформасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 62-баптағы "электрондық ақпараттық ресурстарды", "ақпараттандыру туралы", "электрондық ақпараттық ресурстардан" деген сөздер тиісінше "цифрлық ресурстарды", "цифрлық", "цифрлық ресурстардан" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 233-баптың 3-тармағының бірінші бөлігіндегі "тиісті дәріханалық практика (GPP) талаптарын сақтауға міндетті" деген сөздер "тиісті дәріханалық практика (GPP) талаптарын ерікті негізде сақтайды" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 250-баптың 3-тармағы "субъектілер" деген сөзден кейін "осы Кодекстің 233-бабы 3-тармағының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын.

9. 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экология кодексіне:

1) бүкіл мәтін бойынша "электрондық ақпараттық ресурстарға", "ақпараттық жүйесіндегі", "ақпараттық жүйелерді", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық ресурстардың", "ақпараттық жүйесін", "ақпараттық жүйесінің", "ақпараттық жүйесіне", "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйесінде", "ақпараттық жүйені" деген сөздер тиісінше "цифрлық ресурстарға", "цифрлық жүйесіндегі", "цифрлық жүйелерді", "цифрлық жүйесі", "

цифрлық ресурстардың", "цифрлық жүйесін", "цифрлық жүйесінің", "цифрлық жүйесіне", "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйесінде", "цифрлық жүйені" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 170-баптың 6-тармағының 2) тармақшасындағы "ақпараттық-коммуникациялық технологияларды" деген сөздер "цифрлық технологияларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 186-баптың 4-тармағының төртінші бөлігіндегі "ақпараттандыру туралы" деген сөздер "цифрлық" деген сөзбен ауыстырылсын.

10. 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйесін", "ақпараттық жүйелерді", "ақпараттандыру объектілерінің", "ақпараттандыру объектілерімен", "ақпараттық қауіпсіздікті", "ақпараттық жүйелердің", "ақпараттық жүйелерден", "ақпараттық жүйелерінде", "ақпараттандыру саласындағы", "ақпараттық жүйені", "ақпараттық жүйелерінен", "ақпараттық жүйесінің", "электрондық үкіметтің", "электрондық үкімет", "ақпараттық жүйелерге", "ақпараттық технологиялар", "ақпараттық технологияларды", "ақпараттық қауіпсіздік", "ақпараттық жүйесінен", "ақпараттық жүйелері", "ақпараттық жүйесінде", "ақпараттандыру объектісі" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесін", "цифрлық жүйелерді", "цифрлық объектілерінің", "цифрлық объектілерімен", "киберқауіпсіздікті", "цифрлық жүйелердің", "цифрлық жүйелерден", "цифрлық жүйелерінде", "цифрландыру саласындағы", "цифрлық жүйені", "цифрлық жүйелерінен", "цифрлық жүйесінің", "цифрлық үкіметтің", "цифрлық үкімет", "цифрлық жүйелерге", "цифрлық технологиялар", "цифрлық технологияларды", "киберқауіпсіздік", "цифрлық жүйесінен", "цифрлық жүйелері", "цифрлық жүйесінде", "цифрлық объектісі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 12-бапта:

5) тармақшаның отыз үшінші абзацындағы "ақпараттандыру" деген сөз "цифрландыру" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына сәйкес цифрлық жүйелерді қолдана отырып электрондық қызметтер көрсетеді;"

3) 20-баптың 3-тармағының бірінші бөлігіндегі "ақпараттық-коммуникациялық" деген сөздер "цифрлық" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 24-баптың 1-тармағындағы "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық" деген сөздер "цифрлық үкіметтің" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 57-баптың 5-тармағының екінші бөлігіндегі "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының" деген сөздер "Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 66-баптың 4-тармағының 2) тармақшасындағы "ақпараттық-коммуникациялық технологияларды" деген сөздер "цифрлық технологияларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 154-баптың 1-тармағының 6) тармақшасындағы "ақпараттандыру объектілеріне" деген сөздер "цифрлық объектілерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 263-баптың 5-1-тармағы 3) тармақшасының үшінші абзацындағы "ақпараттандыру" деген сөз "цифрландыру" деген сөзбен ауыстырылсын.

11. 2025 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне:

1) бүкіл мәтін бойынша "процесін ақпараттандыру объектілерін", "ақпараттық қауіпсіздігін", "процесін ақпараттандыру объектілеріне", "процесін ақпараттандыру объектілерінің", "ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін", "ақпараттандыру объектілерін", "ақпараттық қауіпсіздікті", "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасының", "кеңестер, ақпараттандыру туралы заңнамасының", "ақпараттық жүйе", "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына", "Ақпараттандыру саласындағы", "ақпараттандыру саласындағы", "ақпараттық жүйеде", "Ақпараттық жүйелерді", "ақпараттық жүйелерді", "ақпараттандыру және байланыс саласындағы" деген сөздер тиісінше "процесінің цифрлық объектілерін", "киберқауіпсіздігін", "процесінің цифрлық объектілеріне", "процесінің цифрлық объектілерінің", "цифрлық инфрақұрылым объектілерін", "цифрлық объектілерін", "киберқауіпсіздікті", "Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасының", "кеңестер туралы, цифрландыру заңнамасының", "цифрлық жүйе", "Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына", "Цифрландыру саласындағы", "цифрландыру саласындағы", "цифрлық жүйеде", "Цифрлық жүйелерді", "цифрлық жүйелерді", "цифрландыру және байланыс саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 9-баптың 2-тармағында:

оныншы бөлік "бойынша мемлекеттік кепілдіктер" деген сөздерден кейін "және жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер" деген сөздермен толықтырылсын;

он бірінші бөліктегі ", мүліктік кешен түріндегі мемлекеттік кәсіпорындардың" деген сөздер алып тасталсын;

3) 30-баптың 1-тармағының 13) тармақшасы мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер жөніндегі міндеттемелерді орындау;"

4) 40-баптың 7-тармағының сегізінші абзацындағы "экспортты қолдау жөніндегі мемлекеттік кепілдіктер", "экспортты қолдау жөніндегі мемлекеттің кепілдіктері" деген сөздер тиісінше "экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер және жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер", "экспортты қолдау бойынша

мемлекеттің кепілдіктері және жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттің кепілдіктері" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 49-баптың 1-тармағының үшінші абзацы "міндеттеме" деген сөзден кейін ", жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекет кепілдік берген міндеттеме" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 86-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы он үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктерін беру лимиті,";

7) 137-баптың 1-тармағында:

2) тармақшадағы "экспортты қолдау бойынша мемлекет кепілдік берген борыштың, " деген сөздер "экспортты қолдау бойынша мемлекет кепілдік берген міндеттеменің, жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекет кепілдік берген міндеттеменің," деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақша мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер берудің,";

5) тармақша "міндеттемелерінің," деген сөзден кейін "жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер жөніндегі міндеттемелердің," деген сөздермен толықтырылсын;

8) мынадай мазмұндағы 144-1 және 144-2-баптармен толықтырылсын:

"144-1-бап. Жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік

1. Қаржыландыру сомасы жеті миллиард теңгеден асатын инвестициялық жобалар бойынша кәсіпкерлікті дамытудың арнаулы қоры берген кепілдіктер жөніндегі міндеттемелерді орындау үшін оның қаражаты жеткіліксіз болған кезде жеке кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі кепілдік шартының талаптарына сәйкес кәсіпкерлікті дамытудың арнаулы қорының қаржы және өзге де ұйымдар алдындағы берешегінің сомасын толық немесе ішінара өтеу бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің оның алдындағы міндеттемесі Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігі болып табылады.

Кәсіпкерлікті дамытудың арнаулы қоры кепілдік төлемдерді жүзеге асырмаған, Қазақстан Республикасының жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігімен қамтамасыз етілген, жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қаржылық қолдау шеңберіндегі кепілдіктер бойынша өтелмеген міндеттемелердің белгілі бір күндегі сомасы жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекет кепілдік берген міндеттеме болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының атынан жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер берудің айрықша құқығына ие болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер

беруді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және нысан бойынша жүзеге асырады.

Жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде республикалық бюджет туралы заңда белгіленген лимит шегінде беріледі.

Тиісті қаржы жылына белгіленген, оның шегінде мемлекеттік кепілдіктер берілуі мүмкін сома мемлекеттік кепілдіктер беру лимиті болып табылады.

Жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік беру лимитін айқындауға арналған сома бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындаған тәртіппен белгіленеді.

Мемлекеттік кепілдіктер беру лимитінің көлемі осы лимит белгіленген тиісті қаржы жылы шегінде ғана пайдаланылуы мүмкін.

3. Жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік алуға үміткер кәсіпкерлікті дамытудың арнаулы қорына мынадай талаптар қойылады:

1) тиісті саланың орталық уәкілетті органының оң салалық қорытындысының болуы;

2) бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысының болуы;

3) бұрын алынған, мемлекет кепілдік берген қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету бойынша берешегінің болмауы және кредиторлар алдында мерзімі өткен берешегінің болмауы;

4) төлемге қабілетті болуы, таратуға жатпауы, мүлкіне тыйым салынбауы тиіс, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрмауы тиіс;

5) кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі арнаулы қор жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдікті алуға жүгінген кезге дейінгі соңғы бес жылдағы нақты жүзеге асырылған кепілдік төлемдерінің көлемі меншікті капитал көлемінің он бес пайызынан аспауға тиіс. Бұл ретте кепілдік төлемдер көлемі кепілдік беру шеңберінде өтелген кепілдік төлемдер сомасы шегеріле отырып көрсетіледі.

4. Жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру үшін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның экономикалық қорытындысы мен тиісті саланың орталық уәкілетті органының салалық қорытындысын әзірлеуге немесе түзетуге қойылатын талаптарды кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бюджетті атқару және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша белгілейді.

5. Жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Кодекстің 144-2-бабына сәйкес кепілгердің міндеттемелерін орындау кезінде жұмсайтын бюджет қаражатын кәсіпкерлікті дамытудың арнаулы қорының қайтаруы шарттарымен жүзеге асырылады.

Жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік бергені үшін арнаулы қордан жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік сомасының 0,2 пайызы мөлшерінде алдын ала біржолғы төлемақы (алым) алынады.

Жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік беру жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен ресімделгеннен және мемлекеттік қазынашылықта тіркелгеннен кейін жүзеге асырылады.

Жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік беру туралы келісім тараптардың жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік беру, жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік жөніндегі міндеттемелер орындалған жағдайда бөлінген республикалық бюджет қаражатын қайтару жөніндегі құқықтық қатынастарын белгілейтін, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, сенім білдірілген өкіл (агент) мен арнаулы қор арасындағы келісім болып табылады.

6. Жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша берілетін мемлекеттік кепілдіктер Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен мемлекеттік қазынашылықта тіркелуге және есепке алынуға жатады.

7. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекет кепілдік берген міндеттемені мониторингтеуді жүзеге асырады.

Жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдігі бар арнаулы қордың қаржылық жай-күйін мониторингтеу бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

144-2-бап. Жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдікті орындау

1. Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қаржылық қолдау шеңберінде кәсіпкерлікті дамытудың арнаулы қоры берген кепілдіктер бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін кәсіпкерлікті дамытудың арнаулы қорының қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік орындалуға жатады.

2. Жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік қаржыландыру сомасы жеті миллиард теңгеден асатын жобалар бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттемелеріне кепілдік беру мақсаттарына арналған резервті және арнаулы қордың меншікті капиталын қалыптастыру үшін арнаулы қорға бөлінген қаражат қалдығы шегеріле отырып, кепілдік төлемдердің жабылмаған сомасының бір бөлігіне ғана орындалады.

3. Жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік жөніндегі міндеттемелерді орындау жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік жөніндегі міндеттемелерді орындау талаптары қойылған күннен бастап он сегіз ай

ішінде, республикалық бюджет туралы заңда көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

4. Жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік жөніндегі міндеттемелерді орындауға бөлінген қаражатты кәсіпкерлікті дамытудың арнаулы қоры кепілдік төлемдерін өтеу қаражаты және өзге де қаржы көздері есебінен республикалық бюджетке қайтаруға тиіс.

Жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдікті орындауға республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты қайтару шарттары, мерзімдері, сыйақы мөлшерлемелері және тәртібі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, сенім білдірілген өкіл (агент) мен кәсіпкерлікті дамытудың арнаулы қоры арасында жасалатын жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдікті беру туралы келісімде айқындалады.

5. Жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік өз қолданысын мынадай:

1) жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша кепілдік шартында жазылған міндеттемелер толық орындалған;

2) оның қолданылу мерзімі өткен жағдайларда тоқтатады.";

9) 148-баптың 4-тармағының 1) тармақшасындағы "ақпараттандыру объектілерін" деген сөздер "цифрлық үкіметтің" технологиялық жағынан күрделі цифрлық объектілерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 149-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына сәйкес техникалық тапсырма әзірленетін, "цифрлық үкіметтің" технологиялық жағынан күрделі цифрлық объектілерін құруды және дамытуды көздейтін бюджеттік инвестициялық жоба;"

11) 168-баптың 2-тармағының тоғызыншы бөлігі "бойынша мемлекеттік кепілдіктер" деген сөздерден кейін ", жеке кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік кепілдіктер" деген сөздермен толықтырылсын.

12. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

8-3) тармақшадағы "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйе" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйе" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-4) тармақшадағы "ақпараттық жүйесінің" деген сөздер "цифрлық жүйесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-баптың екінші бөлігінің сегізінші абзацындағы "ақпараттық-коммуникациялық технологияларды" деген сөздер "цифрлық технологияларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 6-2-бапта:

тақырып пен 1 және 2-тармақтардағы "ақпараттық жүйесінің" деген сөздер "цифрлық жүйесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

"ақпараттық жүйесінің" деген сөздер "цифрлық жүйесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ақпараттық жүйесінде" деген сөздер "цифрлық жүйесінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

4, 5 және 6-тармақтардағы "ақпараттық жүйесінің" деген сөздер "цифрлық жүйесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 24-2-баптың 1-тармағы:

"жүретін жолаушыларды" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының аумағы бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

"пайдаланушылары" деген сөзден кейін "цифрлық жүйелерден берілетін цифрлық ресурстарды қоса алғанда," деген сөздермен толықтырылсын.

13. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-1-баптың 3) тармақшасындағы "ақпараттық қауіпсіздік" деген сөздер "киберқауіпсіздік" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 2-тарау мынадай мазмұндағы 11-1-баппен толықтырылсын:

"11-1-бап. Арнаулы сараптама кеңесі

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті арнаулы сараптама кеңесін құрады.

2. Арнаулы сараптама кеңесі ұлттық қауіпсіздік органдарын цифрландыру саласындағы мәселелерді қарайды және ұсыныстар және (немесе) ұсынымдар әзірлейді.

3. Арнаулы сараптама кеңесінің ережесі мен құрамы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті бірінші басшысының бұйрығымен бекітіледі.

4. Арнаулы сараптама кеңесі өз қызметін тұрақты негізде жүзеге асырады.";

3) 12-баптың 22) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерінен" деген сөздер "цифрлық жүйелерінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 13-бапта:

14) тармақшадағы "ақпараттық жүйелерінен", "электрондық ақпараттық ресурстарды" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйелерінен", "цифрлық ресурстарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) тармақшадағы "ақпараттық жүйелер" деген сөздер "цифрлық жүйелер" деген сөздермен ауыстырылсын;

21-2) және 21-3) тармақшалардағы "электрондық үкіметтің" деген сөздер "цифрлық үкіметтің" деген сөздермен ауыстырылсын;

21-8) тармақшадағы "ақпараттық қауіпсіздіктің" деген сөздер "киберқауіпсіздіктің" деген сөзбен ауыстырылсын.

14. "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" 1996 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-баптың 14-1) тармақшасындағы "электрондық ақпараттық ресурс" деген сөздер "цифрлық ресурс" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 26-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сыйақының мөлшерін, оны жинау, бөлу және төлеу тәртібін, сондай-ақ сараптама ұйымының нақты шығыстарын жабуға арналған соманы айқындау тәртібін уәкілетті орган белгілейді.";

3) 43-баптың 4-тармағының бірінші бөлігіндегі "жазбаша шарттардың" деген сөздер "бірыңғай цифрлық платформа арқылы жасалған шарттардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 44-баптың 5-тармағында:

екінші бөліктегі "ұйым шотына" деген сөздер "ұйымның сыйақыны жинауға, бөлуге, төлеуге және сақтауға арналған ағымдағы шотына" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Авторлық және сабақтас құқықтардың нақты иеленушілеріне бөлінген және олардың есебіне жазылған жиналған сыйақы сомалары құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымның сыйақыны жинауға, бөлуге, төлеуге және сақтауға арналған ағымдағы шотында сақталуға және сыйақыны жинауға, бөлуге, төлеуге және сақтауға арналған ағымдағы шотта мұндай сомалардың сақталу мерзіміне қарамастан, тиісті авторға және (немесе) құқық иеленушіге мұндай тұлғалардың табылуына немесе жүгінуіне қарай төленуге тиіс.";

5) 46-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігінде:

2) тармақшаның бірінші бөлігі үшінші сөйлемнен кейін мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші және алтыншы сөйлемдермен толықтырылсын:

"Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымның нақты шығыстары, уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес бірыңғай цифрлық платформаны пайдалану жөніндегі нақты шығыстарды да қамтиды. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар арасында мүдделерді өзара білдіру туралы шарттар жасалған кезде ұйымдардың шығыстары ұйымның осы тармақшада белгіленген шығыстарының мөлшері шегінде тараптардың келісімі бойынша айқындалады. Басқа ұйымнан түскен жиналған сыйақы сомасынан қайта ұстап қалуға жол берілмейді.";

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) өзіне басқаруға берілген құқықтар туралы ақпаратты уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес интернет-ресурста және бірыңғай цифрлық платформада орналастыруға;"

мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйым сыйақыны жинау, бөлу, төлеу және сақтау үшін банкте ағымдағы шот және өз қызметін жүзеге асыру мен ұйымның нақты шығыстарын жабу үшін ағымдағы шот ашуға міндетті.

Аталған шоттар бойынша операциялар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және уәкілетті орган белгілеген бағыттар бойынша тек қана қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

4. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйым жиналған сыйақыны нысаналы пайдалануды қамтамасыз ету, сондай-ақ қағидаларда айқындалған тәртіппен бюджетке салықтарды төлеудің толықтығын қамтамасыз ету мақсатында сыйақыны жинауға, бөлуге, төлеуге және сақтауға арналған ағымдағы шот бойынша ақшаның қозғалысы туралы мәліметтерді бірыңғай цифрлық платформада ақпараттық орналастыруды қамтамасыз етуге міндетті.";

б) 47-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Фонограмма авторларының, орындаушыларының, шығарушылардың немесе авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды өзге де иеленушілердің құқықтарын ұжымдық басқару жөніндегі ұйым жиналған, бөлінген, бөлінбеген, төленген, төленбеген, талап етілмеген сыйақылар, сондай-ақ сыйақыны жинау, бөлу және төлеу жөніндегі шығыстарды жабуға бағытталған сомалар туралы мәліметтерді қоса алғанда, жылдық балансты, жылдық есепті бірыңғай цифрлық платформа арқылы уәкілетті органға жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

Алдыңғы жылдары авторлық сыйақыны толық бөлу және төлеу қамтамасыз етілмеген жағдайда, осы сыйақы сомалары жөніндегі ақпарат авторлық сыйақы толық төленгенге дейін ұсынылады.

Шетелдік ұйымдарға аударылған сомалар туралы ақпарат және авторлар мен құқық иеленушілерге төлемдердің сомалары бойынша нақтылаулар есепті жылдан кейінгі жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірілмей бірыңғай цифрлық платформа арқылы беріледі .".

15. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттандыру саласындағы", "ақпараттандыру объектілерінің", "ақпараттық қауіпсіздікті", "ақпараттық қауіпсіздіктің", "ақпараттандыру объектілері", "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасына", "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына", "ақпараттандыру объектілерін", "ақпараттық қауіпсіздігін", "ақпараттандыру объектілеріне", "ақпараттандыру объектісі", "ақпараттандыру объектісін", "ақпараттандыру объектісінде", "электрондық үкімет" ақпараттандыру объектісі", "ақпараттандыру объектілерінде" деген сөздер тиісінше "цифрландыру саласындағы", "

цифрлық объектілердің", "киберқауіпсіздікті", "киберқауіпсіздіктің", "цифрлық объектілер", "цифрлық үкіметтің" цифрлық платформасына", "Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына", "цифрлық объектілерді", "киберқауіпсіздігін", "цифрлық объектілерге", "цифрлық объект", "цифрлық объектіні", "цифрлық объектіде", "цифрлық үкімет" цифрлық объектісі", "цифрлық объектілерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 10-6-бапта:

тақырыптағы "ақпараттандыру объектілері мен субъектілері" деген сөздер "цифрлық ортаның цифрлық объектілері мен субъектілері" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 және 2-1-тармақтардағы "ақпараттандыру субъектілері" деген сөздер "цифрлық орта субъектілері" деген сөздермен ауыстырылсын.

16. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 22-бапта:

тақырыптағы "ақпараттандыру" деген сөз "цифрландыру" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "Ақпараттандыру объектілерінің", "мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды", "ақпараттандыру объектілерін" деген сөздер тиісінше "Цифрлық объектілердің", "мемлекеттік цифрлық ресурстарды", "цифрлық объектілерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 25-6-бапта:

4-тармақтың 2) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерге" деген сөздер "цифрлық жүйелерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың 2) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерге" деген сөздер "цифрлық жүйелерге" деген сөздермен ауыстырылсын.

17. "Нотариат туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйені", "ақпараттық жүйеден", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйенің", "ақпараттық жүйеге", "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйесіне", "ақпараттық жүйеде", "ақпараттық жүйелерінен", "ақпараттық жүйемен" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйені", "цифрлық жүйеден", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйенің", "цифрлық жүйеге", "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйесіне", "цифрлық жүйеде", "цифрлық жүйелерінен", "цифрлық жүйемен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-баптың 10-тармағы 5-1) тармақшасының екінші бөлігіндегі "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексіне және "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 4-1-баптың 6-тармағындағы "ақпараттандыру", "ақпараттық қауіпсіздікті" деген сөздер тиісінше "цифрландыру", "киберқауіпсіздікті" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 4-2-баптың 2-тармағындағы "ақпараттандыру" деген сөз "цифрландыру" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 18-баптың 3-2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-2) бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйемен жұмыс істеу кезінде Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасының талаптарын сақтауға";

6) 99-2-баптың екінші бөлігіндегі "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексіне" деген сөздермен ауыстырылсын.

18. "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйелерді", "ақпараттық жүйелер", "ақпараттық жүйелерінде", "ақпараттық жүйесіне" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйелерді", "цифрлық жүйелер", "цифрлық жүйелерінде", "цифрлық жүйесіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 9-баптың 2) тармағының екінші бөлігіндегі "электрондық үкіметтің" деген сөздер "цифрлық үкіметтің" деген сөздермен ауыстырылсын.

19. "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" 1998 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

3-баптың 18) тармақшасындағы "ақпараттандыру" деген сөз "цифрландыру" деген сөзбен ауыстырылсын.

20. "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 13-баптың 13-2) тармақшасындағы "электрондық тізілімін" деген сөздер "цифрлық тізілімін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 16-баптың 2-1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) цифрлық жүйелерден";

3) 16-2-баптың 10-тармағында:

бірінші бөліктегі "ақпараттық жүйелерден" деген сөздер "цифрлық жүйелерден" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "электрондық үкімет" деген сөздер "цифрлық үкімет" деген сөздермен ауыстырылсын.

21. "Аудиторлық қызмет туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 6) тармақшасындағы "жазбаша" деген сөз "жазбаша немесе электрондық" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7-баптың 4) тармақшасындағы "ақпараттандыру саласындағы" деген сөздер "цифрландыру саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 10-баптың 1-тармағындағы "ақпараттандыру саласындағы" деген сөздер "цифрландыру саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 13-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "Біліктілік комиссиясы айқындайтын бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады" деген сөздер "кәсіптік кеңестің, уәкілетті органның интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады, сондай-ақ қаржылық есептілік депозитарийінде орналастырылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 15-баптың екінші бөлігіндегі "бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды" деген сөздер "өзінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды, сондай-ақ ол қаржылық есептілік депозитарийінде орналастырылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 18-баптың 2-тармағында:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жазбаша түрде жасалған аудиторлық есепке біліктілік куәлігінің берілген күні мен нөмірін көрсете отырып, атқарушы аудитор қол қояды, оны жеке мөрімен куәландырылады, аудиторлық ұйым басшысының қолтаңбасымен бекітіледі, аудиторлық ұйымның мөрімен расталады және ол аудиторлық есеп жасалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қаржылық есептілік депозитарийінде тіркелуге жатады."; мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Аудиторлық есеп қаржылық есептілік депозитарийінде электрондық түрде қалыптастырылады. Бұл ретте электрондық аудиторлық есепті қаржылық есептілік депозитарийінде тіркеу талап етілмейді.";

7) 21-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) өз қызметін осы аудиторлық ұйымның құрамында аудитор ретінде жүзеге асыратын аудиторлар жөніндегі мәліметтерді жаңартып отыруды жүргізуге;"

22. "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 25) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"25) "цифрлық үкіметтің" сервистік интеграторы – "цифрлық үкімет" архитектурасын дамытуды әдіснамалық қамтамасыз ету жөніндегі функциялар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасында көзделген өзге де функциялар жүктелген, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға .";

23. "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 14-баптың 2-тармағының үшінші бөлігіндегі "ақпараттандыру саласындағы" деген сөздер "цифрландыру саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 15-баптың 2-тармағының төртінші бөлігіндегі "ақпараттандыру саласындағы" деген сөздер "цифрландыру саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 19-баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 13) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерін" деген сөздер "цифрлық жүйелерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 30-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерге" деген сөздер "цифрлық жүйелерге" деген сөздермен ауыстырылсын.

24. "Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

10-баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) цифрлық жүйелердегі;".

25. "Мемлекеттік құпиялар туралы" 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйе", "электрондық ақпараттық ресурс", "электрондық-цифрлық нысанда", "ақпараттық жүйелерде", "электрондық ақпараттық ресурстар", "ақпараттық жүйелер" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйе", "цифрлық ресурс", "цифрлық нысанда", "цифрлық жүйелерде", "цифрлық ресурстар", "цифрлық жүйелер" деген сөздермен ауыстырылсын.

26. "Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 5-1-баптың 1-тармағының 1) және 3) тармақшаларындағы "ақпараттық жүйесінен", "ақпараттық жүйелерден" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесінен", "цифрлық жүйелерден" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 5-2-баптағы "ақпараттық жүйелерден" деген сөздер "цифрлық жүйелерден" деген сөздермен ауыстырылсын.

27. "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 23-4-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелер" деген сөздер "цифрлық жүйелер" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 23-5-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерге" деген сөздер "цифрлық жүйелерге" деген сөздермен ауыстырылсын.

28. "Күзет қызметі туралы" 2000 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

18-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі "ақпараттандыру" деген сөз "цифрландыру" деген сөзбен ауыстырылсын.

29. "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "Электрондық ақпараттық ресурстар", "электрондық ақпараттық ресурстар", "ақпараттық жүйесін", "электрондық үкімет", "ақпараттық қауіпсіздік", "ақпараттық технологиялар", "ақпараттық технологияларды", "электрондық ақпараттық ресурстармен", "ақпараттық жүйелерді", "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының", "ақпараттық жүйелері", "ақпараттық жүйеде", "ақпараттық жүйелерінен" деген сөздер тиісінше "Цифрлық ресурстар", "цифрлық ресурстар", "цифрлық жүйесін", "цифрлық үкімет", "киберқауіпсіздік", "цифрлық технологиялар", "цифрлық технологияларды", "цифрлық ресурстармен", "цифрлық жүйелерді", "Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің", "цифрлық жүйелері", "цифрлық жүйеде", "цифрлық жүйелерінен" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2) 79-баптың 7-тармағында:

4) тармақшадағы "ақпараттандыру объектілерінде" деген сөздер "цифрлық объектілерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақшадағы "электрондық дерекқорды" деген сөздер "цифрлық дерекқорды" деген сөздермен ауыстырылсын.

30. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 27-баптың 1-тармағының 21-1), 21-2) және 21-4) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"21-1) Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде цифрлық жүйелерді қолдана отырып электрондық қызметтер көрсетеді;

21-2) "Мекенжай тіркелімі" цифрлық жүйесін жүргізуді және толықтыруды қамтамасыз етеді";

"21-4) цифрландыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша "Мекенжай тіркелімі" цифрлық жүйесіне тіркеу тәртібін және мекенжайдың құрылымы туралы ережені әзірлейді және бекітеді";

2) 31-баптың 1-тармағының 17-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"17-1) Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде цифрлық жүйелерді қолдана отырып электрондық қызметтер көрсетеді";

31. "Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1-бапта:

1) тармақшадағы "жылдамдығын тіркейтін сертификатталған арнаулы бақылау-өлшеу техникалық құралдарының, аспаптар мен жабдықтардың" деген сөздер "жылдамдығын анықтайтын немесе тіркеп-белгілейтін сертификатталған арнаулы бақылау-өлшеу техникалық құралдары мен аспаптарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

15-1) және 15-3) тармақшалардағы "ақпараттық жүйесі" деген сөздер "цифрлық жүйесі" деген сөздермен ауыстырылсын.

32. "Теміржол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 43-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "ақпараттық жүйелерін" деген сөздер "цифрлық жүйелерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 88-6-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "ақпараттық жүйелер" деген сөздер "цифрлық жүйелер" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 89-1-баптың 3-тармағындағы "ақпараттық жүйелеріндегі" деген сөздер "цифрлық жүйелеріндегі" деген сөздермен ауыстырылсын.

33. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

43-1-баптың 1-тармағындағы "ақпараттық жүйелер" деген сөздер "цифрлық жүйелер" деген сөздермен ауыстырылсын.

34. "Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 12-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "ақпараттық жүйелерінен" деген сөздер "цифрлық жүйелерінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 15-баптың 5) тармақшасындағы "ақпараттандыруды", "ақпараттық жүйесін" деген сөздер тиісінше "цифрландыруды", "цифрлық жүйесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 22-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"22-1-бап. Зияткерлік меншік құқығы саласындағы мемлекеттік бақылау

Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың қызметін, сондай-ақ авторлық құқық және сабақтас құқықтар бөлігінде зияткерлік меншік құқығы объектілерінің, тауар белгісінің, қызмет көрсету белгісінің, географиялық нұсқаманың, тауар шығарылған жер атауының немесе фирмалық атаудың пайдаланылуын мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.";

4) 24-баптың 8-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-1) Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына сәйкес цифрлық жүйелерді қолдана отырып электрондық қызметтер көрсетуге;".

35. "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

15-1-баптың 3-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) цифрлық жүйелерден;".

36. "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 10-бапта:

1-тармақтың 4-1) тармақшасындағы "электрондық тізілімін" деген сөздер "цифрлық тізілімін" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-1-тармақтың 4-1) тармақшасындағы "электрондық тізілімін" деген сөздер "цифрлық тізілімін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 13-1-баптың 7-тармағындағы "ақпараттық жүйелерден" деген сөздер "цифрлық жүйелерден" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 14-1-баптың 7-1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) цифрлық жүйелерден;"

37. "Тұқым шаруашылығы туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

6-1-баптың 5) тармақшасындағы "электрондық тізілімін" деген сөздер "цифрлық тізілімін" деген сөздермен ауыстырылсын.

38. "Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "электрондық ақпараттық ресурстар", "Электрондық ақпараттық ресурстар", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйелерінде" деген сөздер тиісінше "цифрлық ресурстар", "Цифрлық ресурстар", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйелерінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

39. "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "электрондық ақпараттық ресурстар", "Электрондық ақпараттық ресурстар" деген сөздер тиісінше "цифрлық ресурстар", "Цифрлық ресурстар" деген сөздермен ауыстырылсын.

40. "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

15-19-баптың 6-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "электрондық үкіметтің" деген сөздер "цифрлық үкіметтің" деген сөздермен ауыстырылсын.

41. "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

1) тармақшадағы "автоматтандырылған ақпараттық жүйе" деген сөздер "автоматтандырылған цифрлық жүйе" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-1) тармақшадағы "тіркейтін сертификатталған арнаулы бақылау-өлшеу техникалық құралдарының, аспаптар мен жабдықтардың" деген сөздер "анықтайтын немесе тіркеп-белгілейтін сертификатталған бақылау-өлшеу техникалық құралдары мен аспаптарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-3) тармақшадағы " тасымалдау қызметін басқаруды, мониторингтеу мен бақылауды қамтамасыз ететін өзара байланысты автоматтандырылған жүйелердің, оның ішінде автоматты режимде жұмыс істейтін, автомобиль көлігі және жол жүрісі саласындағы құқық бұзушылықтарды тіркейтін сертификатталған арнаулы бақылау-өлшеу техникалық құралдарының, аспаптары мен жабдықтарының" деген сөздер "жолаушыларды, багажды, жүктерді және пошта жөнелтілімдерін тасымалдау қызметін басқаруды, мониторингтеу мен бақылауды қамтамасыз ететін өзара байланысты автоматтандырылған жүйелердің, сондай-ақ автоматты режимде жұмыс істейтін, Қазақстан Республикасының жол жүрісі және автомобиль көлігі туралы заңнамасын бұзушылықты анықтайтын немесе тіркеп-белгілейтін техникалық құралдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) тармақшадағы "ақпараттық жүйе" деген сөздер "цифрлық жүйе" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 19-17-баптың 1-тармағындағы "ақпараттық жүйелер" деген сөздер "цифрлық жүйелердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 21-баптың 4-1-тармағындағы "ақпараттық жүйесі" деген сөздер "цифрлық жүйесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 26-баптың 4-тармағының екінші бөлігіндегі "электрондық тізілімінде" деген сөздер "цифрлық тізілімінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

42. "Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" 2003 жылғы 4 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 13-баптың 12-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12-1) Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына сәйкес цифрлық жүйелерді қолдана отырып электрондық қызметтер көрсетеді;"

2) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Меншіктің мемлекеттік мониторингінің цифрлық дерекқоры

1. Меншіктің мемлекеттік мониторингінің цифрлық дерекқоры мониторинг объектілері туралы қысқаша құқықтық, техникалық және экономикалық ақпаратты қамтиды. Оны жүргізуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Жеке және заңды тұлғалар туралы тіркелімдер мен цифрлық дерекқорларды жасайтын және жүргізетін мемлекеттік органдар мен ұйымдар меншіктің мемлекеттік мониторингінің цифрлық дерекқорын қалыптастыру және жаңарту үшін қажетті ақпаратты уәкілетті органға өтеусіз негізде береді.

3. Меншіктің мемлекеттік мониторингінің ақпаратына қолжетімділік уәкілетті орган белгілеген тәртіппен беріледі."

43. "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "электрондық ақпараттық ресурстары", "мемлекеттік құқықтық ақпараттық статистикалық жүйенің", "ақпараттық жүйелер", "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "электрондық ақпараттық ресурстарды", "ақпараттық жүйелердің", "ақпараттық-коммуникациялық технологияларды", "ақпараттық жүйелерінен", "ақпараттық жүйелерден", "электрондық ақпараттық ресурстардың", "электрондық ақпараттық ресурстармен", "ақпараттық жүйе" деген сөздер тиісінше "цифрлық ресурстары", "мемлекеттік цифрлық құқықтық статистикалық жүйенің", "цифрлық жүйелер", "цифрлық технологиялар", "цифрлық ресурстарды", "цифрлық жүйелердің", "цифрлық технологияларды", "цифрлық жүйелерінен", "цифрлық жүйелерден", "цифрлық ресурстардың", "цифрлық ресурстармен", "цифрлық жүйе" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-баптың бірінші бөлігі 12-3) тармақшасының екінші абзацындағы "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы" деген сөздер "цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 16-1-бапта:

2-тармақтағы "ақпараттандыру туралы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының цифрлық" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "ақпараттандыру" деген сөз "цифрландыру" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 16-2-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін электрондық құжат нысанындағы сұрау салудың қағаз жеткізгіштегі құжатпен мәні бірдей болады.";

5) 16-3-баптың 1 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесін пайдаланушылар сұрау салудың негізділігін, алынған ақпараттың тек қана сұрау салуда мәлімделген мақсаттарда пайдалануын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасының және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының сақталуын қамтамасыз етеді.";

"5. Лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасының және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.".

44. "Туристі міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 31 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "Электрондық ақпараттық ресурстар", "электрондық ақпараттық ресурстар", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйелерінде" деген сөздер

тиісінше "Цифрлық ресурстар", "цифрлық ресурстар", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйелерінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

45. "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйесінің", "ақпараттық жүйесін", "ақпараттық ресурс", "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "ақпараттық-коммуникациялық технологияларды", "ақпараттық жүйелерінде", "ақпараттық жүйеде", "ақпараттық жүйесіне", "ақпараттық ресурстардың", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйеге", "ақпараттық ресурстар" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесінің", "цифрлық жүйесін", "цифрлық ресурс", "цифрлық технологиялар", "цифрлық технологияларды", "цифрлық жүйелерінде", "цифрлық жүйеде", "цифрлық жүйесіне", "цифрлық ресурстардың", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйеге", "цифрлық ресурстар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 22-6-баптың 4-тармағының бірінші бөлігіндегі "электрондық ақпараттық ресурстар" деген сөздер "цифрлық ресурстар" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 29-1-баптың 3-тармағының 1) тармақшасындағы "ақпараттық ресурстарда" деген сөздер "цифрлық ресурстарда" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 29-2-баптың 3) тармақшасындағы "электрондық" деген сөз "цифрлық" деген сөзбен ауыстырылсын.

46. "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйелер", "ақпараттық қауіпсіздікті", "Ақпараттық қауіпсіздікті", "ақпараттық қауіпсіздігін", "электрондық үкіметтің", "ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы", "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторының", "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына", "ақпараттық қауіпсіздіктің", "Ақпараттық қауіпсіздіктің", "ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның", "ақпараттық қауіпсіздік оқыс оқиғаларына" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйелер", "киберқауіпсіздікті", "Киберқауіпсіздікті", "киберқауіпсіздігін", "цифрлық үкіметтің", "цифрлық инфрақұрылымы", "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымы операторының", "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымы операторына", "киберқауіпсіздіктің", "Киберқауіпсіздіктің", "цифрлық инфрақұрылымның", "киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-бапта:

мынадай мазмұндағы 13-2) тармақшамен толықтырылсын:

"13-2) байланыс желісінің иесі – Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген, телекоммуникацияларға немесе пошта байланысына арналған байланыс құралдары мен желілері тиесілі және басқарушылық, ұйымдастырушылық, ішкі өндірістік

мақсаттарды іске асыру кезінде байланыс қызметтерін көрсетуді және (немесе) байланысты ұсынуды қамтамасыз ететін жеке немесе заңды тұлға;"

16) тармақша "байланыс операторларының" деген сөздерден кейін "және (немесе) байланыс желілері иелерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 31-1) тармақшамен толықтырылсын:

"31-1) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган – киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;"

44-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"44-1) президенттік байланыс – Қазақстан Республикасы Президентінің қызметін қамтамасыз етуге арналған байланыс;"

3) 3-бапта:

1-тармақ "негізделеді," деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінен," деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңнан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.";

4) мынадай мазмұндағы 8-1-баппен толықтырылсын:

"8-1-бап. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

1) өз құзыреті шегінде байланыс саласындағы қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;

2) байланыс желілерінде цифрландыру саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

3) киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғалары анықталған кезде байланыс қызметтерін көрсетуді тоқтата тұру тәртібінің қағидаларын бекіту;

4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

5) 9-баптың 2-тармағында:

1) тармақшадағы "радиожиилік спектрін бөліп беру және пайдалану мәселелері, радиоэлектрондық құралдар мен жоғарғы жиілікті құрылғыларды пайдалану" деген сөздер "радиоэлектрондық құралдар мен жоғарғы жиілікті құрылғыларды пайдалану бойынша радиожиилік спектрін бөліп беру, қайта бөліп беру (пайдалануды қайта құрылымдау) және пайдалану мәселелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) Қазақстан Республикасының радиоқызметтері арасында Жиілік белдеулерін бөлудің ұлттық кестесін және радиожіілік спектрін перспективалық пайдалану жоспарын қайта қарау;"

6) 9-1-баптың 1-тармағы 8) тармақшасындағы "келісуді жүзеге асырады." деген сөздер "келісуді;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9) және 10) тармақшаларымен толықтырылсын:

"9) радиожіілік спектрін перспективалық пайдалану жоспарын әзірлеуді;

10) байланыс сапасының жай-күйі бойынша талдамалық жұмыстарды жүргізуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасында азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар үшін радиожііліктерді іріктеуді жүзеге асырады.";

7) 12-бапта:

тақырып "бөліп беру," деген сөздерден кейін "қайта бөліп беру (пайдалануды қайта құрылымдау)," деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың екінші бөлігі "техникалық өлшемдері," деген сөздерден кейін " радиожіілік спектрін перспективалық пайдалану жоспарына сәйкес рұқсаттың қолданылу мерзімі," деген сөздермен толықтырылсын;

8-1-тармақтың 6) тармақшасының үшінші абзацы "мақсатында" деген сөзден кейін " , оның ішінде радиожіілік спектрін перспективалық пайдалану жоспарына сәйкес жиілік белдеулері перспективалық технологияларға ауыстырылған жағдайда" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 15-бапта:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) байланыс саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен абоненттер және (немесе) байланыс қызметтерін пайдаланушылар туралы қызметтік ақпаратты жинауды және сақтауды жүзеге асыруға міндетті. Абоненттер және (немесе) байланыс қызметтерін пайдаланушылар туралы қызметтік ақпаратты сақтау Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылады. Шетелдегі Қазақстан Республикасының абоненттеріне байланыс қызметтерін көрсету жағдайларын қоспағанда, қызметтік ақпаратты Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге беруге тыйым салынады;"

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Байланыс операторларында ішкі антифрод жүйелерінің болуы және олар санкцияланбаған трафикті (фрод) бұғаттауға міндетті. Осы мақсатта телекоммуникация желілерінде санкцияланбаған трафикті анықтау және киберқауіпсіздік талаптарын сақтау үшін жабдық орнатылады.";

9) 21-бапта:

2-тармақтың бірінші абзацындағы "Президенттік байланыс" деген сөздер " Президенттік және үкіметтік байланыс" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Функционалдық міндеттеріне сымды телефон байланысы, ұялы, спутниктік және басқа да сымсыз телефон байланысы желілерінің коммутациялық жабдығының (станциялардың, кіші станциялардың, концентраторлардың), деректерді беру желілерінің, сондай-ақ жедел-ізвестіру және қарсы барлау іс-шараларын жүргізу құралдарының жұмыс істеуі және оларға қызмет көрсету, сондай-ақ қызметтік ақпаратты жинау мен сақтауды қамтамасыз ететін жүйелерге қызмет көрсету кіретін байланыс операторлары мен байланыс желілері иелерінің жұмыскерлері Қазақстан Республикасының азаматтары болуға тиіс. Байланыс операторларының өз байланыс желілерін қандай да бір басқару түрінде өзге тұлғаларға беруіне тыйым салынады.";

10) 36-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Байланыс операторынан және (немесе) байланыс желісінің иесінен қызметтік ақпаратты алуға абоненттің және (немесе) пайдаланушының келісімімен және осы Заңда және Қазақстан Республикасының "Жедел-ізвестіру қызметі туралы", "Қарсы барлау қызметі туралы" заңдарында көзделген жағдайларда ғана рұқсат етіледі.";

11) 9-тарау мынадай мазмұндағы 39-3-баппен толықтырылсын:

"39-3-бап. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі

1. Байланыс операторлары тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастырады және бекітеді, онда байланыс қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге және байланыс желілерінде алаяқтықты болғызбауға бағытталған іс-шаралар да қамтылуға тиіс.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

2. Байланыс операторы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен және мерзімдерде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі туралы ақпарат береді.";

12) 40-баптың 1-4-тармағының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығынан, киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою қызметінен, киберқауіпсіздіктің жедел орталығынан аса маңызды цифрлық объектілердің жұмыс істеуін тоқтата тұруға алып келуі мүмкін киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы хабарлар келіп түскен кезде шектеуге міндетті.".

47. "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "электрондық үкімет", "электрондық ақпараттық ресурстары", "электрондық ақпараттық ресурстар", "ақпараттық-коммуникациялық технологияларды", "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "ақпараттандыру объектілері" деген сөздер тиісінше "цифрлық үкімет", "цифрлық ресурстары", "цифрлық ресурстар", "цифрлық технологияларды", "цифрлық технологиялар", "цифрлық объектілері" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-баптың 3) тармақшасындағы "ақпараттық жүйені" деген сөздер "цифрлық жүйені" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 23-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі "ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның ақпарат алмасудың электрондық шлюзін пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы" деген сөздер "цифрландыру саласындағы уәкілетті органның ақпарат алмасудың электрондық шлюзін пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының цифрлық" деген сөздермен ауыстырылсын.

48. "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

17-2-баптың 1-тармағындағы "ақпараттық жүйелер" деген сөздер "цифрлық жүйелердің" деген сөздермен ауыстырылсын.

49. "Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "электрондық ақпараттық ресурстар", "Электрондық ақпараттық ресурстар", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйелерінде" деген сөздер тиісінше "цифрлық ресурстар", "Цифрлық ресурстар", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйелерінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

50. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйесінде", "ақпараттық жүйелер", "ақпараттық жүйелерге" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесінде", "цифрлық жүйелер", "цифрлық жүйелерге" деген сөздермен ауыстырылсын.

51. "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 2005 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым", "ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның", "ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының", "ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы" деген сөздер тиісінше "цифрлық инфрақұрылым", "цифрлық инфрақұрылымның", "цифрлық инфрақұрылымының", "цифрлық инфрақұрылымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-баптың 11-2) тармақшасындағы "ақпараттық қауіпсіздігіне" деген сөздер "киберқауіпсіздігіне" деген сөзбен ауыстырылсын.

52. "Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы" 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 3) тармақшасындағы "ақпараттық" деген сөз "цифрлық" деген сөзбен ауыстырылсын.

53. "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйесіне", "ақпараттық жүйесінің", "электрондық ақпараттық ресурстарының", "электрондық ақпараттық ресурстарды", "ақпараттық-коммуникациялық технологияларды" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйесіне", "цифрлық жүйесінің", "цифрлық ресурстарының", "цифрлық ресурстарды", "цифрлық технологияларды" деген сөздермен ауыстырылсын.

54. "Міндетті экологиялық сақтандыру туралы" 2005 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 7-баптың 4-1-тармағындағы "электрондық ақпараттық ресурстар" деген сөздер "цифрлық ресурстар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7-1-бапта:

"Электрондық ақпараттық ресурстар", "электрондық ақпараттық ресурстар" деген сөздер тиісінше "Цифрлық ресурстар", "цифрлық ресурстар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ақпараттық жүйесі" деген сөздер "цифрлық жүйесі" деген сөздермен ауыстырылсын.

55. "Алқабилер туралы" 2006 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

4-бапта:

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық-талдау жүйесі және "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілері" деген сөздер "Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық-талдау жүйесі және "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілері" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "ақпараттандыру саласындағы" деген сөздер "цифрландыру саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

56. "Мәдениет туралы" 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйе", "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "электрондық ақпараттық ресурс", "электрондық ақпараттық ресурстарда" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйе", "цифрлық технологиялар", "цифрлық ресурс", "цифрлық ресурстарда" деген сөздермен ауыстырылсын.

57. "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 1-тармағының 9) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелер" деген сөздер "цифрлық жүйелер" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-бапта:

2-тармақта:

1) тармақшадағы "ақпараттық дерекқорларына" деген сөздер "цифрлық дерекқорларына" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "электрондық ақпараттық ресурстарды" деген сөздер "цифрлық ресурстарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "ақпараттық жүйелеріндегі" деген сөздер "цифрлық жүйелеріндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың 12) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерін" деген сөздер "цифрлық жүйелерін" деген сөздермен ауыстырылсын.

58. "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-бапта:

1) тармақшадағы "ақпараттандыру саласындағы" деген сөздер "цифрландыру саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) тармақшада:

"жылдық қаржылық есептілік" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалау туралы есептер" деген сөздермен толықтырылсын;

"электрондық деректер базасы" деген сөздер "цифрлық дерекқор" деген сөздермен ауыстырылсын.

59. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйе", "электрондық тіркеу", "ақпараттық жүйелерді", "Электрондық тіркеу", "ақпараттық жүйесінде", "ақпараттық жүйесіне", "ақпараттық жүйесін", "ақпараттық жүйеден", "ақпараттық жүйесімен", "ақпараттық жүйеде", "ақпараттық жүйеге", "ақпараттық жүйелерден", "Электрондық тіркелген", "Электрондық тіркеуді", "ақпараттық жүйесінен" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйе", "цифрлық тіркеу", "цифрлық жүйелерді", "Цифрлық тіркеу", "цифрлық жүйесінде", "цифрлық жүйесіне", "цифрлық жүйесін", "цифрлық жүйеден", "цифрлық жүйесімен", "цифрлық жүйеде", "цифрлық жүйеге", "цифрлық жүйелерден", "Цифрлық тіркелген", "Цифрлық тіркеуді", "цифрлық жүйесінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-баптың 31) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"31) цифрлық тіркеу – тіркеуші органға құқықтық кадастрдың цифрлық жүйесі арқылы түсетін құқық белгілейтін құжаттың цифрлық көшірмесі негізінде жүзеге асырылатын мемлекеттік тіркеу.";

3) 17-баптың 3-3-тармағындағы "электрондық үкімет" деген сөздер "цифрлық үкімет" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 20-баптың 2-тармағында:

2) тармақшадағы "ақпараттандыру туралы", "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ)", "ЭҮТШ-те" деген сөздер тиісінше "цифрландыру саласындағы", "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі", "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшаның екінші абзацындағы "ЭҮТШ-те" деген сөз "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 21-баптың 2-1-тармағындағы "электрондық ақпараттық ресурстар" деген сөздер "цифрлық ресурстар" деген сөздермен ауыстырылсын.

60. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "ақпараттық-коммуникациялық технологияларды" "ақпараттандыру объектілерін", "ақпараттандыру объектілеріне", "ақпараттық жүйелері", "ақпараттандыру объектілерінде", "ақпараттандыру объектілері", "ақпараттандыру объектілерінің", "ақпараттандыру объектілерімен", "ақпараттандыру объектілеріндегі", "ақпараттандыру объектісі", "ақпараттық жүйелерге" деген сөздер тиісінше "цифрлық технологиялар", "цифрлық технологияларды", "цифрлық объектілерін", "цифрлық объектілеріне", "цифрлық жүйелері", "цифрлық объектілерінде", "цифрлық объектілері", "цифрлық объектілерінің", "цифрлық объектілерімен", "цифрлық объектілеріндегі", "цифрлық объектісі", "цифрлық жүйелерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-баптың 2-тармағының 9) тармақшасындағы "ақпараттық-коммуникациялық" деген сөздер "цифрлық" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 5-баптың бірінші бөлігінде:

8) тармақшадағы "ақпараттық қамтамасыз етуді" деген сөздер "цифрлық қамтамасыз етуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) және 11) тармақшалардағы "ақпараттық жүйесін", "ақпараттық қауіпсіздігін" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесін", "киберқауіпсіздігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) тармақшадағы "ақпараттандыру объектілеріне" деген сөздер "цифрлық объектілерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

23) тармақшадағы "рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін" деген сөздер "рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық тізілімін" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 5-3-баптың бірінші бөлігінің 4) тармақшасындағы "ақпараттық қамтамасыз етуді" деген сөздер "цифрлық қамтамасыз етуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 6-баптың 2-тармағының 22-2) тармақшасындағы "ақпараттандыру объектілерінде" деген сөздер "цифрлық объектілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 7-бапта:

тақырыптағы "ақпараттық" деген сөз "цифрлық" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақта:

бірінші бөліктегі "ақпараттандыру объектілері" деген сөздер "цифрлық объектілер" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім беру саласындағы уәкілетті орган мен ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес цифрлық объектілердің деректеріне азаматтардың еркін қол жеткізуін қамтамасыз етуге міндетті.";

3-тармақтағы "ақпараттық жүйесі", "ақпараттандыру объектілерімен" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесі", "цифрлық объектілермен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "ақпараттандыру объектілеріндегі" деген сөздер "цифрлық объектілердегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 8-баптың 2-1-тармағындағы "ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын" деген сөздер "цифрлық инфрақұрылымын" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 45-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "ақпараттандыру объектісі" деген сөздер "цифрлық объект" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 47-баптың 5-1-тармағындағы "ақпараттық жүйеде" деген сөздер "цифрлық жүйеде" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 57-1-баптың 4-тармағындағы "рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен" деген сөздер "рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық тізілімінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 59-баптың 8-6-тармағының 2) тармақшасындағы "ақпараттандыру объектісі" деген сөздер "цифрлық объект" деген сөздермен ауыстырылсын.

61. "Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйелерден" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйелерден" деген сөздермен ауыстырылсын.

62. "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-1-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы "ақпараттық жүйе" деген сөздер "цифрлық жүйе" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-1-баптың 3-тармағының 1) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерімен" деген сөздер "цифрлық жүйелерімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 14-1-баптың 1-тармағындағы "ақпараттық жүйелерінен" деген сөздер "цифрлық жүйелерінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 16-бапта:

7) тармақшадағы "ақпараттық жүйелердің" деген сөздер "цифрлық жүйелердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

13-1) тармақшадағы "электрондық тізілімін" деген сөздер "цифрлық тізілімін" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 17-баптың 1-тармағының 5) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерді" деген сөздер "цифрлық жүйелерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 18-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелері" деген сөздер "цифрлық жүйелері" деген сөздермен ауыстырылсын.

63. "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйелерге", "ақпараттық жүйеде", "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін", "электрондық үкімет" веб-порталының" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйелерге", "цифрлық жүйеде", "цифрлық технологиялар", "Цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерін", "цифрлық үкімет" веб-порталының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

2) тармақшада:

"жинауды" деген сөзден кейін "және (немесе) өңдеуді және (немесе) қалыптастыруды" деген сөздермен толықтырылсын;

"мемлекеттік органдар" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ мемлекеттік цифрлық объектілердің иегерлері" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша:

"дереккөздер" деген сөзден кейін "жинайтын және (немесе) өңдейтін және (немесе)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Әкімшілік цифрлық деректер әкімшілік деректер бола алады;"

4-1) тармақша алып тасталсын;

3) 26-баптың 4-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1. Цифрлық деректер өнімін тарату Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары сақтала отырып қамтамасыз етіледі.

Цифрлық деректер өнімін қалыптастыру кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистика саласындағы заңнамасына сәйкес бастапқы статистикалық және (немесе) әкімшілік және (немесе) баламалы деректер және (немесе) статистикалық және (немесе) талдамалық ақпарат дереккөздер болып табылады. Цифрлық деректер өнімін қалыптастыру тәртібін уәкілетті орган айқындайды."

64. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі", "мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде", "мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесіндегі", "атқарушылық іс жүргізу жөніндегі автоматтандырылған ақпараттық жүйе", "мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен", "мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің" деген сөздер тиісінше "мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесі", "мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесінде", "мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесіндегі", "атқарушылық іс жүргізудің автоматтандырылған цифрлық жүйесі", "мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесімен", "мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

1-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1) атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесі – атқарушылық іс жүргізуді есепке алуды электрондық нысанда жүзеге асыруға, сот орындаушысының процестік әрекеттерін автоматтандыруға, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізу тараптарының атқарушылық іс жүргізу барысы туралы деректер алуына арналған цифрлық жүйе;"

3) тармақшадағы "ақпараттық жүйе" деген сөздер "цифрлық жүйе" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 9-баптың 1-тармағының 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) айыппұл төлеуге қатысты бөлігінде әкімшілік жаза қолдануға уәкілеттік берілген орган (лауазымды адам) берген ескерту немесе айыппұлды төлеу қажеттігі туралы нұсқамалар;"

4) 10-5-баптың 5-тармағындағы "атқарушылық іс жүргізудің автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде" деген сөздер "атқарушылық іс жүргізудің автоматтандырылған цифрлық жүйесінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 47-баптың 2-тармағының үшінші бөлігіндегі "электрондық үкіметтің" деген сөздер "цифрлық үкіметтің" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 147-баптың 4) тармақшасындағы "электрондық деректер базасынан" деген сөздер "цифрлық дерекқорларынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 148-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы "атқарушылық іс жүргізу жөніндегі мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйеде" деген сөздер "атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 167-баптың 10) тармақшасындағы "электрондық дерекқорға" деген сөздер "цифрлық дерекқорға" деген сөздермен ауыстырылсын.

65. "Сыртқы барлау туралы" 2010 жылғы 22 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 8-баптың 13) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерін", "электрондық ақпараттық ресурстарын" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйелерін", "цифрлық ресурстарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 12-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "ақпараттық жүйелердегі", "электрондық ақпараттық ресурстарды" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйелердегі", "цифрлық ресурстарды" деген сөздермен ауыстырылсын.

66. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 10-7) және 10-8) тармақшалармен толықтырылсын:

"10-7) авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйым – Қазақстан Республикасының Үкіметі жалғыз құрылтайшысы және қатысушысы (акционері) болып табылатын, азаматтық және эксперименттік авиацияның авиациялық оқиғаларын немесе оқыс оқиғаларын тергеп-тексерулер жүргізуді ұйымдастыруға жауапты ұйым;

10-8) авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйымның қызметшілері – авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйымның бірінші басшы және оның орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары лауазымдарын атқаратын қызметкерлері және тергеп-тексеру жөніндегі уәкілдер;"

67-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"67-1) тергеп-тексеру жөніндегі рәсімдер – авиациялық оқиғаларды және оқыс оқиғаларды тергеп-тексеруді жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын, Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасын біркелкі қолдану мақсатында авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйымның тергеп-тексеру жөніндегі уәкілдеріне арналған процестер мен рәсімдердің сипаттамасын қамтитын құжат;"

мынадай мазмұндағы 67-2) тармақшамен толықтырылсын:

"67-2) тип сертификаты – әуе кемелерін сертификаттауды жүзеге асыратын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы халықаралық ұйым немесе азаматтық әуе кемесі типінің конструкциясын, қозғалтқышты немесе әуе бұрандасын айқындау үшін шет мемлекет берген және конструкцияның ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін растайтын құжат;"

2) 10-2-баптың 17) тармақшасындағы "ақпараттық қауіпсіздікті" деген сөздер "киберқауіпсіздікті" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 14-баптың 1-тармағында:

41-4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"41-4) осы Заңның 93-бабына сәйкес авиациялық оқиғаны немесе оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құрамын бекітеді;"

41-5), 41-12) және 41-14) тармақшалар алып тасталсын;

41-63) тармақшадағы "электрондық авиажүкқұжатының" деген сөздер "цифрлық авиажүкқұжатының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 16-3-баптың 2-тармағы екінші бөлігінің 6) тармақшасындағы "немесе" деген сөз " , авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйымға және (немесе)" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) мынадай мазмұндағы 2-2-тараумен толықтырылсын:

"2-2-тарау. Авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйым

16-14-бап. Авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйымның мәртебесі мен құзыреті

1. Авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйымның функцияларын жүзеге асыратын заңды тұлғаны Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйым өз құзыреті шегінде:

1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға азаматтық және эксперименттік авиация саласындағы авиациялық оқиғаларды және оқыс оқиғаларды тергеп-тексеруге байланысты мәселелер жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге жәрдемдеседі;

2) азаматтық және эксперименттік авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалардың деректерін ұсыну және оларды тергеп-тексеру қағидаларына сәйкес авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйымның ұсынуы бойынша азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган құратын Авиациялық оқиғаны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық және эксперименттік авиацияның авиациялық оқиғалары мен оқыс оқиғаларын тергеп-тексеруді жүргізуін ұйымдастырады;

3) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның шешімі бойынша Қазақстан Республикасының Азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелген не пайдаланушылары Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғалары болып табылатын әуе кемелерімен басқа мемлекеттердің аумағында болған азаматтық авиацияның авиациялық оқиғалары мен оқыс оқиғаларын тергеп-тексеруге қатысады;

4) жүргізілген тергеп-тексерулердің нәтижелері бойынша авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды болғызбау немесе олардың салдарын азайту мақсатында ұсынымдар береді және оларды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға жібереді, сондай-ақ осындай ұсынымдардың орындалуына талдау жүргізеді;

5) Қазақстан Республикасының Азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелген не пайдаланушылары Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғалары болып табылатын әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғалар мен оқыс

оқиғалар жөніндегі статистикалық деректерді жинайды, сақтайды және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға береді;

6) Қазақстан Республикасының аумағында шет мемлекеттер пайдаланушыларының әуе кемелерімен болған авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалар жөніндегі статистикалық деректерді жинайды, сақтайды және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға береді;

7) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, халықаралық азаматтық авиация ұйымдарымен статистикалық деректер алмасуға қатысады;

8) құзыреті шегінде авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеруге жауапты шет мемлекеттердің органдарымен және халықаралық азаматтық авиация ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

9) авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

10) авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру кезінде дәлелдемелердің сақталуын қамтамасыз етеді;

11) авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеруге байланысты ұшу қауіпсіздігі туралы құпия ақпараттың қорғалуын қамтамасыз етеді;

12) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру мәселелері бойынша стандарттары мен ұсынылатын практикасына сәйкес келуін мониторингтеуді жүзеге асырады;

13) Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру мәселелері бойынша стандарттары мен ұсынылатын практикасынан орын алған айырмашылықтар туралы Халықаралық азаматтық авиация ұйымын (ИКАО) уақтылы хабардар етуді және оларды аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жариялауды қамтамасыз етеді;

14) жүргізілген авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру қорытындылары бойынша ұсынымдардың іске асырылуын мониторингтеуді жүзеге асырады.

16-15-бап. Авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйымның қызметін қаржыландыру

1. Авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйымның бюджеті ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған аударымдардың есебінен қалыптастырылады.

2. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорын болып табылатын аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеруді ұйымдастыру мен жүргізу

және болашақта оларды болғызбау мақсатында ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған аударымдарды авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйымға аударады.

3. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің билігінде қалған таза табыстың бір бөлігі аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші аударымдарының көзі болып табылады, оны бөлу нормативін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

4. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған аударымдарды аудару тәртібін және оның нормативін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекітеді.";

6) 76-баптың 5-тармағының екінші бөлігіндегі "ақпараттық жүйе мен ақпараттық технологиялар" деген сөздер "цифрлық жүйе мен цифрлық технологиялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 92-1-бапта:

5-тармақтың бірінші абзацында:

"пайдаланушы мен" деген сөздер "пайдаланушы және (немесе)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ұйымы" деген сөзден кейін "авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйымға," деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақтағы "электрондық дерекқорларда" деген сөздер "цифрлық дерекқорларда" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 92-3-баптың 4-тармағы "нәтижелерін" деген сөзден кейін "авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйымға," деген сөздермен толықтырылсын;

9) 93-бапта:

2-тармақта:

бірінші, екінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Болашақта авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды болғызбау авиациялық оқиғаны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексерудің бірден-бір мақсаты болып табылады.

Кімнің болсын кінәсін немесе жауапкершілігін анықтау бұл қызметтің мақсаты болып табылмайды.

Азаматтық және эксперименттік авиацияда авиациялық оқиғаны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексеруді азаматтық және эксперименттік авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалардың деректерін ұсыну және оларды тергеп-тексеру қағидаларына сәйкес авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйымның ұсынуы бойынша азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган құратын авиациялық оқиғаны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссия жүзеге асырады.";

төртінші бөліктегі "азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның", "азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға" деген сөздер тиісінше "авиациялық

оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйымның", "авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйымға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта:

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл авиациялық оқиғаны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексеруді Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасына сәйкес міндетті түрде тергеп-тексеру жөніндегі белгіленген рәсімдерді қолдана отырып жүзеге асырады.";

үшінші бөліктегі "басқа да" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бесінші және жетінші бөліктермен толықтырылсын:

"Азаматтық және эксперименттік авиациядағы авиациялық оқиғаны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның төрағасы авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйымның қызметшілерінің қатарынан бекітіледі.";

"Комиссия қол қойған тергеп-тексеру нәтижелері бойынша түпкілікті есеп азаматтық және эксперименттік авиациядағы авиациялық оқиғаларды немесе оқыс оқиғаларды тергеп-тексерудің қорытынды құжаты болып табылады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік азаматтық әуе кемесімен болған авиациялық оқиға немесе оқыс оқиға азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган құратын авиациялық оқиғаны немесе оқыс оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның тергеп-тексеруіне жатады немесе оны өзара келісу бойынша әуе кемесі тіркелген елдің (пайдаланушының) шет мемлекеті тергеп-тексереді.";

5-тармақта:

"азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган" деген сөздер "авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйым мен азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

8-тармақ "органдар" деген сөзден кейін "құратын комиссиялар" деген сөздермен толықтырылсын;

10) 93-1-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

"Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның" деген сөздер "Авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйымның" деген сөздермен ауыстырылсын;

"азаматтық авиация саласындағы", "лауазымды адамы" деген сөздер тиісінше "азаматтық және эксперименттік авиациядағы", "қызметкері тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру функцияларын жүзеге асыратын авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйымның қызметшілеріне қойылатын біліктілік талаптары азаматтық және эксперименттік авиациядағы авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғалардың деректерін ұсыну және оларды тергеп-тексеру қағидаларына сәйкес белгіленеді.";

3-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1), 4-2) және 4-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) сот-медициналық сараптамалардың нәтижелерін сұратуға және алуға;

4-2) авиациялық оқиғаға немесе оқыс оқиғаға қатысы бар адамдардан психикалық белсенді заттарды тұтыну фактісін және масаң күйін анықтау үшін медициналық куәландырудан өтуді талап етуге;

4-3) фото және бейне түсірілімдер жүргізуге, сондай-ақ авиациялық оқиғаға немесе оқыс оқиғаға қатысты фото және бейне материалдарды сұратуға және алуға;"

4-тармақтың 4) тармақшасындағы "болуы міндетті." деген сөздер "болуы;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) авиациялық оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру бойынша кәсіптік даярлықтан және ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты өзге де оқытудан өтуге міндетті.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілдер азаматтық авиацияның авиациялық персоналының жұмыс істеу жағдайларымен және сыйақыларымен салыстырылатын деңгейлерге сәйкес келетін ақшалай ризықпен қамтамасыз етіледі.";

11) 105-баптың 2-тармағының 6-3) тармақшасындағы "ақпараттық технологиялар мен байланыс технологияларының" деген сөздер "цифрлық технологиялардың және байланыс технологияларының" деген сөздермен ауыстырылсын.

67. "Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйе", "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйе", "цифрлық технологиялар" деген сөздермен ауыстырылсын.

68. "Медиация туралы" 2011 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 14-баптың 6-тармағының екінші бөлігіндегі "ақпараттық жүйесіне" деген сөздер "цифрлық жүйесіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 17-баптың 1-тармағының 5) тармақшасындағы "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" деген сөздер "цифрлық технологиялар" деген сөздермен ауыстырылсын

69. "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 22) тармақшасындағы "ақпараттық" деген сөз "цифрлық" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 8-бап мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Мемлекеттік мүлікті басқаруды жетілдіру мақсатында мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік мүлік тізіліміндегі пилоттық жобаларды іске асыруды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асыруға құқылы.";

3) 14-бапта:

3) тармақшадағы "мүліктік кешен ретінде кәсіпорындарды" деген сөздер "ұйымдардағы акциялардың (қатысу үлестерінің) мемлекеттік пакеттерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 23-1) және 23-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"23-1) Қазақстан Республикасының жасанды интеллект туралы заңнамасына сәйкес дерекнамаларды қолдана отырып, мемлекеттік активтерді және квазимемлекеттік секторды тиімді басқару жөніндегі тиісті салалардың уәкілетті органдарын әдіснамалық қолдауды жүзеге асырады;

23-2) мемлекеттік мүлік тізілімінде пилоттық жобаны іске асыру тәртібі мен мерзімдерін белгілейді";

26-7) тармақшадағы "жөнінде ашық конкурс өткізеді" деген сөздер "бойынша ашық конкурсты мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталы арқылы өткізеді" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 17-баптың 4) және 25) тармақшаларындағы ", сондай-ақ мүліктік кешен ретінде кәсіпорындарды" деген сөздер алып тасталсын;

5) 18-баптың 4) және 24) тармақшаларындағы ", сондай-ақ мүліктік кешен ретінде кәсіпорындарды" деген сөздер алып тасталсын;

6) 75-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде:

"Мемлекеттік кәсіпорындардың мүліктік кешендері, мемлекетке" деген сөздер "Мемлекетке" деген сөзбен ауыстырылсын;

", ақша" деген сөз алып тасталсын;

7) 93-бапта:

3-тармақтың бірінші бөлігіндегі "4-1-тармағында көзделген жағдайды" деген сөздер "4 және 4-1-тармақтарында көзделген жағдайларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, өзге жағдайларда сатушының мемлекеттік мүлікті иеліктен шығаруы мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталын пайдалана отырып жүзеге асырылады.";

8) 94-бап мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Мемлекеттік кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде иеліктен шығару кейіннен акцияларды (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) жекешелендіре отырып, оны акционерлік қоғам (жауапкершілігі шектеулі серіктестік) етіп қайта ұйымдастыру (қайта құру) арқылы жүзеге асырылады.";

9) 96-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы алып тасталсын;

10) 97-бап алып тасталсын;

11) 100-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіндегі "электрондық нысанда" деген сөздер "цифрлық нысанда" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 100-1-баптың 2, 3 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Баланстық құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 2 500 000 еселенген мөлшерінен асатын акционерлік қоғамдар (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер) акцияларының мемлекетке тиесілі бақылау пакеттері (жарғылық капиталға қатысу үлестері) түріндегі жекешелендіру объектілерін бағалауды халықаралық бағалау стандарттарына сәйкес тәуелсіз консультанттар жүзеге асырады.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, жекешелендіру объектілерін бағалау Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.";

"5. Тәуелсіз консультанттар мен бағалаушыны тарту Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.";

13) 101-баптың 9-тармағы "102," деген цифрлардан кейін "103 және" деген сөздермен толықтырылсын;

14) 103-бапта:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Конкурс мынадай іс-шаралар жоспарын:

1) осы Заңның 100-1-бабында белгіленген тәртіппен тәуелсіз консультантты тартуды;

2) тәуелсіз консультанттың жекешелендіру объектісіне жан-жақты талдау мен оның құнын бағалауды жүргізу, әлеуетті сатып алушыларға (инвесторларға) қойылатын талаптарды (қажет болған жағдайда) және жекешелендіру талаптарын әзірлеу, әлеуетті сатып алушылар (инвесторлар) үшін жекешелендіру объектісі туралы ақпаратты қалыптастыру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруды;

3) сатушының жекешелендіру объектісін сату туралы хабархатты қазақ және орыс тілдерінде мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында жариялауын, сондай-ақ тәуелсіз консультанттың сату туралы ұсынысты талаптарға (болған кезде) сай келетін әлеуетті сатып алушыларға (инвесторларға) таратуын;

4) тәуелсіз консультанттың әлеуетті сатып алушылардың (инвесторлардың) ұсыныстары қамтылған өтінімдер тізбесін қалыптастыруын;

5) сатушының ең үздік ұсыныстарды ұсынған кемінде екі әлеуетті сатып алушыны (инвесторды) анықтау мақсатында тәуелсіз консультанттың қатысуымен әлеуетті сатып алушылардың (инвесторлардың) өтінімдерін ашуын (конкурстың бірінші кезеңі);

6) сатушының тәуелсіз консультанттың қатысуымен бірінші кезең жеңімпаздары арасында бұрын ұсынылған бағаны және (немесе) талаптарды жақсарту тұрғысынан сауда-саттық өткізуін (конкурстың екінші кезеңі);

7) конкурстың қорытындысын шығаруды қамтиды.

3. Конкурстың әрбір кезеңін өткізу қорытындысы бойынша сатушы, тәуелсіз консультант және конкурсқа қатысушылар оның нәтижелері туралы хаттамаға қол қояды.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Конкурс екі кезеңдік рәсімдер арқылы өткізілген кезде жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы осы Заңның 100-1-бабының 1-тармағына сәйкес айқындалған жекешелендіру объектісінің алғашқы бағасына тең болады.

Конкурста жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын екі кезеңдік рәсімдер арқылы төмендетуге жол берілмейді.";

15) 107-бапта:

2-тармақтың 2) тармақшасындағы ", сондай-ақ кредиторлық және дебиторлық берешектер сомасы, егер жекешелендіру объектісі мүлктік кешен ретіндегі кәсіпорын болып табылса, жекешелендірілетін кәсіпорынның жасасқан шарттары туралы" деген сөздер алып тасталсын;

3-тармақтың екінші бөлігі "дұрыстығы" деген сөзден кейін ", сондай-ақ меншік құқықтары сатып алушыға ауысқанға дейін жекешелендіру объектісінің сақталуы" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 112-баптың 3-тармағындағы "қол қойылған күннен бастап алты айды" деген сөздер "қол қойылғаннан күннен бастап үш жылды" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 134-баптың 2-тармағының 8) тармақшасындағы "ақпараттық дерекқорды" деген сөздер "цифрлық дерекқорды" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 182-баптың 6-тармағы "конкурстық тәртіппен" деген сөздерден кейін " мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталы арқылы электрондық нысанда" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 196-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін мониторингтеу:

1) мемлекеттік мүлік тізілімін цифрлық мониторингтеу;

2) Жерді, оның ішінде жер учаскелерінің, жер қойнауын пайдалану учаскелерінің, орман және аңшылық алқаптарының, су шаруашылығы құрылысжайлары мен су объектілерінің пайдаланылуын қашықтан зондтау деректері арқылы жүзеге асырылады.

";

20) 198-баптың 1-тармағында:

5-1) тармақшадағы "ақпараттандыру объектілері" деген сөздер "цифрлық объектілер" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-2) тармақшамен толықтырылсын:

"5-2) мемлекетке тиесілі цифрлық активтер;"

21) 200-баптың 9-тармағының бірінші бөлігінде:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына сәйкес цифрлық жүйелерді қолдана отырып, мемлекеттік мүлік тізілімін пайдаланушыларға цифрлық қызметтерді көрсетеді;"

мынадай мазмұндағы 9-2) тармақшамен толықтырылсын:

"9-2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекетке тиесілі цифрлық активтерді есепке алуды қамтамасыз етеді;"

22) 213-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлікте:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекеттік сатып алу туралы шарт (комиссия шарты) негізінде сауда ұйымдары арқылы жарамдылық (сақталу) мерзімі шектелген азық-түлік тауарлары өткізіледі;"

3) тармақшадағы "осы бөліктің 1) тармақшасында" деген сөздер "осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік алып тасталсын.

70. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 15-баптың 1-тармағында:

8-2) тармақшада:

"ақпараттандыру" деген сөз "цифрландыру" деген сөзбен ауыстырылсын;

"ақпараттандыру және "электрондық үкімет" деген сөздер "цифрландыру" деген сөзбен ауыстырылсын;

9) тармақшадағы "ақпараттық қауіпсіздікті" деген сөздер "киберқауіпсіздікті" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 23-бапта:

1-тармақтың 8) тармақшасында:

"ақпараттық ресурстарды" деген сөздер "цифрлық ресурстарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ақпараттық жүйелерді" деген сөздер "цифрлық жүйелерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "электрондық ақпараттық ресурстардың", "ақпараттық жүйелердің", "ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның", "ақпараттық-коммуникациялық

инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің" деген сөздер тиісінше "цифрлық деректердің", "цифрлық жүйелердің", "цифрлық инфрақұрылымның", "аса маңызды цифрлық объектілердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта:

2) тармақшадағы "ақпараттандыру" деген сөз "цифрлық орта" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "ақпараттық ресурстарын", "ақпараттық жүйелерін" деген сөздер тиісінше "цифрлық ресурстарын", "цифрлық жүйелерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың 5) тармақшасының үшінші бөлігіндегі "2026 жылғы" деген сөздер "2027 жылғы" деген сөздермен ауыстырылсын.

71. "Ғарыш қызметі туралы" 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 17-3) тармақшасындағы "ақпараттық ресурстар" деген сөздер "цифрлық ресурстар" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 19-1-баптың 2-тармағының 2) тармақшасындағы "ақпараттық-коммуникациялық жүйелерге" деген сөздер "цифрлық жүйелерге" деген сөздермен ауыстырылсын.

72. "Газ және газбен жабдықтау туралы" 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйесімен" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйесімен" деген сөздермен ауыстырылсын.

73. "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

8-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қордың директорлар кеңесінің қызметінде Қазақстан Республикасының жасанды интеллект саласындағы заңнамасына сәйкес жасанды интеллектінің жергілікті жүйелеріне жататын жасанды интеллект жүйесі пайдаланылады."

74. "Микроқаржылық қызмет туралы" 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "электрондық үкімет", "ақпараттандыру объектілері", "ақпараттық жүйелерінің" деген сөздер тиісінше "цифрлық үкімет", "цифрлық объектілер", "цифрлық жүйелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 27-баптың 4-4) және 4-5) тармақшаларындағы "ақпараттандыру саласындағы" деген сөздер "цифрландыру саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

75. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" 2013 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-бапта:

1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 24-1) тармақшамен толықтырылсын:

"24-1) цифрлық кезектің цифрлық жүйесі (бұдан әрі – цифрлық кезек жүйесі) – автомобиль көлігі құралдарының Қазақстан Республикасынан шығу кезінде автомобиль өткізу пункттеріне кіру уақытын броньдауға арналған бағдарламалық-аппараттық кешен;"

2) 19-баптың 8-1-тармағында:

"электрондық" деген сөз "цифрлық" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші бөлік "қамтамасыз ету саласында" деген сөздерден кейін "ескерту немесе" деген сөздермен толықтырылсын.

76. "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттандыру саласындағы", "Ақпараттандыру саласындағы", "электрондық үкімет", "электрондық үкіметтің", "ақпараттандыру объектісі", "ақпараттық жүйелерді", "ақпараттық жүйелердің", "ақпараттық жүйелерде", "ақпараттық жүйелерден", "ақпараттық жүйелерге", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйесінен", "ақпараттық жүйелеріндегі", "ақпараттық жүйелері" деген сөздер тиісінше "цифрландыру саласындағы", "Цифрландыру саласындағы", "цифрлық үкімет", "цифрлық үкіметтің", "цифрлық объект", "цифрлық жүйелерді", "цифрлық жүйелердің", "цифрлық жүйелерде", "цифрлық жүйелерден", "цифрлық жүйелерге", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйесінен", "цифрлық жүйелеріндегі", "цифрлық жүйелері" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

1-1) және 1-5) тармақшалар алып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) көрсетілетін қызметті алушы – мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметті алуға өтініш беруге құқығы және (немесе) ниеті бар немесе мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметті алатын не өз құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыру үшін оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер бере отырып, мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету нәтижесін алған жеке және заңды тұлғалар, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері;"

4-1) және 4-2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4-1) көрсетілетін қызметті бірлесіп беруші – мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсетудің бір немесе бірнеше кезеңіне қатысатын және көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсынатын жеке және заңды тұлғалар;

4-2) қоғамдық маңызы бар көрсетілетін қызмет – үздіксіз негізде жүзеге асырылатын және қоғамның заңды мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған мемлекеттік көрсетілетін қызмет;"

мынадай мазмұндағы 4-3) тармақшамен толықтырылсын:

"4-3) Мемлекеттік корпорацияның мобильдік қосымшасы – Мемлекеттік корпорациямен бейнебайланыс арқылы мемлекеттік қызметтер көрсетуге арналған цифрлық объект;"

10) тармақшада:

"ақпараттық жүйесі", "автоматтандыруға" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесі", "цифрландыруға" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ақпараттық жүйе" деген сөздер "цифрлық жүйе" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) тармақшадағы "автоматтандыру" деген сөз "цифрландыру" деген сөзбен ауыстырылсын;

17-1) тармақша алып тасталсын;

17-4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"17-4) техникалық іркіліс – бір немесе бірнеше пайдаланушының цифрлық жүйені пайдалану мүмкіндігінің болмауына алып келген бағдарламалық-аппараттық кешеннің немесе цифрлық жүйе құрауыштарының жеке біреуінің жоспарланбаған уақытша істен шығуы;"

мынадай мазмұндағы 17-5) және 17-6) тармақшалармен толықтырылсын:

"17-5) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы – абонент берген ақпаратты беру немесе қабылдау үшін электр байланысы сигналдарын қалыптастыратын және ұялы байланыс операторының желісіне қосылатын, қызмет көрсетілетін аумақ шеңберінде географиялық тұрғыдан айқындалатын тұрақты орналасқан жері жоқ, ұялы байланыс желілерінде жұмыс істейтін жеке-дара пайдаланылатын байланыс құралы;

17-6) цифрландыру саласындағы уәкілетті орган – цифрландыру саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;"

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда , мемлекеттік көрсетілетін қызметтер ұсынуға қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект.";

3) 3-баптың екінші бөлігінің бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтердің клиентке бағдарлануы, сапасы мен қолжетімділігі;"

4) 4-бапта:

1-тармақта:

4-1) және 5) тармақшалар алып тасталсын;

7) тармақшадағы "пайдалануға құқығы бар." деген сөздер "пайдалануға;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулерді қоспағанда, мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтерді жеке өзі немесе заңды өкілі арқылы алуға құқығы бар.";

2-тармақ "шетелдік заңды тұлғалар" деген сөздерден кейін "және олардың филиалдары мен өкілдіктері" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 5-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде:

2) тармақшадағы "мүмкіндігі шектеулі" деген сөздер "мүгедектігі бар" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) цифрлық күту парағын пайдалана отырып, мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдауды жүзеге асыруға;"

11) тармақшада:

"ақпараттық жүйесіне" деген сөздер "цифрлық жүйесіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

"белгілеген" деген сөз "айқындаған" деген сөзбен ауыстырылсын;

14) тармақшадағы "бас тартуға міндетті." деген сөздер "бас тартуға;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 15) және 16) тармақшалармен толықтырылсын:

"15) төрешілдік және сөзбұйдалық көріністеріне жол бермеуге;

16) мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын цифрлық объектілер жұмысының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.";

6) 1-тарау мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:

"5-1-бап. Көрсетілетін қызметті бірлесіп берушілердің құқықтары мен міндеттері

1. Көрсетілетін қызметті бірлесіп берушілердің көрсетілетін қызметті берушілерден мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты алуға құқығы бар.

2. Көрсетілетін қызметті бірлесіп берушілер:

1) мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауға;

2) мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұрау салуға теріс жауап беруге, сондай-ақ кемшіліктер белгіленген мерзімде жойылмаған кезде сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысын беруге;

3) көрсетілетін қызметті берушілерге, Мемлекеттік корпорацияға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер, оның ішінде цифрлық жүйелерді интеграциялау арқылы көрсету үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты уақтылы ұсынуға міндетті.";

7) 9-бапта:

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті цифрлық және проактивті форматтарға көшіруді келіседі";

12-4) тармақшадағы "автоматтандыру" деген сөз "цифрландыру" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 13-2), 13-3) және 13-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"13-2) көрсетілетін қызметті алушыны аутентификациялау тәсілін айқындау үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электрондық нысанда сыныптау қағидаларын бекітеді;

13-3) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы алынған мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерді электрондық нысанда көрсету нәтижелерінің міндетті деректемелерін, сондай-ақ олардың анықтығын тексеру тәртібін бекітеді;

13-4) цифрлық құжаттар сервисінде электрондық құжаттарды көрсету және пайдалану қағидаларын бекітеді";

8) 10-бапта:

мынадай мазмұндағы 9-2) тармақшамен толықтырылсын:

"9-2) цифрландыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметті цифрлық және проактивті форматтарға көшіруді қамтамасыз етеді";

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде мемлекеттік қызметтер көрсетуді цифрландыру процесін бағалауды жүргізу және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрлық форматқа ауыстыру жөнінде ұсынымдар әзірлеу үшін мемлекеттік қызметтер көрсету процесін цифрландыру бойынша қабылданатын шаралар туралы ақпаратты цифрландыру саласындағы уәкілетті органға беруді қамтамасыз етеді";

15) тармақша "қызметті берушілердің" деген сөздерден кейін ", көрсетілетін қызметті бірлесіп берушілердің" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

"15-1) мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау қағидаларына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетудің проактивті, композиттік және эксаумақтық түрлеріне көшіру бойынша шаралар қабылдайды";

9) 11-баптың 9) тармақшасындағы "автоматтандыру" деген сөз "цифрландыру" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 11-2-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "ақпараттық қауіпсіздікті" деген сөздер "киберқауіпсіздікті" деген сөзбен ауыстырылсын;

11) 2-тарау мынадай мазмұндағы 11-3-баппен толықтырылсын:

"11-3-бап. Бірыңғай байланыс орталығы

Бірыңғай байланыс орталығы:

1) жеке және заңды тұлғаларды мемлекеттік және өзге де қызметтер көрсету мәселелері бойынша тәулік бойы консультациялық сүйемелдеуді жүзеге асырады;

2) жеке және заңды тұлғаларды, мемлекеттік органдарды "цифрлық үкімет" мәселелері бойынша тәулік бойы консультациялық сүйемелдеуді жүзеге асырады;

3) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарға мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерді, оның ішінде цифрлық құжаттар сервисін алушыда туындаған мәселелер бойынша түсініктемелер беру үшін сұрау салулар жібереді;

4) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарға жеке және заңды тұлғалардың келіп түскен жолданымдары, сондай-ақ олардың филиалдары мен өкілдіктері бойынша ақпаратты жүйелі негізде жібереді.";

12) 12-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қоғамдық маңызы бар көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, мемлекеттік көрсетілетін қызмет мынадай белгілермен сипатталады:

1) жекелеген мемлекеттік функцияларды немесе олардың жиынтығын іске асыру нысандарының бірі болып табылады;

2) жеке немесе заңды тұлғаға, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктеріне өтініш бойынша немесе өтінішсіз жеке тәртіппен беріледі;

3) көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушімен және (немесе) көрсетілетін қызметті бірлесіп берушімен өзара іс-қимыл жасауы арқылы жүзеге асырылады;

4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету туралы жүгіну (талап ету) құқығын іске асыруды болжайды;

5) нәтиже беруге бағытталған.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3), 4) және 5) тармақшалары әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтерге қолданылады.";

13) 13-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобалары мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау қағидаларына сәйкес әзірленеді.";

2-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімі бекітілген немесе оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап үш айдан кешіктірілмейтін мерзімде әзірленеді және бекітіледі.

5. Қоғамдық маңызы бар қызметтерді көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді бекіту талап етілмейді.";

14) 15-бап алып тасталсын;

15) мынадай мазмұндағы 18-1 және 18-2-баптармен толықтырылсын:

"18-1-бап. Мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді көрсету мерзімдері

1. Мерзім басталуы тиіс оқиғаны немесе мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету саласындағы заңнамада көзделген жылдармен, айлармен, күндермен, сағаттармен немесе минуттармен есептелетін уақыт кезеңін көрсете отырып, күнтізбелік күнмен айқындалады.

Мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерде белгіленген мерзімдерде көрсетіледі.

Мерзімнің аяқталуы көрсетілетін қызметті берушілерді мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсетуден босатпайды.

2. Жылдармен есептелетін мерзім мерзімнің соңғы жылының тиісті айында және күнінде аяқталады.

Айлармен есептелетін мерзім мерзімнің тиісті соңғы айында аяқталады. Егер айлармен есептелетін мерзімнің соңы тиісті күні жоқ айға келетін болса, онда мерзім осы айдың соңғы күнінде аяқталады.

Күндермен есептелетін мерзім белгіленген кезеңнің соңғы күнінде аяқталады. Егер мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсетуге өтініш көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс күні аяқталғанға дейін екі сағат бұрын келіп түссе, онда мерзім келесі жұмыс күнінен басталады.

Мерзімнің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге тура келетін жағдайларда, одан кейінгі жұмыс күні жылдармен, айлармен және күндермен есептелетін мерзім аяқталатын күн болып есептеледі.

Күндермен есептелетін мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді көрсету мерзімі жұмыс күндерімен есептеледі.

Сағаттармен немесе минуттармен есептелетін мерзім белгіленген кезеңнің соңғы сағатында немесе минутында аяқталады.

18-2-бап. Мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтерді көрсету мерзімдерін тоқтата тұру

1. Мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету процесін тоқтата тұру үшін негіздер мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіде белгіленеді.

Мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру жөніндегі шешімі туралы хабарлама жіберілген күннен басталады. Мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар

қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

2. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету процесін мынадай:

1) егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алу құқықтарында құқықтық мирасқорлыққа жол берілсе, азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар қарайтын не сот тәртібімен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда тоқтата тұруға міндетті.

3. Мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету процесі:

1) осы баптың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – қайтыс болған адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

4. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсету процесін мынадай:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда тоқтата тұруға құқылы. Мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайды енгізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері немесе оның туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда тоқтата тұруға құқылы.";

16) 19-1-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жауапта көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды беру туралы шешім қабылдаған негіздемелер бар негіздердің толық тізбесі, сондай-ақ шағым жасау мерзімдері мен тәртібі көрсетіледі.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Алынатын мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтің ерекшелігіне байланысты Қазақстан Республикасының салалық заңдарында да мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсетуден бас тарту үшін негіздер белгіленуі мүмкін.";

17) 21-бапта:

2-2-тармақтағы "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының цифрлық" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "электрондық ақпараттық ресурстарын" деген сөздер "цифрлық ресурстарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер цифрлық күту парағын пайдалана отырып, оның ішінде "цифрлық үкімет" порталының функционалы және көрсетілетін қызметті алушыны кейіннен хабардар ете отырып, цифрлық жүйелердің техникалық іркілістері кезеңінде өтініш беруге мүмкіндік беретін цифрлық объектілер арқылы көрсетілуі мүмкін.";

18) 21-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-1-бап. Проактивті қызметтер көрсету

Проактивті қызметтер көрсету "цифрлық үкімет" веб-порталында көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс абоненттік құрылғысының телефон нөмірі тіркелген кезде мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелері арқылы көрсетілетін қызметті алушының өтінішінсіз, көрсетілетін қызметті берушінің бастамасы бойынша жүзеге асырылады және мыналарды:

1) көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салуы бар хабарламалар жіберуді;

2) көрсетілетін қызметті алушының проактивті қызмет көрсетуге келісімін, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыдан өзге де қажетті мәліметтерді, оның ішінде қолжетімділігі шектелген мәліметтерді көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысы арқылы алуды қамтиды.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушыға проактивті қызмет көрсетуге сұрау салуы бар хабарламаны жіберу талап етілмейді, бұл ретте көрсетілетін қызметті алушыларды қызмет көрсету туралы міндетті түрде хабардар ету "цифрлық үкімет" веб-порталында тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөміріне немесе "цифрлық үкімет" веб-порталындағы пайдаланушының кабинетіне мәтіндік хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады.";

19) мынадай мазмұндағы 21-3-баппен толықтырылсын:

"21-3-бап. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің түрлері

1. Электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер цифрландыру дәрежесі бойынша мынадай болып табылады:

1) толық цифрландырылған – көрсетілу процесінде қағаз құжат айналымын және мемлекеттік қызметтерді көрсететін қызмет берушінің және (немесе) қызметті бірлесіп берушінің қатысуын болғызбайтын мемлекеттік көрсетілетін қызмет;

2) ішінара цифрландырылған – көрсетілу процесінде мемлекеттік қызметтерді көрсететін қызмет беруші және (немесе) қызметті бірлесіп беруші қатысатын қағаз және электрондық құжат айналымының реттілігі қамтылатын мемлекеттік көрсетілетін қызмет.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету түрлері:

1) композиттік;

2) проактивті;

3) эксаумақтық болып табылады.

Бір өтініш негізінде көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметтердің жиынтығын көздейтін мемлекеттік көрсетілетін қызмет композиттік қызмет болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің бастамасы бойынша көрсетілетін қызметті алушының өтінішінсіз көрсетілетін мемлекеттік қызмет проактивті көрсетілетін қызмет болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жеріне қарамастан, көрсетілетін қызметтерді алу мүмкіндігін көздейтін мемлекеттік көрсетілетін қызмет эксаумақтық көрсетілетін қызмет болып табылады.";

20) 22-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы пилоттық жобаларды іске асыруды мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы уәкілетті органмен және мүдделі мемлекеттік органдармен келісу бойынша бір жылға дейін мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні әзірлеуші жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер саласындағы пилоттық жобаларды іске асыруды мүдделі мемлекеттік органдармен келісу бойынша бір жылға дейін әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні әзірлеуші жүзеге асырады.";

21) 30-бапта:

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасын бұзу" деген сөздер "Көрсетілетін қызметті берушілер мен көрсетілетін қызметті бірлесіп берушілердің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамасын бұзуы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады" деген сөздер "олардың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылығына алып келеді" деген сөздермен ауыстырылсын.

77. "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттандыру объектілеріндегі", "мемлекеттік емес ақпараттандыру объектілеріндегі", "ақпараттандыру объектілерімен", "ақпараттандыру объектілеріне", "ақпараттандыру объектілерінің", "мемлекеттік емес ақпараттандыру объектілерінің", "ақпараттандыру объектілерін", "электрондық үкіметтің", "электрондық ақпараттық ресурстарда", "электрондық ақпараттық ресурстардың", "электрондық ақпараттық ресурстарды", "электрондық ақпараттық ресурстардағы", "ақпараттандыру объектілеріне" деген сөздер тиісінше "цифрлық объектілеріндегі", "цифрлық объектілерімен", "цифрлық объектілерге", "цифрлық объектілерінің", "мемлекеттік емес цифрлық объектілердің", "цифрлық объектілерін", "цифрлық үкіметтің", "цифрлық ресурстарда", "цифрлық ресурстардың", "цифрлық ресурстарды", "цифрлық ресурстардағы", "цифрлық объектілерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

1) тармақша алып тасталсын;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) дербес деректер – дербес деректердің бір немесе бірнеше сәйкестендіргішімен толықтырылған, дербес деректер субъектісі туралы мәліметтер немесе мәліметтер жиынтығы;"

3) 7-баптың 7-тармағындағы "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының цифрлық" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 9-бап мынадай мазмұндағы 9-5) тармақшамен толықтырылсын:

"9-5) мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор мемлекеттік мүлік тізілімін қалыптастырған және жүргізген;"

5) 17-баптың 2-тармағындағы "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторы" деген сөздер "цифрлық үкіметтің" операторы" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 23-баптағы "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы" деген сөздер "Қазақстан Республикасының цифрлық" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 27-1-баптың 1-тармағының 6-2) тармақшасындағы "ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы" деген сөздер "цифрлық инфрақұрылымы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 27-3-бапта:

4-тармақтың 2) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерге" деген сөздер "цифрлық жүйелерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың 2) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерге" деген сөздер "цифрлық жүйелерге" деген сөздермен ауыстырылсын.

78. "Оңалту және банкроттық туралы" 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 12-баптың 3-тармағының бірінші бөлігіндегі "ақпараттық жүйесі" деген сөздер "цифрлық жүйесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 15-баптың 18) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"18) Қазақстан Республикасының цифрландыру саласындағы заңнамасына сәйкес цифрлық жүйелерді қолдана отырып, электрондық қызметтер көрсетеді;"

3) 71-баптың 1-тармағының 5) тармақшасындағы "ақпараттық жүйені" деген сөздер "цифрлық жүйені" деген сөздермен ауыстырылсын.

79. "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 37-1-бапта:

17-тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерге" деген сөздер "цифрлық жүйелерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

19-тармақтың 2) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерге" деген сөздер "цифрлық жүйелерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 53-1-баптың 2-тармағындағы "ақпараттық жүйесіне" деген сөздер "цифрлық жүйесіне" деген сөздермен ауыстырылсын.

80. "Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйесінің", "ақпараттық жүйесін", "ақпараттық жүйелерді", "ақпараттық жүйесінде", "ақпараттық жүйесіне", "ақпараттық жүйесіндегі" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйесінің", "цифрлық жүйесін", "цифрлық жүйелерді", "цифрлық жүйесінде", "цифрлық жүйесіне", "цифрлық жүйесіндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

26-1) тармақшада:

"автоматты режимде жұмыс істейтін, Қазақстан Республикасының жол жүрісі туралы және автомобиль көлігі туралы заңнамасын құқық бұзушылықтарды тіркейтін сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу техникалық құралдарының, аспаптар мен жабдықтардың" деген сөздер "Қазақстан Республикасының жол жүрісі туралы және автомобиль көлігі туралы заңнамасын бұзушылықтарды анықтайтын немесе тіркеп-белгілейтін, автоматты режимде жұмыс істейтін техникалық құралдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

27-2) тармақшадағы "ақпараттық ресурстарды", "ақпараттық технологиясын" деген сөздер тиісінше "цифрлық ресурстарды", "цифрлық технологиясын" деген сөздермен ауыстырылсын;

40) тармақшадағы "электрондық дерекқор" деген сөздер "цифрлық дерекқор" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 10-баптың 24-2) тармақшасының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жол жүрісі саласындағы цифрлық жүйелерді интеграциялауға бірыңғай цифрлық кеңістіктегі цифрландыру объектілерінің цифрлық жүйелері арасындағы өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жатады;"

4) 11-баптың 5-5) тармақшасында:

"ақпараттық жүйесімен" деген сөздер "цифрлық жүйесімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ақпараттық" деген сөз алып тасталсын;

5) 23-баптың 1-тармағының 9) тармақшасындағы "айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамасы" деген сөздер "ескерту немесе айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 42-1-бапта:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"42-1-бап. Астана, Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары ақылы коммуналдық тұрақтар ретінде айқындаған орындарда орынтұраққа қою";

1-тармақта:

"Көлік құралдарын орынтұраққа қойғаны үшін ақы алуға және олардың орынтұрақта тұрған уақытын есептеуге арналған сертификатталған арнайы құрылғылармен жабдықталған орындарды" деген сөздер "Ақылы коммуналдық орынтұрақтарды орналастыру орындарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың" деген сөздер "Астана, Алматы қалаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта:

"көлік құралдарын орынтұраққа қойғаны үшін ақы алуға және олардың орынтұрақта тұрған уақытын есептеуге арналған сертификатталған арнайы құрылғылармен жабдықталған орындарда орынтұраққа қою" деген сөздер "жол жүрісі қағидаларында реттелмеген бөлікте жол жүрісін ұйымдастыру" деген сөздермен ауыстырылсын;

"облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары" деген сөздер "Астана, Алматы қалаларының жергілікті өкілді органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ алып тасталсын;

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы тармақтың екінші және үшінші бөліктерінде және жол жүрісі қағидаларында реттелмеген бөлікте жол жүрісін ұйымдастыру қағидаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, ақылы коммуналдық орынтұрақтарға ақы төлемей қоюға тыйым салынады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жол жүрісі қағидаларында реттелмеген бөлікте жол жүрісін ұйымдастыру қағидаларының сақталуын бақылауды Астана, Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.";

7) 52-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "сертификатталған арнайы техникалық құрал және аспап тіркеген" деген сөздер "автоматты режимде анықталған немесе тіркеп-белгіленген" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың 4) тармақшасындағы "сертификатталған арнайы техникалық құралдармен және аспаптармен тіркелсе" деген сөздер "автоматты режимде анықталса немесе тіркеп-белгіленсе" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 54-баптың 4-тармағы 16) тармақшасының екінші бөлігіндегі "арнаулы бақылау-өлшеу техникалық құралдарымен және аспаптарымен тіркеп-белгілеу" деген сөздер "бақылау-өлшеу техникалық құралдарымен және аспаптарымен анықтау немесе тіркеп-белгілеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 71-1-баптың 5) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелермен" деген сөздер "цифрлық жүйелермен" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 89-баптың 2-тармағындағы "ақпараттандыру саласындағы" деген сөздер "цифрландыру саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

81. "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

6-бапта:

1-тармақта:

45) тармақшадағы "ақпараттық қауіпсіздік" деген сөздер "киберқауіпсіздік" деген сөзбен ауыстырылсын;

48) тармақшадағы "ақпараттық жүйелерінен" деген сөздер "цифрлық жүйелерінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың 31) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйелерді, цифрлық" деген сөздермен ауыстырылсын.

82. "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне", "рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімі", "рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін", "рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінің", "рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен", "Мемлекеттік электрондық рұқсаттар мен хабарламалар тізілімі", "рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінде", "ақпараттық жүйесінің", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйесін", "ақпараттық жүйесінде", "ақпараттық жүйелер", "

ақпараттық жүйелердің", "ақпараттық жүйелерде", "ақпараттық жүйелерден", "ақпараттық жүйелерді", "ақпараттық жүйелерге", "электрондық үкіметтің", "электрондық үкімет", "ақпараттандыру саласындағы", "Ақпараттандыру саласындағы", "Ақпараттандыру және", "ақпараттық қауіпсіздікті", "Ақпараттық қауіпсіздікті" деген сөздер тиісінше "рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық тізіліміне", "рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық тізілімі", "рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық тізілімін", "рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық тізілімінің", "рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық тізілімінен", "Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық тізілімі", "рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық тізілімінде", "цифрлық жүйесінің", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйесін", "цифрлық жүйесінде", "цифрлық жүйелер", "цифрлық жүйелердің", "цифрлық жүйелерде", "цифрлық жүйелерден", "цифрлық жүйелерді", "цифрлық жүйелерге", "цифрлық үкіметтің", "цифрлық үкімет", "цифрландыру саласындағы", "Цифрландыру саласындағы", "Цифрландыру және", "киберқауіпсіздікті", "Киберқауіпсіздікті" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

1-1) тармақша алып тасталсын;

25) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"25) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесі – лицензиялауды, сәйкестендіру нөмірін бере отырып, рұқсат алу бөлігінде рұқсат беру рәсімдерін цифрлық түрде жүзеге асыруға, өтініш берушінің хабарлама жіберуіне және осы процестерді қамтамасыз етуге арналған "цифрлық үкіметтің" құрауышы болып табылатын цифрлық жүйе;"

мынадай мазмұндағы 29-1) тармақшамен толықтырылсын:

"29-1) цифрландыру саласындағы уәкілетті орган – цифрландыру саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;"

3) 7-баптың 3-тармағындағы "ақпараттандыру объектілерінде" деген сөздер "цифрлық объектілерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 28-баптың 1-тармағының 7) тармақшасындағы "ақпараттандыру" деген сөз "цифрландыру" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 29-баптың 3-тармағында:

3) және 4) тармақшалар алып тасталсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;"

6) 33-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда лицензияны қайта ресімдеуге өтініш беру "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес проактивті көрсетілетін қызмет арқылы қайта ресімдеу кезінде талап етілмейді.

Лицензияны проактивті көрсетілетін қызмет арқылы қайта ресімдеу үшін өтініш берген күн осы көрсетілетін қызметті ұсынуға келісім алған күн болып есептеледі.";

7) 36-баптың 8-тармағы "қайта ресімдеудің" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ лицензияның қолданысын тоқтата тұрудың" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 46-бапта:

2-тармақтағы "ақпараттандыру объектілерінде" деген сөздер "цифрлық объектілерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың бірінші бөлігіндегі "электрондық ақпараттық ресурстардан" деген сөздер "цифрлық ресурстардан" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 9-тараудың тақырыбындағы "ақпараттық-коммуникациялық" деген сөздер "цифрлық" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 48-баптың 7-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеру және рұқсатты не уәжделген бас тартуды беру өтініш берушіні тексерудің және рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік цифрлық жүйесінде рұқсат берудің автоматты режимінде жүзеге асырылатын рұқсаттардың тізбесін рұқсат беру органының бекітілген нормативтік құқықтық актісі негізінде цифрландыру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.";

11) 3-қосымша мынадай мазмұндағы 66-тармақпен толықтырылсын:

"66. Цифрлық деректер өнімдерін алмасу және олардың айналымы платформасы қызметінің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама."

83. "Астана Хаб" инновациялық кластері туралы" 2014 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "ақпараттандыру саласындағы", "ақпараттық-коммуникациялық және инновациялық технологиялар", "ақпараттық-коммуникациялық технологияларды", "Ақпараттандыру саласындағы" деген сөздер тиісінше "цифрлық технологиялар", "цифрландыру саласындағы", "цифрлық және инновациялық технологиялар", "цифрлық технологияларды", "Цифрландыру саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

84. "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы" 2015 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

5-баптың 1-тармағының 27) тармақшасындағы "ақпараттық қауіпсіздік" деген сөздер "киберқауіпсіздік" деген сөзбен ауыстырылсын.

85. "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 6-1) тармақшасындағы "электрондық ақпараттық ресурстарды", "ақпараттық-коммуникациялық платформа" деген сөздер тиісінше "цифрлық ресурстарды", "цифрлық платформа" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 26-1-бапта:

3) тармақшадағы "электрондық ақпараттық ресурстарды", "ақпараттық қауіпсіздігін" деген сөздер тиісінше "цифрлық ресурстарды", "киберқауіпсіздігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақшада:

"ақпараттық жүйелерін" деген сөздер "цифрлық жүйелерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"электрондық ақпараттық ресурстарды" деген сөздер "цифрлық ресурстарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ақпараттық қауіпсіздікті" деген сөздер "киберқауіпсіздікті" деген сөзбен ауыстырылсын.

86. "Қоғамдық кеңестер туралы" 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

10-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "ақпараттық жүйелерден" деген сөздер "цифрлық жүйелерден" деген сөздермен ауыстырылсын.

87. "Өзін-өзі реттеу туралы" 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

19-баптың 1-тармағы бірінші бөлігінің 10) тармақшасындағы "ақпараттық жүйесіне" деген сөздер "цифрлық жүйесіне" деген сөздермен ауыстырылсын.

88. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық технологияларды", "ақпараттық технологиялар", "электрондық үкімет", "ақпараттық", "ақпараттық жүйелері", "ақпараттық жүйелердің", "ақпараттық жүйелер", "ақпараттық жүйелерге", "ақпараттық жүйелерімен", "ақпараттық жүйесі" деген сөздер тиісінше "цифрлық технологияларды", "цифрлық технологиялар", "цифрлық үкімет", "цифрлық", "цифрлық жүйелері", "цифрлық жүйелердің", "цифрлық жүйелер", "цифрлық жүйелерге", "цифрлық жүйелерімен", "цифрлық жүйесі" деген сөздермен ауыстырылсын.

89. "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйелер", "ақпараттық жүйелердің", "ақпараттық жүйелерге", "электрондық ақпараттық ресурстарды", "электрондық ақпараттық ресурстардың", "электрондық үкімет", "электрондық үкіметтің", "Электрондық үкіметтің" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйелер", "цифрлық

жүйелердің", "цифрлық жүйелерге", "цифрлық ресурстарды", "цифрлық ресурстардың", "цифрлық үкімет", "цифрлық үкіметтің", "Цифрлық үкіметтің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

4), 6), 6-1) және 7) тармақшалардағы "ақпараттандыру объектісі" деген сөздер "ашық үкіметтің құрауышы" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1) ашық үкімет – мемлекеттің қызметі туралы ақпаратқа қол жеткізуді және азаматтардың шешімдерді талқылауға және қабылдауға қатысуын ашық деректердің, ашық бюджеттердің, ашық нормативтік құқықтық актілердің өзара байланысты интернет-порталдары арқылы қамтамасыз ететін цифрлық объект;"

мынадай мазмұндағы 7-2) тармақшамен толықтырылсын:

"7-2) қоғамдық маңызы бар ақпарат – осы Заңның 6-бабында белгіленген, қоғамдық мүддені білдіретін ақпарат;"

8-1) және 11) тармақшалардағы "ақпараттандыру объектісі" деген сөздер "ашық үкіметтің құрауышы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 6-2-баптың 2-тармағында:

бірінші абзацтағы "Ақпараттандыру саласындағы" деген сөздер "Цифрландыру саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшадағы "ақпараттандыру объектілерінде" деген сөздер "цифрлық объектілерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

"ақпараттандыру саласындағы" деген сөздер "цифрландыру саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ақпараттандыру объектілерінде" деген сөздер "цифрлық объектілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 11-баптың 9-тармағындағы "электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" деген сөздер "цифрлық" деген сөзбен ауыстырылсын.

90. "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйесіне", "ақпараттық жүйелері", "ақпараттық жүйелерді", "ақпараттық жүйелерімен", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйелерден", "ақпараттық жүйелерге", "ақпараттық жүйелерінен", "ақпараттық жүйесінде", "электрондық ақпараттық ресурстарына", "электрондық ақпараттық ресурстарын" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесіне", "цифрлық жүйелері", "цифрлық жүйелерді", "цифрлық жүйелерімен", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйелерден", "цифрлық жүйелерге", "цифрлық жүйелерінен", "цифрлық жүйесінде", "цифрлық ресурстарына", "цифрлық ресурстарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 17-баптың 3-тармағының бірінші және екінші бөліктеріндегі "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы және" деген сөздер "Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасында және Қазақстан Республикасының" деген сөздермен ауыстырылсын.

91. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 4) тармақшасы "жұмыс істейтін" деген сөздерден кейін "авиациялық оқиғаларды тергеп-тексеру жөніндегі уәкілетті ұйымның және" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 21-баптың 2-тармағының 9) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерді" деген сөздер "цифрлық жүйелерді" деген сөздермен ауыстырылсын.

92. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйені", "ақпараттық жүйеде", "ақпараттық жүйелері", "ақпараттық жүйелер", "ақпараттық жүйелерге" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйені", "цифрлық жүйеде", "цифрлық жүйелері", "цифрлық жүйелер", "цифрлық жүйелерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 10-баптың бірінші бөлігінің 16) тармақшасындағы "ақпараттық ресурстарымен жұмыс процесінде ақпараттық қауіпсіздікті" деген сөздер "цифрлық ресурстарымен жұмыс процесінде киберқауіпсіздікті" деген сөздермен ауыстырылсын.

93. "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Киберқауіпсіздік туралы";

2) кіріспе алып тасталсын;

3) 1-бөлімнің тақырыбы алып тасталсын;

4) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпаратты қорғау құралы – ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуге арналған және пайдаланылатын бағдарламалық қамтылым, техникалық және өзге де құралдар;

2) артықшылықты құқықтары бар пайдаланушы – цифрлық объектіге қол жеткізу құқықтары жоғары, оның жұмыс істеуінің штаттық пайдалану жағдайларын қамтамасыз ететін пайдаланушы;

3) аса маңызды цифрлық объектілер – жұмыс істеуінің бұзылуы немесе тоқтауы қолжетімділігі шектелген дербес деректерді және заңмен қорғалатын құпияны қамтитын өзге де мәліметтерді заңсыз жинауға және өңдеуге, әлеуметтік және (немесе) техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындауына немесе қорғаныс, қауіпсіздік, халықаралық қатынастар, экономика, шаруашылықтың жекелеген салалары

үшін немесе тиісті аумақта тұратын халықтың тыныс-тіршілігі, оның ішінде жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, сумен жабдықтау, өнеркәсіп, денсаулық сақтау, байланыс, банк саласы, көлік, гидротехникалық құрылысжайлар, құқық қорғау қызметі, "цифрлық үкімет" инфрақұрылымы үшін елеулі теріс салдарға алып келетін цифрлық объектілер;

4) Бастапқы кодтардың ұлттық репозиторийі – бастапқы кодтарды және олардан құрамдалған цифрлық объектілердің орындалатын кодтарын сақтау орны;

5) домендік атау – Интернетті адрестеу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған, белгілі бір желілік мекенжайға сәйкес келетін және Интернет объектісіне атауы бойынша жүгінуге арналған символдық (әріптік-цифрлық) белгіленім;

6) зиянды бағдарлама – цифрлық деректерге санкцияланбаған қол жеткізуді, оларды жоюды, бұғаттауды, модификациялауды не көшіруді жүзеге асыруға, сондай-ақ цифрлық объектілердің жұмыс істеуін бұзуға мүмкіндік беретін жасалған немесе қолданыстағы бағдарлама немесе енгізілген өзгерістері бар бағдарламалық өнім;

7) Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзі – Интернетке және (немесе) Интернетке шығатын байланыс желілеріне қол жеткізу кезінде цифрлық объектіні қорғауға арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

8) киберқауіпсіздік – цифрлық объектілердің құпиялылығын, тұтастығын немесе қолжетімділігін бұзудан қорғалу жай-күйі;

9) киберқауіпсіздік аудиті – цифрлық объектілердің қорғалу жай-күйінің киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігін бағалау;

10) киберқауіпсіздік зерттеушісі – киберқауіпсіздікті зерттеушілермен өзара іс-қимыл жасау бағдарламасына қатысатын киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы маман;

11) киберқауіпсіздік қатері – киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғасының туындауына алғышарттар жасайтын жағдайлар мен факторлардың жиынтығы;

12) киберқауіпсіздік оқиғаларын басқару жүйесі – цифрлық объектінің оқиғаларды тіркеу журналдарын жинау және талдау арқылы киберқауіпсіздік оқиғаларын автоматтандырылған түрде анықтауға арналған бағдарламалық қамтылым немесе аппараттық-бағдарламалық кешен;

13) киберқауіпсіздік оқиғаларының мониторингі – киберқауіпсіздік оқиғаларын басқару жүйесі арқылы киберқауіпсіздік оқиғаларын анықтау және сәйкестендіру мақсатында цифрлық объектіні тұрақты қадағалау;

14) киберқауіпсіздік оқиғасы – киберқауіпсіздіктің ықтимал бұзылуын немесе киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысы болуы мүмкін бұрын белгісіз жағдайды көрсететін, цифрлық объектінің жай-күйінің сәйкестендірілген туындауы;

15) киберқауіпсіздікті зерттеушілермен өзара іс-қимыл жасау бағдарламасы – киберқауіпсіздікті зерттеушілердің цифрлық объектілердегі осалдықты анықтау үшін

олармен өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз ететін ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар;

16) киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуді мониторингтеу жүйесі – цифрлық технологияларды қауіпсіз пайдалану мониторингін жүргізуге бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар;

17) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығы – шетелдік заңды және жеке тұлғалардың қатысуынсыз Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, цифрлық объектілерді қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға немесе заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі;

18) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

19) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ұлттық даму институты – киберқауіпсіздік саласын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға;

20) киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою қызметі – шетелдік заңды және жеке тұлғалардың қатысуынсыз Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын, осы Заңда белгіленген құзыретке сәйкес киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғасына ден қоюды жүзеге асыратын заңды тұлға немесе заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі;

21) киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғасы – цифрлық объектінің киберқауіпсіздігіне теріс әсер ететін оқиға немесе оқиғалар жиынтығы;

22) киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғасына ден қою – цифрлық объектілердің және олардағы цифрлық деректердің штаттық жұмыс істеуін қорғау және қалпына келтіру үшін қабылданған іс-қимылдарды қоса алғанда, киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғасын барынша азайту немесе жою үшін қабылданған іс-әрекеттер, цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін оқиғаларды немесе бұзушылықтарды анықтауды, талдауды және оларға қарсы іс-қимыл жасау үшін шаралар қабылдауды қамтитын процесс;

23) киберқауіпсіздіктің салалық орталығы – ведомстволық бағынысты ұйымдарға және (немесе) реттелетін басқару саласына қатысты киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асыратын заңды тұлға немесе мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі;

24) киберқауіпсіздіктің ішкі аудиті – ұйым өз мүддесі үшін жүзеге асыратын, ұйымдағы цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігінің ағымдағы жай-күйінің сапалық және сандық сипаттамаларын бақылаудың объективті, құжатталған процесі;

25) кибермәдениет – цифрлық ортада қауіпсіз және жауапты мінез-құлық нормалары мен құндылықтарының жиынтығы;

26) қорғау бейіні – цифрлық объектілердің құрауыштары болып табылатын бағдарламалық және техникалық құралдардың қауіпсіздігіне қойылатын ең төмен талаптардың тізбесі;

27) мемлекеттік техникалық қызмет – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған мемлекеттік заңды тұлға;

28) осалдық – цифрлық объектінің киберқауіпсіздікке қатер төндіретін кемшілігі;

29) техникалық құралдар – цифрлық деректерді жинау, өңдеу, сақтау, коммутациялау және беру үшін пайдаланылатын құрылғылар;

30) технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі – нақты уақыт режимінде өндірістік процестерді автоматтандыруға, басқаруға, бақылауға және мониторингтеуге арналған цифрлық инфрақұрылым объектісі;

31) цифрлық объектілер сыныптауышы (бұдан әрі – сыныптауыш) – цифрлық объектілерді сәйкестендіруге, санатқа бөлуге, сипаттауға және есепке алуға бағытталған санаттардың жүйеленген тізбесі;

32) цифрлық оқиғаларды журналға енгізу – кейіннен талдау, ауытқуларды анықтау және киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын зерттеу мақсатында цифрлық объектілерде болып жатқан оқиғалар туралы цифрлық жазбаларды жүйелі түрде жазу, жинау және сақтау процесі;

33) "цифрлық үкіметтің" электрондық поштасының бірыңғай шлюзі – киберқауіпсіздік талаптарына сәйкес "цифрлық үкіметтің" электрондық поштасын қорғауды қамтамасыз ететін аппараттық-бағдарламалық кешен.";

5) 2, 3, 4 және 5-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бап. Қазақстан Республикасының киберқауіпсіздік туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының киберқауіпсіздік туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың осы Заң алдында басымдығы болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

Осы Заңның қолданылу аясы Қазақстан Республикасының аумағында цифрлық объектілердің өмірлік циклінің барлық кезеңінде мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар арасында туындайтын киберқауіпсіздік саласындағы қоғамдық қатынастар болып табылады.

4-бап. Киберқауіпсіздік саласындағы қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеудің мақсаты мен қағидаттары

1. Қазақстан Республикасының орнықты дамуын қамтамасыз ететін цифрлық объектілердің қорғалуына қол жеткізу және қорғалуын қолдау киберқауіпсіздікті

қамтамасыз ету саласындағы қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеудің мақсаты болып табылады.

2. Киберқауіпсіздік саласындағы мемлекеттік реттеу мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

- 1) заңдылық;
- 2) цифрлық технологияларды қолдану кезінде жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 3) жеке адам, қоғам мен мемлекет құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің теңгерімі және олардың цифрлық ортадағы өзара жауапкершілігі;
- 4) жеке тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау;
- 5) жеке және заңды тұлғалардың киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызметке қатысу және оның нәтижелерін пайдалану құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің теңдігі.

5-бап. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік реттеудің міндеттері

Мыналар киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік реттеудің міндеттері болып табылады:

- 1) цифрлық объектілерді және аса маңызды цифрлық объектілерді олардың өмірлік циклінің барлық кезеңінде қорғау;
 - 2) киберқауіпсіздік саласын қалыптастыруға және дамытуға жәрдемдесу;
 - 3) киберқауіпсіздіктің заманауи шешімдерін дамыту және өндірістік процестерге ендіру үшін жағдайларды қамтамасыз ету;
 - 4) кибермәдениетті арттыру;
 - 5) киберқауіпсіздік саласындағы бірыңғай ғылыми, техникалық, мемлекеттік технологиялық саясатты қалыптастыру және іске асыру;
 - 6) мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың цифрлық объектілерінің киберқауіпсіздігін қамтамасыз етуді мониторингтеу;
 - 7) киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларының, оның ішінде әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы енгізілген жағдайларда алдын алу және оларға жедел ден қою;
 - 8) киберқауіпсіздік саласындағы шешімдер мен кадр әлеуетін дамыту;
 - 9) халықаралық ынтымақтастыққа қатысу;
 - 10) Қазақстан Республикасының киберқауіпсіздік туралы заңнамасын жетілдіру.";
- 6) 2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
- "2-тарау. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік реттеу";
- 7) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

2) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ұлттық даму институтын айқындайды;

3) цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптарды бекітеді;

4) киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қоюдың дағдарысқа қарсы ұлттық жоспарын бекітеді;

5) Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде өзіне жүктелген өзге де функцияларды орындайды.";

8) 7-бап алып тасталсын;

9) 7-1, 7-2, 7-3, 7-4 және 7-5-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

2) стратегиялық, реттеушілік, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асырады;

3) цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптарды әзірлейді;

4) аса маңызды цифрлық объектілердің тізбесін, сондай-ақ цифрлық объектілерді аса маңызды объектілерге жатқызу қағидалары мен өлшемшарттарын бекітеді;

5) "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілері мен аса маңызды цифрлық объектілердің киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтар жүргізу әдістемесі мен қағидаларын бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша мемлекеттік органдардың цифрлық объектілерінің киберқауіпсіздігі оқиғаларына мониторинг жүргізу қағидаларын бекітеді;

7) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерінің және аса маңызды цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингін жүргізу қағидаларын бекітеді;

8) цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптардың орындалуын мониторингтеуді жүргізу қағидаларын бекітеді;

- 9) цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптардың орындалуын мониторингтеуді жүзеге асырады;
- 10) цифрландыру саласында, сондай-ақ электрондық құжатқа және электрондық цифрлық қолтаңбаға қойылатын талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 11) Қазақстан Республикасының цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған кезде орындау үшін нұсқамалар жібереді;
- 12) әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы енгізілген кезде цифрлық объектілерді басқару жөніндегі қызметті үйлестіруді жүзеге асырады;
- 13) "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерін өнеркәсіптік пайдалануға беруге қатысады;
- 14) цифрлық ресурстарды алу, көшіру, тарату, модификациялау, жою немесе бұғаттау жөніндегі құқыққа сыйымсыз әрекеттердің алдын алуды қоса алғанда, цифрлық объектілердің меншік иелеріне, иегерлеріне және пайдаланушыларына цифрлық технологияларды қауіпсіз пайдалану мәселелерінде жәрдемдесуді ұйымдастырады;
- 15) киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қоюдың дағдарысқа қарсы ұлттық жоспарын әзірлейді;
- 16) домендік атаулардың әкімшісін және тіркеушісін айқындайды, Интернеттің қазақстандық сегментінің кеңістігінде домендік атауларды тіркеу, пайдалану және бөлу қағидаларын бекітеді;
- 17) цифрлық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасының жұмыс істеу қағидаларын, аса маңызды цифрлық объектілердің цифрлық ресурстарын резервтік көшірудің кезеңділігін бекітеді;
- 18) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзінің және "цифрлық үкіметтің" электрондық поштасы бірыңғай шлюзінің жұмыс істеу қағидаларын бекітеді;
- 19) Бастапқы кодтардың ұлттық репозиторийінің жұмыс істеу қағидаларын бекітеді;
- 20) қорғау бейіндерін және қорғау бейіндерін әзірлеу әдістемесін бекітеді;
- 21) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету орталықтары, киберқауіпсіздіктің салалық орталықтары мен Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығы арасында киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажетті ақпарат алмасу қағидаларын бекітеді;
- 22) мемлекеттік техникалық қызметтің сараптамалары негізінде инвестициялық ұсыныстарға және бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемелеріне киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында қорытындылар береді;
- 23) Қазақстан Республикасы арнаулы мемлекеттік органдарының цифрлық объектілерін қоспағанда, мемлекеттік техникалық қызметтің сараптамалары негізінде "

цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерін құруға немесе дамытуға арналған техникалық құжаттаманы, оның ішінде техникалық тапсырманы киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан келіседі;

24) киберқауіпсіздікті зерттеушілермен өзара іс-қимыл жасау бағдарламасының жұмыс істеу қағидаларын бекітеді;

25) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ұлттық даму институтының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

26) цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы талаптарды сақтау бөлігінде бұзушылықтарды жою туралы нұсқама немесе акт белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда, субъектіні нұсқамада немесе актіде көрсетілген әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу туралы талап қоюды сотқа береді;

27) "цифрлық үкіметтің" веб-порталында дербес деректер субъектілерін жеке кабинеті арқылы хабардар ету мақсатында қауіпсіздігі бұзылған дербес деректерді өңдейді;

28) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

7-2-бап. Орталық атқарушы органдар мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құзыреті

Орталық атқарушы органдар мен Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар:

1) цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

2) уәкілетті орган ұсынған кибермәдениеттің базалық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді;

3) өз құзыреті шегінде аса маңызды цифрлық объектілерге жататын цифрлық объектілерді айқындайды;

4) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органды, арнаулы мемлекеттік органдарды және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қоспағанда, Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ұлттық үйлестіру орталығының жұмыскерлерін цифрлық объектілерге қол жеткізетін жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді;

5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Орталық атқарушы органдардың құзыреті де Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде айқындалады.

7-3-бап. Жергілікті атқарушы органдардың киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құзыреті

Жергілікті атқарушы органдар:

- 1) цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;
- 2) цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптардың орындалуын мониторингтеуді жүзеге асырады;
- 3) кибермәдениетті арттыру үшін жағдайлар жасайды;
- 4) өз құзыреті шегінде аса маңызды цифрлық объектілерге жататын цифрлық объектілерді айқындайды;
- 5) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты цифрландыру саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 6) киберқауіпсіздік саласын дамытуға, оның ішінде инвестициялар тарту арқылы жәрдемдеседі;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық архивін және орталық мемлекеттік архивтерді жасақтау көздерін қоспағанда, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары электрондық құжатқа және электрондық цифрлық қолтаңбаға қойылатын талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

7-4-бап. Киберқауіпсіздіктің мемлекеттік жедел орталығы

1. Киберқауіпсіздіктің мемлекеттік жедел орталығы:

- 1) Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығының киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуді мониторингтеу жүйесі арқылы "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерінің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингін жүзеге асырады;
- 2) мемлекеттік органдардың цифрлық объектілерінің киберқауіпсіздік оқиғаларының мониторингін жүзеге асырады;
- 3) "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерінде киберқауіпсіздіктің қатерлері мен оқыс оқиғаларын анықтау, жолын кесу және зерттеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады және оларды жою немесе болғызбау жөніндегі ұсынымдарды қалыптастырады ;
- 4) "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерінің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою жөніндегі іс-шараларды үйлестіруді жүзеге асырады;
- 5) мемлекеттік органдардың цифрлық объектілері бойынша киберқауіпсіздікті зерттеушілермен өзара іс-қимыл жасау бағдарламасының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

6) "цифрлық үкімет" операторымен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша уәкілетті орган бекітетін "цифрлық үкімет" платформасының киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету регламентіне сәйкес "цифрлық үкімет" платформасының киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады;

7) дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органды дербес деректер қауіпсіздігінің бұзылғаны туралы ол анықталған кезден бастап үш сағат ішінде хабардар етеді.

2. Киберқауіпсіздіктің мемлекеттік жедел орталығының жұмыскерлері өз қызметінің нәтижесінде алған коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

7-5-бап. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығы

1. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығы:

1) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығына қосылған цифрлық объектілердің киберқауіпсіздік қатерлерін анықтау, бағалау, болжау, оқшаулау, бейтараптандыру және олардың алдын алу жөніндегі қызметті жүзеге асырады;

2) киберқауіпсіздік қатерлерін барынша азайту жөнінде шаралар қабылдайды, цифрлық объектінің меншік иесін және (немесе) иегерін, сондай-ақ Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығын киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғалары мен қатерлерінің анықталу фактілері туралы дереу хабардар етеді;

3) "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілеріне жатпайтын аса маңызды цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингін жүзеге асырады;

4) киберқауіпсіздіктің салалық орталығымен, Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығымен және киберқауіпсіздікті қамтамасыз етудің басқа да орталықтарымен киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығына қосылған цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті ақпарат алмасуды жүзеге асырады;

5) киберқауіпсіздік оқиғалары мен оның оқыс оқиғалары туралы мәліметтерді жинауды, шоғырландыруды, талдауды және сақтауды жүзеге асырады;

6) аса маңызды цифрлық объектілердің иелеріне және (немесе) иегерлеріне цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті ақпаратты, оның ішінде киберқауіпсіздік қатерлері, бағдарламалық қамтылымның, құрылғылар мен технологиялардың осалдығы, киберқауіпсіздік қатерлерін іске асыру тәсілдері, киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларының туындау алғышарттары, сондай-ақ олардың алдын алу және зардаптарын жою әдістері туралы ақпаратты береді;

7) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығына өз қызметін жүзеге асыру шеңберінде белгілі болған, таралуы шектелген мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етеді;

8) Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығы үшін киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығына қосылған "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерінің оқиғаларын тіркеу журналдарына қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

9) киберқауіпсіздікті зерттеушілермен өзара іс-қимыл жасаудың меншікті бағдарламасын жасауға немесе киберқауіпсіздікті зерттеушілермен өзара іс-қимыл жасау бағдарламасын пайдалану қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес үшінші тұлғалардан сатып алуға құқылы;

10) технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелерінің киберқауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

11) дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органды дербес деректер қауіпсіздігінің бұзылғаны туралы ол анықталған кезден бастап үш сағат ішінде хабардар етеді;

12) дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органның келісімімен "цифрлық үкіметтің" веб-порталында дербес деректер субъектілерін жеке кабинет арқылы хабардар ету мақсатында қауіпсіздігі бұзылған дербес деректерді өңдеуге құқылы;

13) деректерді өңдеу орталықтарына ұлттық техникалық аудит жүргізеді;

14) өзінің цифрлық объектілерінде цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

15) киберқауіпсіздік аудитін жүргізеді;

16) цифрлық объектілердің, оның ішінде дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыратын цифрлық объектілердің киберқауіпсіздіктің цифрлық оқиғаларына мониторинг пен журналға енгізуді жүргізеді.

2. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығы өз қызметін ақпарат таралып кететін техникалық арналарды және жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнаулы техникалық құралдарды анықтау жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған лицензия негізінде жүзеге асырады.

3. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығының жұмыскерлері өз қызметінің нәтижесінде алған коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

4. Осы баптың 2-тармағының талабы киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығының функцияларын олардың құрылымдық бөлімшелері жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарына, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне қолданылмайды.";

10) 7-6-бап алып тасталсын;

11) 7-7 және 7-8-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"7-7-бап. Киберқауіпсіздіктің компьютерлік оқыс оқиғаларына ден қою жөніндегі ұлттық қызмет

1. Киберқауіпсіздіктің компьютерлік оқыс оқиғаларына ден қою жөніндегі ұлттық қызмет:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-шараларды жүргізе отырып, "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерінің, Интернеттің қазақстандық сегментінің, сондай-ақ аса маңызды цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету, қорғау және олардың қауіпсіз жұмыс істеуін мониторингтеу, киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою мәселелері бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

2) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша цифрлық объектілердің меншік иелеріне, иегерлеріне және пайдаланушыларына жәрдемдеседі;

3) дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органды дербес деректер қауіпсіздігінің бұзылғаны туралы ол анықталған кезден бастап үш сағат ішінде хабардар етеді.

2. Киберқауіпсіздіктің компьютерлік оқыс оқиғаларына ден қою жөніндегі ұлттық қызметтің жұмыскерлері өз қызметінің нәтижесінде алған коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

7-8-бап. Киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою қызметі

1. Киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою қызметі:

1) киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғалары және киберқауіпсіздіктің өзекті қатерлері туралы ақпаратты жинауды және талдауды жүзеге асырады, сондай-ақ оларды жою жөнінде ұсынымдар береді;

2) киберқауіпсіздік қатерлеріне қарсы іс-қимылға бағытталған ұсынымдар әзірлейді ;

3) цифрлық объектілердің меншік иелері мен иегерлерін, сондай-ақ Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығын белгілі болған киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғалары мен қатерлері туралы хабардар етеді;

4) киберқауіпсіздікті зерттеушілермен өзара іс-қимыл жасаудың меншікті бағдарламасын жасауға немесе киберқауіпсіздікті зерттеушілермен өзара іс-қимыл жасау бағдарламасын пайдалану қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес үшінші тұлғалардан сатып алуға құқылы;

5) дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органды дербес деректер қауіпсіздігінің бұзылғаны туралы ол анықталған кезден бастап үш сағат ішінде хабардар етеді;

6) өзінің цифрлық объектілерінде цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

2. Киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою қызметі өз қызметін ақпарат таралып кететін техникалық арналарды және жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізуге

арналған арнаулы техникалық құралдарды анықтау жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған лицензия негізінде жүзеге асырады.

3. Киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою қызметінің жұмыскерлері өз қызметінің нәтижесінде алған коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

4. Осы баптың 2-тармағының талабы киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларына ден қою қызметінің функцияларын олардың құрылымдық бөлімшелері жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне қолданылмайды.";

12) 8-бап алып тасталсын;

13) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығы

1. Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығы:

1) киберқауіпсіздіктің салалық орталықтары мен киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету орталықтарының "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілеріндегі және аса маңызды цифрлық объектілердегі киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпаратын жинауды, талдауды және қорытуды жүзеге асырады;

2) Киберқауіпсіздіктің компьютерлік оқыс оқиғаларына ден қою жөніндегі ұлттық қызметтің міндеттері мен функцияларын іске асырады;

3) Киберқауіпсіздіктің мемлекеттік жедел орталығының міндеттері мен функцияларын іске асырады;

4) дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органды дербес деректер қауіпсіздігінің бұзылғаны туралы ол анықталған кезден бастап үш сағат ішінде хабардар етеді.

2. Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығының жұмыскерлері өз қызметінің нәтижесінде алған коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.";

14) 9-1-бап алып тасталсын;

15) 10-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Киберқауіпсіздіктің салалық орталығы

1. Киберқауіпсіздіктің салалық орталығы мемлекеттік реттеудің тиісті саласының (аясының) цифрлық объектілері меншік иелерінің немесе иегерлерінің киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуін ұйымдастырады және үйлестіреді, оның ішінде:

1) ұйымдардың киберқауіпсіздігі қатерлерін талдау, бағалау, болжау және олардың алдын алу жөніндегі қызметті жүзеге асырады;

2) Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығымен киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажетті ақпарат алмасуды жүзеге асырады;

3) тиісті саланың (аяның) цифрлық объектілерінің меншік иелерінен немесе иегерлерінен келіп түскен киберқауіпсіздіктің оқиғалары мен оқыс оқиғалары туралы мәліметтерді жинауды, шоғырландыруды, талдауды және сақтауды жүзеге асырады;

4) тиісті саланың (аяның) цифрлық объектілерінің меншік иелеріне немесе иегерлеріне киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажетті ақпаратты, оның ішінде киберқауіпсіздік қатерлері, тиісті саланың (аяның) цифрлық объектілеріндегі осалдық, киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларының туындау алғышарттары, сондай-ақ олардың алдын алу және зардаптарын жою әдістері туралы ақпаратты береді;

5) киберқауіпсіздіктің салалық орталығына өз қызметін жүзеге асыру шеңберінде белгілі болған таралуы шектелген мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етеді;

6) дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органды дербес деректер қауіпсіздігінің бұзылғаны туралы ол анықталған кезден бастап үш сағат ішінде хабардар етеді;

7) технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелерінің және аса маңызды цифрлық объектілердің құрамына кіретін технологиялық процестерді басқару жүйелерінің киберқауіпсіздігін қамтамасыз етуді киберқауіпсіздіктің салалық орталығы қызметінің ішкі регламенттерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде үйлестіреді;

8) цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптар негізінде мемлекеттік реттеудің тиісті саласында (аясында) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қосымша талаптарды әзірлейді.

2. Киберқауіпсіздіктің салалық орталығының жұмыскерлері өз қызметінің нәтижесінде алған коммерциялық құпияны, банк құпиясын немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

3. Киберқауіпсіздіктің салалық орталығы өз функцияларын жүзеге асыру үшін киберқауіпсіздіктің оқиғалары мен оқыс оқиғалары бойынша ақпаратты жинау, өңдеу және алмасу жөніндегі цифрлық объектіні пайдаланады, оны салалық ұйымдардың қосу және пайдалану тәртібін мемлекеттік реттеудің тиісті саласының (аясының) уәкілетті органы айқындайды.";

16) 11, 12, 13, 13-3 және 13-4-баптар алып тасталсын;

17) 14 және 14-1-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Мемлекеттік техникалық қызмет

1. Мемлекеттік техникалық қызмет цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларында мемлекеттік монополияға жатқызылған мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзінің және "цифрлық үкіметтің" электрондық поштасы бірыңғай шлюзінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

2) "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерінің киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтар жүргізеді;

3) инвестициялық ұсынысқа және бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесіне және "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектісін құруға немесе дамытуға арналған техникалық тапсырмаға киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан сараптама жүргізеді;

4) интернет-ресурстардың мониторингін, сондай-ақ Интернеттің қазақстандық сегменті кеңістігінде домендік атаулар жүйесінің жұмыс істеуіне мониторингті жүзеге асырады;

5) Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығының міндеттері мен функцияларын іске асырады;

6) Ұлттық бейнемониторинг жүйесіне қол жеткізу құқықтарын әкімшілендіруді, оның жұмыс істеуін мониторингтеуді және киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингін жүзеге асырады;

7) цифрлық объектілерде қамтылған дербес деректерді сақтау, өңдеу және тарату процестерінің қорғалуын қамтамасыз етуді зерттеп-қарауды жүзеге асырады;

8) Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығының цифрлық объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

9) цифрлық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен аса маңызды цифрлық объектілердің цифрлық ресурстарын резервтік көшірудің кезеңділігін белгілейді;

10) цифрландыру саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға қатысады;

11) Бастапқы кодтардың ұлттық репозиторийін пайдалану қызметтерін ұсынады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген, мемлекеттік техникалық қызмет өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (орындалатын жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті белгілейді.

14-1-бап. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ұлттық даму институты

Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ұлттық даму институты:

1) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

2) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлейді;

3) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асырады;

4) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы жобалардың ғылыми-техникалық сараптамасын жүргізеді;

5) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында даярлауды, қайта даярлауды және біліктілікті арттыруды жүзеге асырады.";

18) 15-бап алып тасталсын;

29) 3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы цифрлық объектілердің меншік иелерінің және иегерлерінің құқықтары мен міндеттері, аса маңызды цифрлық объектілердің меншік иесінің және (немесе) иегерінің міндеттері";

20) 16, 17 және 18-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Цифрлық объектілердің меншік иелерінің құқықтары мен міндеттері

1. Цифрлық объектілердің меншік иесі:

1) цифрлық объектілерді жалға, сенімгерлік басқаруға, шаруашылық жүргізуге немесе жедел басқаруға беруге және оларға өзге де түрде билік етуге;

2) өз құзыреті шегінде цифрлық объектілерді өңдеу, қорғау және оларға қол жеткізу режимі мен қағидаларын белгілеуге;

3) цифрлық объектілерді сақтау, көшіру және тарату кезінде оларға билік ету шарттарын айқындауға;

4) цифрлық объектілерді иелену және пайдалану шарттарын айқындауға;

5) осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

2. Цифрлық объектілердің меншік иесі:

1) цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

2) осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес цифрлық ресурстар мен цифрлық инфрақұрылым объектілеріне қолжетімділікті таратуға, беруге, шектеуге немесе оған тыйым салуға;

3) осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

3. Дербес деректерді қамтитын цифрлық объектінің меншік иесі Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасында көзделген шараларды қабылдауға міндетті.

4. Цифрлық объектінің меншік иесі өзіне тиесілі цифрлық объектілерде орналастырылған цифрлық ресурстардың сақталу қауіпсіздігі және қорғалуы үшін цифрлық ресурстардың меншік иесінің және (немесе) иегерінің алдында жауапты болады.

17-бап. Цифрлық объектілердің иегерінің құқықтары мен міндеттері

1. Цифрлық объектінің иегері:

1) цифрлық объектілерді меншік иесі айқындаған шарттарда иеленуге және пайдалануға;

2) осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес цифрлық объектілерге қол жеткізу және пайдалану шарттарын айқындауға;

3) цифрлық жүйеде цифрлық ресурстарды өңдеу шарттарын айқындауға;

4) осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

2. Цифрлық объектілердің иегері:

1) цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

2) цифрлық объектілердің меншік иесінің және үшінші тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтауға;

3) осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

3. Дербес деректер қамтылған цифрлық объектінің иегері Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасында көзделген шараларды қабылдауға міндетті.

4. Цифрлық объектінің иегері өзіне тиесілі объектілерде орналастырылған цифрлық ресурстардың, цифрлық объектілердің сақталу қауіпсіздігі және қорғалуы үшін цифрлық ресурстардың, цифрлық объектілердің меншік иесінің және (немесе) иегерінің алдында жауапты болады.

18-бап. Аса маңызды цифрлық объектілердің меншік иесінің және (немесе) иегерінің міндеттері

1. Аса маңызды цифрлық объектілердің меншік иесі немесе иегері:

1) өзінің киберқауіпсіздікті қамтамасыз етудің меншікті орталығын құруға және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге немесе киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығы көрсететін қызметтерді Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес үшінші тұлғалардан цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптарда белгіленген көлемде (жиынтықта) сатып алуға;

2) "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілері болып табылатын аса маңызды цифрлық объектілер үшін киберқауіпсіздіктің цифрлық оқиғаларын журналға енгізу жүйелерін Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығының киберқауіпсіздікті қамтамасыз етуді мониторингтеу жүйесінің техникалық құралдарына дербес немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес үшінші тұлғалардың көрсететін қызметтерін сатып алу арқылы қосуды қамтамасыз етуге;

3) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерінің және аса маңызды цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингін жүргізу қағидаларында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде, аса маңызды цифрлық объектілер қосылған Киберқауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығы мен киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығын дербес анықталған киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы хабардар етуге;

4) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен және мерзімдерде цифрлық ресурстардың резервтік

көшірмелерін цифрлық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасына беруді жүзеге асыруға міндетті.

Цифрлық ресурстың меншік иесін немесе иегерін қоспағанда, цифрлық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасында сақталатын цифрлық ресурстардың көшірмесіне қол жеткізуге тыйым салынады.

2. Заңмен қорғалатын құпияны қамтитын деректерді өңдейтін аса маңызды цифрлық объектілердің меншік иесі және (немесе) иегері жылына бір реттен сиретпей киберқауіпсіздік аудитін жүргізеді. Екінші деңгейдегі банктердің киберқауіпсіздік аудиті Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.";

21) 19 және 20-баптар алып тасталсын;

22) 2-бөлімнің тақырыбы алып тасталсын;

23) 4-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету субъектілері мен объектілері";

24) 21, 22, 25, 26, 27 және 28-баптар алып тасталсын;

25) мынадай мазмұндағы 28-1 және 28-2-баптармен толықтырылсын:

"28-1-бап. Киберқауіпсіздікті зерттеуші

1. Киберқауіпсіздікті зерттеуші:

1) цифрлық объектінің меншік иесі және (немесе) иегері белгілеген шекараларда осалдықты іздеуді жүзеге асырады;

2) анықталған осалдық сипатталған есепті ұсынады;

3) цифрлық объектілердің меншік иелерін және (немесе) иегерлерін анықталған осалдық туралы хабардар етеді;

4) анықталған осалдық туралы мәліметтерді ол толық жойылғанға дейін және цифрлық объектінің меншік иесі және (немесе) иегері тарапынан ресми рұқсат берілгенге дейін ашпайды;

5) анықталған осалдықты жеке немесе заңсыз мақсаттарда пайдаланбайды;

6) осалдықты іздеу кезінде цифрлық объектінің штаттық жұмыс істеуін бұзбайды.

2. Киберқауіпсіздікті зерттеуші өз қызметінің нәтижесінде алған коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

28-2-бап. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы лицензиялау

1. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызмет Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензиялауға жатады.

2. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы лицензиаттар лицензиарға есептерді, хабарламаларды, тізбені ұсынады, олардың нысандары мен кезеңділігін біліктілік талаптары шеңберінде лицензиар айқындайды.";

26) 29, 30 және 30-1-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"29-бап. Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы

1. Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасы – "цифрлық үкіметтің" инфрақұрылымына кіретін және мемлекеттік органдардың, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ уәкілетті орган айқындаған өзге де цифрлық орта субъектілерінің оқшау (Интернетке қолжетімділігі бар оқшау желілерді қоспағанда), ведомстволық және корпоративтік телекоммуникация желілерінің өзара іс-қимыл жасауын киберқауіпсіздіктің қажетті деңгейін сақтай отырып қамтамасыз етуге арналған телекоммуникациялар желісі.

2. Мемлекеттік органдар, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдары және жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ уәкілетті орган айқындаған цифрлық ортаның өзге де субъектілері оқшау (Интернетке қолжетімділігі бар оқшау желілерді қоспағанда), ведомстволық және корпоративтік желілердің өзара іс-қимыл жасауы үшін тек қана мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасын пайдалануға міндетті.

3. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасына, жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілеріне және басқа да телекоммуникация желілеріне қосылған оқшау, ведомстволық және корпоративтік желілерді қосу цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

30-бап. Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзі және "цифрлық үкіметтің" электрондық поштасының бірыңғай шлюзі

1. Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік заңды тұлғалардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, сондай-ақ аса маңызды цифрлық объектілердің меншік иелерінің немесе иегерлерінің цифрлық объектілерін Интернетке қосуды байланыс операторлары Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзі арқылы жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының цифрлық объектілерін Интернетке қосу цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдары және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери барлау органдары жедел мақсаттарда, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзін пайдаланбай Интернетке қосуды ұйымдастыруы мүмкін.

Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган киберқауіпсіздіктің салалық орталығының функцияларын іске асыруды ескере отырып, Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзін пайдаланбай Интернетке қосылуды ұйымдастыруы мүмкін.

4. Мемлекеттік органдар мен аса маңызды цифрлық объектілердің меншік иелері және (немесе) иегерлері электрондық поштасының өзге тұлғалардың сыртқы

электрондық поштасымен электрондық өзара іс-қимыл жасауы электрондық хабарларды қайта бағыттау арқылы жүзеге асырылады.

30-1-бап. Ұлттық бейнемониторинг жүйесі

1. Ұлттық бейнемониторинг жүйесі – ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық құқық тәртібін қамтамасыз ету міндеттерін шешу үшін бейнекескіндерді жинауды, өңдеуді және сақтауды жүзеге асыратын бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығын білдіретін цифрлық жүйе.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделмеген міндеттерді шешу үшін Ұлттық бейнемониторинг жүйесі арқылы алынған мәліметтерді пайдалануға жол берілмейді.

3. Мыналар Ұлттық бейнемониторинг жүйесіне міндетті түрде қосылуға жататын объектілердің санаттары болып табылады:

1) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың бейнебақылау жүйелері;

2) террористік тұрғыдан осал объектілерді бейнебақылау жүйелері;

3) қоғамдық және жол қауіпсіздігін бейнебақылау жүйелері.

Ұлттық бейнемониторинг жүйесіне міндетті түрде қосылуға жататын объектілердің тізбесін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметімен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті айқындайды.

4. Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары мен ішкі істер органдары Ұлттық бейнемониторинг жүйесін пайдаланушылар болып табылады.

Ұлттық бейнемониторинг жүйесін пайдалануға құқығы бар қызметтердің, бөлімшелердің және қызметкерлер санаттарының тізбесін Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары мен ішкі істер органдарының басшылары айқындайды.

Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің жұмыс істеуі нәтижесінде алынған мәліметтер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда өзге де мемлекеттік органдарға берілуі мүмкін.

5. Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті бекітеді.";

27) мынадай мазмұндағы 30-2-баппен толықтырылсын:

"30-2-бап. Цифрлық оқиғаларды журналға енгізу

1. Цифрлық оқиғаларды журналға енгізу цифрлық оқиғалар журналдарын жинау, есепке алу мен сақтау және олардың өзгермеуі арқылы қамтамасыз етіледі.

2. Цифрлық оқиғаларды журналға енгізу мемлекеттік органдардың цифрлық объектілерінде және мемлекеттік органдар өз қызметін цифрландыру үшін пайдаланатын өзге де тұлғалардың цифрлық объектілерінде артықшылықты құқықтары бар пайдаланушылардың іс-әрекеттері нәтижесінде туындайтын цифрлық оқиғалар журналдарын мониторингтеуді, талдауды және сақтауды қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

3. Цифрлық оқиғаларды журналға енгізуді жүзеге асыру тәртібін уәкілетті орган айқындайды.";

28) 31-бап алып тасталсын;

29) 5-тараудың тақырыбы алып тасталсын;

30) 32, 33, 34, 35 және 36-баптар алып тасталсын;

31) 6-тараудың тақырыбы алып тасталсын;

32) 37-бап алып тасталсын;

33) 38-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"38-бап. "Цифрлық үкіметтің" цифрлық объектісіне қойылатын киберқауіпсіздік талаптары

1. "Цифрлық үкіметтің" цифрлық объектісі Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын стандарттарға, "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектісінің өмірлік цикліне сәйкес және мыналарды:

1) цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптарды;

2) "цифрлық үкімет" архитектурасын, сондай-ақ деректерді басқару жөніндегі талаптарды;

3) "цифрлық үкіметтің" басқа да цифрлық объектілерімен интеграциялануын (қажет болған жағдайда);

4) "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектісінің Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығының киберқауіпсіздік оқиғаларын мониторингтеу жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимыл жасауын;

5) киберқауіпсіздікті қамтамасыз етудің меншікті орталығын құруды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуді немесе цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптарда белгіленген көлемде (жиынтықта) киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығы көрсететін қызметтерді Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес үшінші тұлғалардан сатып алуды;

6) еркін бағдарламалық қамтылымның басымдығын;

7) сыныптауышқа сәйкес сынып беруді;

8) мүмкіндігі шектеулі пайдаланушыларға қолжетімділікті қамтамасыз етуді ескере отырып құрылады, пайдаланылады және дамытылады.

2. Мемлекеттік цифрлық ресурстарды қалыптастыруға арналған мемлекеттік заңды тұлғаның цифрлық жүйесі және мемлекеттік емес цифрлық жүйе Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын стандарттарға, цифрлық жүйенің өмірлік цикліне сәйкес және мынадай талаптар:

1) уәкілетті органмен және цифрландыру саласындағы уәкілетті органмен келісілген техникалық тапсырманың;

2) киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынаудың оң нәтижелері бар сынақ хаттамаларының;

3) мемлекеттік органның цифрлық жүйесі өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген "цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзі арқылы ғана мемлекеттік емес цифрлық жүйемен интеграциясының талаптары;

4) цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптар орындалған жағдайда құрылады, пайдаланылады және дамытылады.

3. Цифрлық ресурста қамтылған ақпарат, нормативтік-техникалық құжаттама, сондай-ақ мемлекеттік органдардың цифрлық жүйесінің басқа да ілеспе құжаттары қазақ және орыс тілдерінде жасалады және сақталады.

4. Мемлекеттік органның цифрлық жүйесінің меншік иесі немесе иегері немесе ол уәкілеттік берген тұлға киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету мониторингін жүргізу үшін оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік органның цифрлық жүйесіне Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығына қолжетімділікті қамтамасыз етеді.";

34) 39, 39-1, 40, 41 және 41-1-баптар алып тасталсын;

35) 42-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"42-бап. "Цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымының цифрлық ресурстарын өңдеу, сақтау және резервтік көшіру құралдарына қойылатын міндетті талаптар

1. "Цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымы объектілерінің жұмыс істеу сенімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін цифрлық ресурстарды сақтау, өңдеу және беру үшін пайдаланылатын техникалық құралдар Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келуге міндетті.

2. "Цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымы объектісінің меншік иесі немесе иегері, сондай-ақ "цифрлық үкімет" операторы "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымы объектілерінде қамтылған мемлекеттік цифрлық ресурстарды сақтауды жүзеге асырады және қажет болған жағдайда қалпына келтіруді қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының заңдарында және тараптардың келісімімен белгіленген тәртіппен мемлекеттік цифрлық ресурстардың жоғалуына, модификациялануына немесе сақталуын өзге де қамтамасыз етпеуге жауапты болады.

3. Мемлекеттік цифрлық ресурстардың резервтік көшірмесін дайындауды қамтамасыз ету "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылым объектісінің меншік иесі мен иегері немесе "цифрлық үкімет" операторы үшін міндетті болып табылады.

Мемлекеттік цифрлық ресурстарды қамтитын резервтік көшірмені жасау және сақтау тәсілі келесі резервтік көшірме жасалғанға дейін цифрлық ресурстардың сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Мемлекеттік цифрлық ресурстарды резервтік көшірудің мерзімділігі "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектісіне арналған техникалық құжаттамада белгіленеді.";

36) 43 және 44-баптар алып тасталсын;

37) 8-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"8-тарау. Киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестікке сынақтар жүргізу, киберқауіпсіздік аудиті";

38) 48-бап алып тасталсын;

39) 49 және 50-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"49-бап. Киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестікке сынақтар жүргізу

1. Цифрлық объектілерге киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтар жүргізу міндетті түрде және (немесе) меншік иесінің немесе иегердің бастамасы бойынша жүргізіледі.

2. Киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне міндетті сынақтар жүргізуге жататын сынақ объектілеріне мыналар жатады:

1) платформалық бағдарламалық өнім;

2) "цифрлық үкіметтің" платформасы;

3) мемлекеттік органның, мемлекеттік заңды тұлғаның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің интернет-ресурсы;

4) мемлекеттік органның, мемлекеттік заңды тұлғаның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің цифрлық жүйесі;

5) аса маңызды цифрлық объектілер;

6) мемлекеттік цифрлық ресурстарды қалыптастыруға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға және мемлекеттік қызметтер көрсетуге арналған мемлекеттік емес цифрлық жүйе.

3. Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығының электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалығын тексеру жөніндегі сервистерін пайдалану үшін мемлекеттік органның цифрлық жүйесі мен мемлекеттік емес цифрлық жүйеге киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынақтар жүргізу талап етілмейді.

4. Цифрлық объектілерге (меншік иесі (иегері) және (немесе) тапсырыс беруші мемлекеттік орган болып табылатын цифрлық объектілерді қоспағанда) киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан сынақты осы Заңға және Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес аккредиттелген сынақ зертханалары жүргізеді.

5. Цифрлық объектілердің сапасын бағалау мақсатында оларға сынақ жүргізу Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

50-бап. Киберқауіпсіздік аудиті

1. Цифрлық объектілердің киберқауіпсіздік аудиті олардың меншік иесінің және (немесе) иегерінің бастамасы бойынша жүргізіледі.

2. Цифрлық объектілердің меншік иесі және (немесе) иегері ішкі аудит жүргізуге немесе киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында лицензиясы бар заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес көрсетілетін қызметті сатып алуға құқылы.

3. Аса маңызды цифрлық объектілердің, заңмен қорғалатын құпиясы бар цифрлық деректерді өңдейтін цифрлық объектілердің иегері жылына бір реттен сиретпей

киберқауіпсіздік аудитін жүргізеді. Аудит нәтижелері уәкілетті органға және Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығына жіберіледі.";

40) 52-баптағы "Ақпараттандыру" деген сөз "Цифрлық орта" деген сөздермен ауыстырылсын;

41) 9-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-тарау. Цифрлық объектілерді қорғау";

42) 53 және 54-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"53-бап. Цифрлық объектілерді қорғау мақсаттары

1. Цифрлық объектілерді сақтауға, оларға құқыққа сыйымсыз және (немесе) абайсызда қол жеткізуге және (немесе) әсер етуге жол бермеуге бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешенін іске асыру цифрлық объектілерді қорғау болып табылады.

2. Цифрлық объектілерді қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын стандарттарға сәйкес:

1) цифрлық ресурстардың қызметін қамтамасыз ету;

2) қолжетімділігі шектелген цифрлық ресурстардың құпиялылық режимін қамтамасыз ету;

3) киберқауіпсіздік субъектілерінің цифрлық ресурстарға қол жеткізу құқығын іске асыру;

4) цифрлық ресурстарға қатысты санкцияланбаған және (немесе) абайсызда қол жеткізуге, таралып кетуге және өзге де әрекеттерге, сондай-ақ цифрлық инфрақұрылым объектілеріне санкцияланбаған және (немесе) абайсызда әсер етуге жол бермеу;

5) цифрлық объектілер мен аса маңызды цифрлық объектілердің жұмыс істеуінің бұзылуына жол бермеу;

6) телекоммуникация желілерінің абоненттері туралы қызметтік ақпаратқа және телекоммуникация хабарларына санкцияланбаған және (немесе) абайсызда қол жеткізуге жол бермеу;

7) телекоммуникация желілерінің абоненттік құрылғыларының жұмысын санкцияланбаған және (немесе) абайсызда бұғаттауға жол бермеу мақсатында жүзеге асырылады.

3. Мыналар цифрлық объектілерге қатысты өзге де санкцияланбаған және (немесе) абайсызда болған әрекеттер болып табылады:

1) цифрлық ресурстар мен цифрлық инфрақұрылым объектілеріне қол жеткізуді шектеуге немесе жабуға алып келетін әрекеттер түрінде жасалған цифрлық ресурстар мен цифрлық инфрақұрылым объектілерін бұғаттау;

2) цифрлық объектілерді санкцияланбаған және (немесе) абайсызда модификациялау;

3) цифрлық ресурстарды санкцияланбаған және (немесе) абайсызда көшіру;

4) цифрлық ресурстарды санкцияланбаған және (немесе) абайсызда жою, жоғалту;

5) цифрлық объектілердің жұмысын бұзу;

6) зиянды бағдарламаларды пайдалану.

4. Цифрлық объектілерді қорғау сыныптауышқа сәйкес берілген сыныпқа сай жүзеге асырылады.

54-бап. Цифрлық объектілерді қорғауды ұйымдастыру

1. Цифрлық объектілерді қорғауды:

1) цифрлық ресурстарға қатысты – олардың меншік иелері, иегерлері және пайдаланушылары;

2) цифрлық инфрақұрылым объектілеріне және аса маңызды цифрлық объектілерге қатысты – олардың меншік иелері немесе иегерлері жүзеге асырады.

2. "Цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылым объектілерінің және аса маңызды цифрлық объектілердің меншік иелері немесе иегерлері мыналарды:

1) санкцияланбаған қол жеткізуге жол бермеуді;

2) егер санкцияланбаған қол жеткізудің алдын алу мүмкін болмаса, мұндай санкцияланбаған қол жеткізу фактілерін уақтылы анықтауды;

3) қол жеткізу тәртібін бұзудың қолайсыз салдарын барынша азайтуды;

4) цифрлық ресурстарды өңдеу және беру құралдарына санкцияланбаған әсер етуге жол бермеуді;

5) киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын, осалдықты жоюды;

6) санкцияланбаған қол жеткізу салдарынан модификацияланған не жойылған цифрлық ресурстарды жедел қалпына келтіруді;

7) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын цифрлық ресурстардың меншік иелерін және (немесе) иегерлерін қоспағанда, цифрлық деректерді кейіннен жібере отырып, орын алған киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғасы туралы, киберқауіпсіздіктің оқыс оқиғасын жою жөнінде қабылданған шаралар туралы Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығын дереу хабардар етуді;

8) "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерінің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингі мәселелері бойынша Киберқауіпсіздіктің ұлттық үйлестіру орталығымен ақпараттық өзара іс-қимыл жасауды;

9) Киберқауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығына "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілеріне және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету орталықтарына "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерінің және аса маңызды цифрлық объектілердің киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингін жүргізу қағидаларына сәйкес киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету мониторингін іске асыруға бағытталған ұйымдастырушылық-техникалық іс-шараларды жүргізу үшін аса маңызды цифрлық объектілерге қол жеткізуді беруді қамтамасыз ететін шараларды қабылдауға міндетті.

3. Мемлекеттік органдардың цифрлық объектілерінің меншік иелері немесе иегерлері мыналарды:

1) Интернетке қолжетімділігі бар цифрлық объектілердің "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілері үшін киберқауіпсіздікті зерттеушілермен өзара іс-қимыл жасау бағдарламасына қатысуын;

2) "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілері үшін киберқауіпсіздікті зерттеушілермен өзара іс-қимыл жасау бағдарламасы шеңберінде анықталған осалдықты жоюды;

3) осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес өзге де міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін шараларды қабылдауға міндетті.

4. Мемлекеттік органдардың қызметін цифрландыруға арналған мемлекеттік емес цифрлық объектілердің меншік иелері немесе иегерлері мемлекеттік органдардың цифрлық объектілерімен интеграцияланғанға дейін:

1) цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды;

2) киберқауіпсіздікті қамтамасыз етудің меншікті орталығын құрады және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді немесе киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығы көрсететін қызметтерді Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес үшінші тұлғалардан сатып алады.

5. Мемлекеттік органдарды, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын, мемлекеттік заңды тұлғаларды, квазимемлекеттік сектор субъектілерін қоспағанда, аса маңызды цифрлық объектілердің меншік иелері немесе иегерлері аса маңызды цифрлық объектілер тізбесіне енгізілген күннен бастап алты ай ішінде:

1) киберқауіпсіздік саласына жататын, цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптарға сәйкестік жөнінде шаралар қабылдайды;

2) киберқауіпсіздікті қамтамасыз етудің меншікті орталығын құрады және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді немесе киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығы көрсететін қызметтерді Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес үшінші тұлғалардан сатып алады;

3) киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестікке сынақтар рәсімінен өтеді;

4) жүргізілген киберқауіпсіздік аудиті жөніндегі ақпаратты киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органға береді.

6. Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы енгізілген кезде интернет-ресурстар мен цифрлық инфрақұрылым объектілерін басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган жүзеге асырады.";

43) мынадай мазмұндағы 54-1-баппен толықтырылсын:

"54-1-бап. Цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптар

1. Цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптар Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

2. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласына жататын, цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптардың ережелері мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік заңды тұлғалардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, мемлекеттік органдардың цифрлық объектілерімен интеграцияланатын немесе мемлекеттік цифрлық ресурстарды қалыптастыруға арналған мемлекеттік емес цифрлық объектілердің меншік иелері мен иегерлерінің, сондай-ақ аса маңызды цифрлық объектілердің меншік иелері мен иегерлерінің қолдануы үшін міндетті.

3. Цифрландыру және киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларындағы бірыңғай талаптардың ережелері мемлекеттік құпияларға жатқызылған қорғалған түрде орындалған цифрлық жүйелерге, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын цифрлық объектілерге, сондай-ақ арнаулы мақсаттағы телекоммуникациялар желісіне және (немесе) президенттік, үкіметтік және қорғалған байланыс желілеріне қолданылмайды.";

44) 55-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"55-бап. Цифрлық объектілерді қорғау шаралары

1. Цифрлық объектілерді қорғаудың құқықтық шараларына мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын цифрландыру саласындағы стандарттар;

2) Қазақстан Республикасының цифрландыру заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық;

3) цифрлық объектілердің меншік иесі немесе иегері жасасатын, оларда осы объектілердің жұмыс істеу, оларға қол жеткізу немесе оларды пайдалану шарттары, сондай-ақ оларды бұзғаны үшін жауаптылық белгіленетін келісімдер.

2. Цифрлық объектілерді қорғаудың ұйымдастырушылық шараларына цифрлық объектілерге қол жеткізу жүзеге асырылуы мүмкін аумаққа (ғимараттарға, үй-жайларға) кіру режимін белгілеу және қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға қол жеткізуді шектеу жатады.

3. Цифрлық объектілерді қорғаудың техникалық (бағдарламалық-техникалық) шараларына мыналар жатады:

1) ақпаратты қорғау құралдарын пайдалану, ал мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге қатысты – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген, дайындалған және (немесе) пайдалануға қабылданып алынған, мемлекеттік құпияларды құрайтын ақпаратты қорғау құралдарын қолдана отырып қана пайдалану;

2) цифрлық объектілерге қол жеткізуді бақылау және қол жеткізу фактілерін тіркеу жүйесін пайдалану;

3) цифрлық объектілердің меншік иелерінің немесе иегерлерінің қорғау шараларын айқындауы үшін бекітілген қорғау бейіндерінің негізінде қауіпсіздік жөніндегі тапсырманы әзірлеу.

4. Цифрлық объектілерді қорғаудың техникалық (бағдарламалық-техникалық) шараларын пайдалану жеке тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне, сондай-ақ заңды тұлғалардың мүлкіне және мемлекеттік мүлікке зиян келтірмеуге немесе зиян келтіру қатерін туғызбауға тиіс.";

45) 56-бапта:

тақырыптағы "электрондық ақпараттық ресурстарды" деген сөздер "цифрлық ресурстарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктегі "ақпараттық жүйелердің" деген сөздер "цифрлық жүйелердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "электрондық ақпараттық ресурстар" деген сөздер "цифрлық ресурстар" деген сөздермен ауыстырылсын;

46) 3-бөлімнің тақырыбы алып тасталсын;

47) 10-тараудың тақырыбы алып тасталсын;

48) 57-бап алып тасталсын;

49) 59-бапта:

тақырыптағы "Ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздікті" деген сөздер "Цифрлық орта және киберқауіпсіздікті" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Цифрлық үкіметтің" цифрлық объектісін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырманы келісуді киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган цифрландыру саласындағы уәкілетті орган бекіткен "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерін құруға және дамытуға арналған техникалық тапсырмаларды жасау және қарау қағидаларында айқындалған тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырады.";

"3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы заңнамасына сәйкес цифрландыру саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің республикалық және жергілікті жобалары шеңберінде "цифрлық үкіметтің" цифрлық объектілерін құру және дамыту кезінде киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган жекеше әріптесті айқындау жөніндегі тікелей келіссөздер кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық құжаттамасын, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына бизнес-жоспарды келіседі.";

50) 60-бап алып тасталсын;

51) мынадай мазмұндағы 10-1-тараумен толықтырылсын:

"10-1-тарау. Цифрландыру саласындағы, сондай-ақ электрондық құжат пен электрондық цифрлық қолтаңбаға қойылатын талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау

60-1-бап. Цифрландыру саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Цифрландыру саласындағы мемлекеттік бақылау тексерулер, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау осы Заңға және Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік органдарға қатысты цифрландыру саласындағы мемлекеттік бақылау осы Заңның 60-3-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, осы баптың талаптары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және оның құрылымына кіретін ұйымдарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарына қолданылмайды.

60-2-бап. Цифрландыру саласында бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жүргізу тәртібі

1. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды уәкілетті орган бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бармай, цифрлық жүйелерді, ашық дереккөздерді, бұқаралық ақпарат құралдарын талдаудың және олардың деректерінің, сондай-ақ бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі туралы басқа да мәліметтердің негізінде жүзеге асырады.

2. Бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды дербес жою құқығын бақылау субъектісіне беру және бақылау субъектісіне әкімшілік жүктемені азайту бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары болып табылады.

3. Бақылау субъектілеріне бұзушылықтарды дербес жою құқығын беру үшін бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салдарын жоюға болатын бұзушылықтар бойынша ғана жүргізіледі.

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындысы бойынша бақылау субъектісіне анықталған бұзушылықтарды жою тәртібі міндетті түрде түсіндіріле отырып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалмай, оларды жою туралы ұсыным жасалады.

5. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным бақылау субъектісіне жеке қолын қойғызып немесе жөнелту және алу фактісін растайтын өзге тәсілмен табыс етілуге тиіс.

6. Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген, анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным мынадай жағдайларда:

- 1) қолма-қол – ұсынымда алғаны туралы белгі жасалған күннен бастап;
- 2) поштамен – хабарламасы бар тапсырысты хатпен;

3) электрондық тәсілмен – уәкілетті органның сұрау салуы кезінде бақылау субъектісінің хатта көрсетілген электрондық мекенжайына уәкілетті орган жөнелткен күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

7. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

8. Бақылау субъектісі анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды жіберген уәкілетті органға ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

9. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізіміне енгізуге алып келеді.

10. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау тоқсанына бір реттен жиілетпей жүргізіледі.

60-3-бап. Мемлекеттік органдарға қатысты цифрландыру саласында мемлекеттік бақылау жүргізу тәртібі

1. Мемлекеттік органдарға (бұдан әрі – тексерілетін мемлекеттік органдар) қатысты цифрландыру саласында мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган тексерулер нысанында жүргізеді.

Тексерулер мерзімдік және жоспардан тыс болып бөлінеді.

Тексерілетін мемлекеттік органдарға қатысты мерзімдік тексерулер мынадай ақпарат көздеріне:

- 1) алдыңғы тексерулердің нәтижелеріне;
- 2) есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелеріне;
- 3) мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын талдау нәтижелеріне;
- 4) мемлекеттік техникалық қызмет мәліметтеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Мерзімдік тексерулер киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның бірінші басшысы бекіткен мерзімдік тексерулер жүргізу жоспарына сәйкес жылына бір реттен жиі болмайтын кезеңділікпен жүргізіледі.

Уәкілетті орган мерзімдік тексерулер жүргізу жоспарын тексерулер жүргізу жылының алдындағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей бекітеді.

Мерзімдік тексерулер жүргізу жоспары уәкілетті органның интернет-ресурсында тексерулер жүргізу жылының алдындағы жылдың 20 желтоқсанынан кешіктірілмей орналастырылады.

Мерзімдік тексерулер жүргізу жоспарында мыналар қамтылады:

- 1) жоспардың бекітілген күні мен нөмірі;
- 2) мемлекеттік органның атауы;
- 3) тексерілетін мемлекеттік органның атауы;
- 4) тексерілетін мемлекеттік органның тұрған жері;
- 5) тексеру жүргізу мерзімдері;
- 6) тексерудің нысанасы;
- 7) жоспарға қол қоюға уәкілеттік берілген адамның қолтаңбасы.

Мерзімдік тексерулер жүргізу жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тексерілетін мемлекеттік орган таратылған, қайта ұйымдастырылған, оның атауы өзгерген немесе өкілеттіктері тексерілетін мемлекеттік органдар арасында қайта бөлінген жағдайларда жүзеге асырылады.

3. Уәкілетті орган мынадай:

1) тексерілетін мемлекеттік органға қатысты жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен, Қазақстан Республикасының киберқауіпсіздік туралы заңнамасы талаптарының бұзылуы туралы расталған жолданымдар болған;

2) құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жеке және заңды тұлғалар жүгінген;

3) жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтірудің нақты фактілері бойынша не зиян келтіру қатері туралы прокурор талап еткен;

4) жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтірудің нақты фактілері бойынша, сондай-ақ жойылмауы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіруге алып келетін Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының бұзылуының нақты фактілері бойынша мемлекеттік органдар жүгінген;

5) қылмыстық қудалау органының Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздер бойынша тапсырмасы болған;

6) тексеру нәтижелері туралы актінің орындалуына бақылау жүргізу қажет болған жағдайларда тағайындайтын тексеру жоспардан тыс тексеру болып табылады.

4. Уәкілетті органның лауазымды адамдарының тексеру жүргізу кезінде:

1) осы баптың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды көрсеткен кезде тексерудің нысанасына сәйкес тексерілетін мемлекеттік органның аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруге;

2) тексеру нәтижелері туралы актіге қоса тіркеу үшін тексерудің нысанасына сәйкес қағаз және цифрлық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін, сондай-ақ автоматтандырылған дерекқорларға (цифрлық жүйелерге) рұқсат алуға;

3) аудио-, фото- және бейнетүсірілімді жүзеге асыруға;

4) мемлекеттік органдардың, ведомстволық бағынысты және өзге де ұйымдардың мамандарын, консультанттары мен сарапшыларын тартуға құқығы бар.

5. Тексерілетін мемлекеттік орган не оның уәкілетті өкілі тексеру жүргізілген кезде:

1) уәкілетті органның тексеру жүргізуге келген лауазымды адамдарын:

осы бапта белгіленген мерзімдерге сәйкес келмейтін, тексеруді тағайындау туралы актіде (ұзарту туралы қосымша акт болған кезде онда) көрсетілген мерзімдер асып кеткен не өтіп кеткен;

осы баптың 8-тармағында көзделген құжаттар болмаған жағдайларда тексеруге жібермеуге;

2) тексеру нәтижелері туралы актіге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

6. Тексерілетін мемлекеттік орган не оның уәкілетті өкілі тексеру жүргізілген кезде:

1) уәкілетті органның лауазымды адамдарының аумаққа және үй-жайларға кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) уәкілетті органның лауазымды адамдарына тексеру нәтижелері туралы актіге қоса тіркеу үшін тексерудің нысанасына сәйкес қағаз және цифрлық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін ұсынуға, сондай-ақ автоматтандырылған дерекқорларға (цифрлық жүйелерге) рұқсат беруге;

3) тексеруді тағайындау туралы актінің және тексеру нәтижелері туралы актінің екінші данасына тексеру аяқталған күні белгі жасауға міндетті.

7. Тексеру тексеруді тағайындау туралы акт негізінде жүргізіледі.

Тексеруді тағайындау туралы актіде мыналар көрсетіледі:

1) актінің күні мен нөмірі;

2) мемлекеттік органның атауы;

3) тексеру жүргізуге уәкілеттік берілген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

4) мемлекеттік органдардың, ведомстволық бағынысты және өзге де ұйымдардың тексеру жүргізуге тартылатын мамандары, консультанттары мен сарапшылары туралы мәліметтер;

5) тексерілетін мемлекеттік органның атауы, оның тұрған жері.

Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі тексерілген жағдайда тексеруді тағайындау туралы актіде оның атауы мен тұрған жері көрсетіледі;

6) тексерудің нысанасы;

7) тексеру түрі;

8) тексеру жүргізу мерзімі;

9) тексеру жүргізу негіздері;

10) тексерілетін кезең;

11) тексерілетін мемлекеттік органның құқықтары мен міндеттері;

12) тексерілетін мемлекеттік орган басшысының не оның уәкілетті адамының актіні алғаны немесе алудан бас тартқаны туралы қолтаңбасы;

13) актіге қол қоюға уәкілеттік берілген адамның қолтаңбасы.

Тексеру жүргізу кезінде уәкілетті орган тексеру жүргізу нысанасын көрсете отырып, ол басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын тексерілетін мемлекеттік органды тексеру жүргізудің басталатыны туралы хабардар етуге міндетті.

Тексерілетін мемлекеттік органға тексеруді тағайындау туралы акт табыс етілген күн тексеру жүргізудің басталуы деп есептеледі.

8. Уәкілетті органның объектіге тексеруге келген лауазымды адамдары тексерілетін мемлекеттік органға:

- 1) тексеруді тағайындау туралы актіні;
- 2) қызметтік куәлігін не сәйкестендіру картасын;
- 3) қажет болған кезде құзыретті органның режимдік объектілерге баруға рұқсатын көрсетуге міндетті.

9. Тексеру жүргізу мерзімі тексерудің нысанасы, сондай-ақ алдағы жұмыстардың көлемі ескеріле отырып белгіленеді және он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Тексеру жүргізу мерзімі он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімге бір рет қана ұзартылуы мүмкін. Ұзарту уәкілетті орган басшысының шешімімен жүзеге асырылады.

Тексеру жүргізу мерзімдерін ұзарту тексерілетін мемлекеттік орган хабардар етіле отырып, тексеру мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актімен ресімделеді, онда тексеруді тағайындау туралы алдыңғы акт бұйрығының күні мен нөмірі және ұзарту себептері көрсетіледі.

Тексеру мерзімдерін ұзарту туралы хабарламаны уәкілетті орган табыс етілгені туралы хабарламамен тексерілетін мемлекеттік органға ұзартылғанға дейін бір жұмыс күні бұрын табыс етеді.

10. Тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті органның тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамдары тексеру нәтижелері туралы акт жасайды.

Тексеру нәтижелері туралы актінің бірінші данасы электрондық нысанда өз құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органға, екінші данасы тексерілетін мемлекеттік органда түпнұсқасы бар құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, қосымшалардың көшірмелерімен бірге танысу және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар мен басқа да әрекеттер қабылдау үшін қағаз жеткізгіште қол қойғызып немесе электрондық нысанда тексерілетін мемлекеттік органға (басшысына не оның уәкілетті адамына) табыс етіледі, үшінші данасы уәкілетті органда қалады.

11. Тексеру нәтижелері туралы актіде мыналар көрсетіледі:

- 1) актінің жасалған күні, уақыты және орны;
- 2) мемлекеттік органның атауы;
- 3) тексеруді тағайындау туралы актінің (мерзімді ұзарту туралы қосымша акт болған кезде оның) күні мен нөмірі;
- 4) тексеру жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

5) мемлекеттік органдардың, ведомстволық бағынысты және өзге де ұйымдардың тексеру жүргізуге тартылатын мамандары, консультанттары мен сарапшылары туралы мәліметтер;

6) тексерілетін мемлекеттік органның атауы, оның тұрған жері;

7) тексерудің нысанасы;

8) тексеру түрі;

9) тексеру жүргізу мерзімі мен кезеңі;

10) тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар және олардың сипаты туралы мәліметтер;

11) орындалу мерзімі көрсетілген, Қазақстан Республикасының киберқауіпсіздік туралы заңнамасы талаптарының анықталған бұзушылықтарын жою туралы талаптар;

12) тексерілетін мемлекеттік орган басшысының не оның уәкілетті адамының, сондай-ақ тексеру жүргізу кезінде қатысқан адамдардың актімен танысқаны немесе танысудан бас тартқаны туралы мәліметтер, олардың қолтаңбалары немесе қол қоюдан бас тарту туралы жазба;

13) тексеру жүргізген лауазымды адамдардың қолтаңбасы.

Тексеру нәтижелері туралы актіге тексеру нәтижелеріне байланысты құжаттар (олар болған кезде) және олардың көшірмелері қоса беріледі.

12. Тексеру нәтижелері бойынша ескертулер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда тексерілетін мемлекеттік орган оларды жазбаша түрде жазады. Ескертулер және (немесе) қарсылықтар тексеру нәтижелері туралы актіге қоса беріледі, бұл туралы тиісті белгі жасалады.

Уәкілетті орган тексерілетін мемлекеттік органның тексеру нәтижелері туралы актіге ескертулерін және (немесе) қарсылықтарын қарауға және он бес жұмыс күні ішінде уәжді жауап беруге тиіс.

Тексеру нәтижелері туралы актіні қабылдаудан бас тартылған жағдайда акт жасалады, оған тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамдар және тексерілетін мемлекеттік органның басшысы не оның уәкілетті өкілі қол қояды.

Тексерілетін мемлекеттік орган бас тарту себебі туралы жазбаша түсіндірме бере отырып, актіге қол қоюдан бас тартуға құқылы.

13. Тексеру нәтижелері туралы акт тексерілетін мемлекеттік органға тексеруді тағайындау туралы актіде немесе тексеру мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актіде көрсетілген тексерудің аяқталу мерзімінен кешіктірілмей табыс етілген күн тексеру мерзімінің аяқталуы деп есептеледі.

14. Тексеру нәтижелері туралы актінің орындалу мерзімдері оны орындаудың нақты мүмкіндігіне әсер ететін мән-жайлар ескеріле отырып, бірақ тексеру нәтижелері туралы акт табыс етілген күннен бастап кемінде күнтізбелік он күн болып айқындалады.

15. Тексеру нәтижелері туралы актінің орындалу мерзімдерін айқындау кезінде:

1) тексерілетін мемлекеттік органда бұзушылықтарды жою бойынша ұйымдастырушылық, техникалық мүмкіндіктердің болуы;

2) мемлекеттік органдарда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген міндетті қорытындыларды, келісулерді және басқа да құжаттарды алу мерзімдері ескеріледі.

16. Тексеру нәтижелері туралы актіде белгіленген анықталған бұзушылықтарды жою мерзімі өткеннен кейін тексерілетін мемлекеттік орган тексеру нәтижелері туралы актіде белгіленген мерзім ішінде уәкілетті органға растайтын құжаттармен бірге анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпарат беруге міндетті.

Анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпарат берілмеген жағдайда уәкілетті орган осы баптың 3-тармағының 6) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру тағайындауға құқылы.

17. Тексеруді жүзеге асыру кезінде тексерілетін мемлекеттік органның құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда тексерілетін мемлекеттік орган уәкілетті органның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған лауазымды адамға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасауға құқылы.

60-4-бап. Электрондық құжат пен электрондық цифрлық қолтаңбаға қойылатын талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау

1. Электрондық құжат пен электрондық цифрлық қолтаңбаға қойылатын талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау, егер осы тармақтың екінші бөлігінде өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жоспардан тыс тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдарға қатысты электрондық құжат пен электрондық цифрлық қолтаңбаға қойылатын талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Осы тармақтың талабы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және оның құрылымына кіретін ұйымдарға және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарына қолданылмайды.

60-5-бап. Мемлекеттік органдарға қатысты электрондық құжат пен электрондық цифрлық қолтаңбаға қойылатын талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізу тәртібі

1. Мемлекеттік органдарға (бұдан әрі – бақылау субъектілері) қатысты электрондық құжат пен электрондық цифрлық қолтаңбаға қойылатын талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган тексерулер нысанында жүргізеді.

Тексерулер мерзімдік және жоспардан тыс болып бөлінеді.

Бақылау субъектілеріне қатысты мерзімдік тексерулер мынадай ақпарат көздеріне:

- 1) алдыңғы тексерулердің нәтижелеріне;
- 2) есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелеріне;
- 3) мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын талдау нәтижелеріне;
- 4) "цифрлық үкімет" операторының мәліметтеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Мерзімдік тексерулер уәкілетті органның бірінші басшысы бекіткен мерзімдік тексерулер жүргізу жоспарына сәйкес жылына бір реттен жиі болмайтын кезеңділікпен жүргізіледі.

Уәкілетті орган мерзімдік тексерулер жүргізу жоспарын тексерулер жылының алдындағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей бекітеді.

Мерзімдік тексерулер жүргізу жоспары уәкілетті органның интернет-ресурсында тексерулер жылының алдындағы жылдың 20 желтоқсанынан кешіктірілмей орналастырылады.

Мерзімдік тексерулер жүргізу жоспарында мыналар қамтылады:

- 1) жоспардың бекітілген күні мен нөмірі;
- 2) мемлекеттік органның атауы;
- 3) бақылау субъектісінің атауы;
- 4) бақылау субъектісінің (объектісінің) тұрған жері;
- 5) тексеру жүргізу мерзімдері;
- 6) тексерудің нысанасы;
- 7) жоспарға қол қоюға уәкілеттік берілген адамның қолтаңбасы.

Мерзімдік тексерулер жүргізу жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бақылау субъектісі таратылған, қайта ұйымдастырылған, оның атауы өзгерген немесе өкілеттіктері бақылау субъектілері арасында қайта бөлінген жағдайларда жүзеге асырылады.

3. Уәкілетті орган мынадай:

1) бақылау субъектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен, Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасы талаптарының бұзылуы туралы расталған жолданымдар болған;

2) құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жеке және заңды тұлғалар жүгінген;

3) жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтірудің нақты фактілері бойынша не зиян келтіру қатері туралы прокурор талап еткен;

4) жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтірудің нақты фактілері бойынша, сондай-ақ жойылмауы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне зиян келтіруге алып келетін Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының бұзылуының нақты фактілері бойынша мемлекеттік органдар жүгінген;

5) қылмыстық қудалау органының Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздер бойынша тапсырмасы болған;

6) тексеру нәтижелері туралы актінің орындалуына бақылау жүргізу қажет болған жағдайларда тағайындайтын тексеру жоспардан тыс тексеру болып табылады.

4. Уәкілетті органның лауазымды адамдарының тексеру жүргізу кезінде:

1) осы баптың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды көрсеткен кезде тексерудің нысанасына сәйкес бақылау субъектісінің (объектісінің) аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруге;

2) тексеру нәтижелері туралы актіге қоса тіркеу үшін тексерудің нысанасына сәйкес қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін, сондай-ақ автоматтандырылған дерекқорларға (цифрлық жүйелерге) рұқсат алуға;

3) аудио-, фото- және бейнетүсірілімді жүзеге асыруға;

4) мемлекеттік органдардың, ведомстволық бағынысты және өзге де ұйымдардың мамандарын, консультанттары мен сарапшыларын тартуға құқығы бар.

5. Бақылау субъектілері не олардың уәкілетті өкілдері тексеру жүргізілген кезде:

1) уәкілетті органның тексеру жүргізуге келген лауазымды адамдарын:

осы бапта белгіленген мерзімдерге сәйкес келмейтін, тексеруді тағайындау туралы актіде (мерзімді ұзарту туралы қосымша акт болған кезде онда) көрсетілген мерзімдер асып кеткен не өтіп кеткен;

осы баптың 8-тармағында көзделген құжаттар болмаған жағдайларда тексеруге жібермеуге;

2) тексеру нәтижелері туралы актіге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

6. Бақылау субъектілері не олардың уәкілетті өкілдері тексеру жүргізілген кезде:

1) уәкілетті органның лауазымды адамдарының бақылау субъектісінің (объектісінің) аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) уәкілетті органның лауазымды адамдарына тексеру нәтижелері туралы актіге қоса тіркеу үшін тексерудің нысанасына сәйкес қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін ұсынуға, сондай-ақ автоматтандырылған дерекқорларға (цифрлық жүйелерге) рұқсат беруге;

3) тексеруді тағайындау туралы актінің және тексеру нәтижелері туралы актінің екінші данасына тексеру аяқталған күні белгі жасауға міндетті.

7. Тексеру тексеруді тағайындау туралы акт негізінде жүргізіледі.

Тексеруді тағайындау туралы актіде мыналар көрсетіледі:

1) актінің күні мен нөмірі;

2) мемлекеттік органның атауы;

3) тексеру жүргізуге уәкілеттік берілген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

4) мемлекеттік органдардың, ведомстволық бағынысты және өзге де ұйымдардың тексеру жүргізуге тартылатын мамандары, консультанттары мен сарапшылары туралы мәліметтер;

5) бақылау субъектісінің атауы, оның тұрған жері.

Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі тексерілген жағдайда тексеруді тағайындау туралы актіде оның атауы мен тұрған жері көрсетіледі;

6) тексерудің нысанасы;

7) тексеру түрі;

8) тексеру жүргізу мерзімі;

9) тексеру жүргізу негіздері;

10) тексерілетін кезең;

11) бақылау субъектісінің құқықтары мен міндеттері;

12) бақылау субъектісі басшысының не оның уәкілетті адамының актіні алғаны немесе алудан бас тартқаны туралы қолтаңбасы;

13) актіге қол қоюға уәкілеттік берілген адамның қолтаңбасы.

Тексеру жүргізу кезінде уәкілетті орган тексеру жүргізу нысанасын көрсете отырып, ол басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын бақылау субъектісін тексеру жүргізудің басталатыны туралы хабардар етуге міндетті.

Бақылау субъектісіне тексеруді тағайындау туралы акт табыс етілген күн тексеру жүргізудің басталуы деп есептеледі.

8. Уәкілетті органның объектіге тексеруге келген лауазымды адамдары бақылау субъектісіне:

1) тексеруді тағайындау туралы актіні;

2) қызметтік куәлігін не сәйкестендіру картасын;

3) қажет болған кезде құзыретті органның режимдік объектілерге баруға рұқсатын көрсетуге міндетті.

9. Тексеру жүргізу мерзімі тексерудің нысанасы, сондай-ақ алдағы жұмыстардың көлемі ескеріле отырып белгіленеді және он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Тексеру жүргізу мерзімі он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімге бір рет қана ұзартылуы мүмкін. Ұзарту уәкілетті орган басшысының шешімімен жүзеге асырылады.

Тексеру жүргізу мерзімдерін ұзарту бақылау субъектісі хабардар етіле отырып, тексеру мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актімен ресімделеді, онда тексеруді тағайындау туралы алдыңғы акт бұйрығының күні мен нөмірі және ұзарту себептері көрсетіледі.

Тексеру мерзімдерін ұзарту туралы хабарламаны уәкілетті орган табыс етілгені туралы хабарламамен бақылау субъектісіне ұзартылғанға дейін бір жұмыс күні бұрын табыс етеді.

10. Тексеру нәтижелері бойынша уәкілетті органның тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамдары тексеру нәтижелері туралы акт жасайды.

Тексеру нәтижелері туралы актінің бірінші данасы цифрлық нысанда өз құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органға, екінші данасы бақылау субъектісінде түпнұсқасы бар құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, қосымшалардың көшірмелерімен бірге танысу және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар мен басқа да әрекеттер қабылдау үшін қағаз жеткізгіште қол қойғызып немесе цифрлық нысанда бақылау субъектісіне (басшысына не оның уәкілетті адамына) табыс етіледі, үшінші данасы уәкілетті органда қалады.

11. Тексеру нәтижелері туралы актіде мыналар көрсетіледі:

1) актінің жасалған күні, уақыты және орны;

2) мемлекеттік органның атауы;

3) тексеруді тағайындау туралы актінің (мерзімді ұзарту туралы қосымша акт болған кезде оның) күні мен нөмірі;

4) тексеру жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

5) мемлекеттік органдардың, ведомстволық бағынысты және өзге де ұйымдардың тексеру жүргізуге тартылатын мамандары, консультанттары мен сарапшылары туралы мәліметтер;

6) бақылау субъектісінің атауы, оның тұрған жері;

7) тексерудің нысанасы;

8) тексеру түрі;

9) тексеру жүргізу мерзімі мен кезеңі;

10) тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар және олардың сипаты туралы мәліметтер;

11) орындалу мерзімі көрсетілген, Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасы талаптарының анықталған бұзушылықтарын жою туралы талаптар;

12) бақылау субъектісі басшысының не оның уәкілетті адамының, сондай-ақ тексеру жүргізу кезінде қатысқан адамдардың актімен танысқаны немесе танысудан бас тартқаны туралы мәліметтер, олардың қолтаңбалары немесе қол қоюдан бас тарту туралы жазба;

13) тексеру жүргізген лауазымды адамдардың қолтаңбасы.

Тексеру нәтижелері туралы актіге тексеру нәтижелеріне байланысты құжаттар (олар болған кезде) және олардың көшірмелері қоса беріледі.

12. Тексеру нәтижелері бойынша ескертулер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда бақылау субъектісі оларды жазбаша түрде жазады. Ескертулер және (немесе) қарсылықтар тексеру нәтижелері туралы актіге қоса беріледі, бұл туралы тиісті белгі жасалады.

Уәкілетті орган бақылау субъектісінің тексеру нәтижелері туралы актіге ескертулерін және (немесе) қарсылықтарын қарауға және он бес жұмыс күні ішінде уәжді жауап беруге тиіс.

Тексеру нәтижелері туралы актіні қабылдаудан бас тартылған жағдайда акт жасалады, оған тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамдар және бақылау субъектісінің басшысы не оның уәкілетті өкілі қол қояды.

Бақылау субъектісі бас тарту себебі туралы жазбаша түсіндірме бере отырып, актіге қол қоюдан бас тартуға құқылы.

13. Тексеру нәтижелері туралы акт бақылау субъектісіне тексеруді тағайындау туралы актіде немесе тексеру мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актіде көрсетілген тексерудің аяқталу мерзімінен кешіктірілмей табыс етілген күн тексеру мерзімінің аяқталуы деп есептеледі.

14. Тексеру нәтижелері туралы актінің орындалу мерзімдері оны орындаудың нақты мүмкіндігіне әсер ететін мән-жайлар ескеріле отырып, бірақ тексеру нәтижелері туралы акт табыс етілген күннен бастап кемінде күнтізбелік он күн болып айқындалады.

15. Тексеру нәтижелері туралы актінің орындалу мерзімдерін айқындау кезінде:

1) бақылау субъектісінде бұзушылықтарды жою бойынша ұйымдастырушылық, техникалық мүмкіндіктердің болуы;

2) мемлекеттік органдарда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген міндетті қорытындыларды, келісулерді және басқа да құжаттарды алу мерзімдері ескеріледі.

16. Тексеру нәтижелері туралы актіде белгіленген анықталған бұзушылықтарды жою мерзімі өткеннен кейін бақылау субъектісі тексеру нәтижелері туралы актіде белгіленген мерзім ішінде уәкілетті органға растайтын құжаттармен бірге анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпарат беруге міндетті.

Анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпарат берілмеген жағдайда уәкілетті орган осы баптың 3-тармағының 6) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру тағайындауға құқылы.

17. Тексеруді жүзеге асыру кезінде бақылау субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда бақылау субъектісі уәкілетті органның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған лауазымды адамға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасауға құқылы.";

52) 11-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"11-тарау. Киберқауіпсіздік саласын дамыту және осы саладағы халықаралық ынтымақтастық";

53) 61-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"61-бап. Киберқауіпсіздік саласын дамытуды мемлекеттік қолдау

1. Киберқауіпсіздік саласын дамытуды мемлекеттік қолдауды Қазақстан Республикасында киберқауіпсіздік саласын дамытуды ынталандыру мақсатында уәкілетті мемлекеттік органдар, киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ұлттық даму институты және басқа да ұлттық даму институттары жүзеге асырады.

2. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ұлттық даму институты өз қызметін осы Заңға сәйкес жүзеге асырады.

3. Киберқауіпсіздік саласын дамытуды мемлекеттік қолдаудың негізгі қағидаттары:

1) киберқауіпсіздік саласын жеке кәсіпкерлік және мемлекеттік-жекешелік әріптестік базасында дамыту;

2) киберқауіпсіздікті әзірлеуге тапсырыстар алу кезінде отандық заңды тұлғаларға басымдық беру;

3) отандық бағдарламалық қамтылым, бағдарламалық өнімдер өндірісін және техникалық құралдар өндірісін дамытуды ынталандыру;

4) киберқауіпсіздік нарығының құрылымын дамыту;

5) киберқауіпсіздік нарығында адал бәсекелестікті қолдау.

4. Мемлекеттік қолдау қағидаттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде көзделген шаралардан басқа, мыналар киберқауіпсіздік саласын дамыту жөніндегі шаралар болып табылады:

1) киберқауіпсіздік саласындағы қызметтің нормативтік-әдіснамалық базасын қалыптастыру және дамыту, оның ішінде халықаралық стандарттарды ендіру;

2) киберқауіпсіздік саласындағы жобаларды қаржыландыру;

3) киберқауіпсіздік саласындағы жобаларды венчурлік және өзге де бюджеттен тыс өтеулі қаржыландыру үшін жағдайлар жасау;

4) заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу, заңды тұлғаларды, оның ішінде шет елдердің қатысумен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілдермен құру арқылы киберқауіпсіздік саласындағы жобаларға инвестицияларды жүзеге асыру.";

54) 62-баптағы "Ақпараттық-коммуникациялық", "ақпараттық-коммуникациялық" деген сөздер тиісінше "Цифрлық", "цифрлық" деген сөздермен ауыстырылсын;

55) 12-тараудың тақырыбы алып тасталсын;

56) 63-баптағы "Ақпараттандыру саласындағы", "ақпараттандыру саласындағы", "ақпараттандыру субъектілері", "ақпараттандыру саласында", "ақпараттық-коммуникациялық", "ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымына", "Ақпараттық-коммуникациялық" деген сөздер тиісінше "Киберқауіпсіздік саласындағы", "киберқауіпсіздік саласындағы", "цифрлық орта субъектілері", "киберқауіпсіздік саласында", "цифрлық", "цифрлық инфрақұрылымына", "Цифрлық" деген сөздермен ауыстырылсын;

57) 64, 64-1 және 64-2-баптар алып тасталсын;

58) 65-баптағы "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының киберқауіпсіздік туралы заңнамасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

59) 66-бап алып тасталсын.

94. "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

13-баптың 9-тармағындағы "электрондық жүйе", "Электрондық жүйенің" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйе", "Цифрлық жүйенің" деген сөздермен ауыстырылсын.

95. "Бағалы металдар мен асыл тастар туралы" 2016 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

6-баптың 5-2-тармағының 2) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерден" деген сөздер "цифрлық жүйелерден" деген сөздермен ауыстырылсын.

96. "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

1-4) тармақшадағы "ақпараттық жүйесі" деген сөздер "цифрлық жүйесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) тармақшадағы "электрондық жүйесі" деген сөздер "цифрлық жүйесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 8-бап 21) тармақшасындағы "саласындағы біртектес аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттеу мақсатында қабылданады." деген сөздер "саласындағы;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 22) тармақшамен толықтырылсын:

"22) цифрлық ортадағы біртектес аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттеу мақсатында қабылданады.";

3) 15-баптың 4-тармағындағы "ақпараттық жүйесі" деген сөздер "цифрлық жүйесі" деген сөздермен ауыстырылсын.

97. "Пошта туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйелерді", "ақпараттық жүйесінде", "ақпараттық жүйесімен", "ақпараттық жүйелерден", "ақпараттық жүйелері", "ақпараттық жүйесіне", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйелер", "ақпараттық жүйелердің" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйелерді", "цифрлық жүйесінде", "цифрлық жүйесімен", "цифрлық жүйелерден", "цифрлық жүйелері", "цифрлық жүйесіне", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйелер", "цифрлық жүйелердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 33-баптың 7-тармағында:

екінші бөліктегі "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын.

98. "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық технологиялар", "ақпараттық қауіпсіздік", "ақпараттық технологияларды", "ақпараттық ресурстарды", "ақпараттық жүйелер", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйесінде", "ақпараттық жүйесіне" деген сөздер тиісінше "цифрлық технологиялар", "киберқауіпсіздік", "цифрлық технологияларды", "цифрлық ресурстарды", "цифрлық жүйелер", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйесінде", "цифрлық жүйесіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 25-баптың 10-тармағында:

"электрондық үкіметтің" деген сөздер "цифрлық үкіметтің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын," деген сөздер алып тасталсын;

"ақпараттандыру саласындағы" деген сөздер "цифрландыру саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 42-баптың 9-тармағының бірінші бөлігіндегі "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 50-баптың 5-тармағындағы "электрондық үкіметтің" деген сөздер "цифрлық үкіметтің" деген сөздермен ауыстырылсын.

99. "Қарсы барлау қызметі туралы" 2016 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттандыру объектілерінің", "ақпараттандыру объектілерінде", "ақпараттандыру объектілерін" деген сөздер тиісінше "цифрлық объектілердің", "цифрлық объектілерде", "цифрлық объектілерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-баптың 4) тармақшасындағы "электрондық ақпараттық ресурстарды" деген сөздер "цифрлық ресурстарды" деген сөздермен ауыстырылсын.

100. "Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы" 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 13) тармақшасындағы "электрондық" деген сөз "цифрлық" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 8-бапта:

2-тармақтағы "электрондық ақпараттық ресурстарға" деген сөздер "цифрлық ресурстарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың екінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы, дербес деректер және оларды қорғау, мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына, Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы, мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 14-баптағы "электрондық ақпараттық ресурсты" деген сөздер "цифрлық ресурсты" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 27-баптағы "электрондық ақпараттық ресурстарда" деген сөздер "цифрлық ресурстарда" деген сөздермен ауыстырылсын.

101. "Волонтерлік қызмет туралы" 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына::

1) 11-баптың 3) тармақшасындағы "ақпараттық жүйесінде" деген сөздер "цифрлық жүйесінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 12-баптың 3-тармағының 7) тармақшасындағы "ақпараттық ресурстарға" деген сөздер "цифрлық ресурстарға" деген сөздермен ауыстырылсын.

102. "Жайылымдар туралы" 2017 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

13-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің екінші абзацындағы "ақпараттық жүйесінің" деген сөздер "цифрлық жүйесінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

103. "Коллекторлық қызмет туралы" 2017 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттандыру объектілері" деген сөздер "цифрлық объектілер" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 6-1-баптың 2-тармағының үшінші бөлігіндегі "ақпараттық жүйелерінің" деген сөздер "цифрлық жүйелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 12-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы "ақпараттандыру" деген сөз "цифрландыру" деген сөзбен ауыстырылсын.

104. "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

8) тармақшадағы "жазбаша" деген сөз "жазбаша немесе электрондық" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақшадағы "жазбаша" деген сөз "жазбаша немесе электрондық" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 9-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бағалау туралы есепке бағалаушы қол қояды, ал бағалаушы заңды тұлғамен еңбек шартын жасасқан жағдайда заңды тұлғаның басшысы бекітеді.

2. Бағалау туралы есеп жазбаша түрде кемінде екі данада жасалады, оның біреуі тапсырыс берушіге беріледі, екінші данасы бағалаушыда немесе бағалаушы еңбек

шартын жасасқан заңды тұлғада бағалаушылар палатасы айқындайтын тәртіппен сақталады, сондай-ақ қаржылық есептілік депозитарийінде бағалау туралы есеп жасалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде тіркеледі.

Бағалау туралы есепті бағалаушы қаржылық есептілік депозитарийінде электрондық түрде қалыптастырады. Бұл ретте бағалау туралы электрондық есепті қаржылық есептілік депозитарийінде тіркеу талап етілмейді.";

3) 15-баптың 1-тармағында:

бірінші бөліктің 12-1) тармақшасы алып тасталсын;

үшінші бөліктегі ", 12-1)" деген цифрлар алып тасталсын;

4) 17-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 11-1) тармақшасы алып тасталсын.

105. "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

20-1-баптың 4-тармағы екінші бөлігінің 2) тармақшасында:

екінші абзацтағы "ақпараттық жүйесін" деген сөздер "цифрлық жүйесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "электрондық үкімет" деген сөздер "цифрлық үкімет" деген сөздермен ауыстырылсын.

106. "Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы" 2018 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

б) тармақшадағы "ақпараттық қауіпсіздігі" деген сөздер "киберқауіпсіздігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақшадағы "ақпараттық қауіпсіздігі" деген сөздер "киберқауіпсіздігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 7-баптың 2-тармағының бірінші абзацындағы "және ақпараттандыру" деген сөздер алып тасталсын.

107. "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" 2018 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "электрондық үкіметтің", "бірыңғай ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйе", "бірыңғай ақпараттық жүйесінің", "бірыңғай ақпараттық жүйесінде" деген сөздер тиісінше "цифрлық үкіметтің", "бірыңғай цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйе", "бірыңғай цифрлық жүйесінің", "бірыңғай цифрлық жүйесінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 24-баптың үшінші бөлігіндегі "ақпараттандыру объектілері" деген сөздер "цифрлық объектілері" деген сөздермен ауыстырылсын.

108. "Стандарттау туралы" 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

6) және 17) тармақшалардағы "мемлекеттік ақпараттық ресурс" деген сөздер "мемлекеттік цифрлық ресурс" деген сөздермен ауыстырылсын;

33) тармақшадағы "ақпараттық ресурс объектілері" деген сөздер "цифрлық ресурс объектілері" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 14-бапта:

2-тармақтағы "ақпараттық жүйені" деген сөздер "цифрлық жүйені" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың 4) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерін" деген сөздер "цифрлық жүйелерін" деген сөздермен ауыстырылсын.

109. "Табиғи монополиялар туралы" 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйесі", "электрондық үкіметтің", "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйелерінде", "ақпараттық жүйесінде", "электрондық үкімет", "ақпараттық жүйесіне", "ақпараттық жүйелердің" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесі", "цифрлық үкіметтің", "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйелерінде", "цифрлық жүйесінде", "цифрлық үкімет", "цифрлық жүйесіне", "цифрлық жүйелердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 15-баптың 7-тармағы бірінші бөлігінің 14-1) тармақшасындағы "ақпараттандыру объектілерінен" деген сөздер "цифрлық объектілерден" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3) 23-баптың 2-2-тармағындағы "электрондық сатып алу" деген сөздер "цифрлық сатып алу" деген сөздермен ауыстырылсын.

110. "Кинематография туралы" 2019 жылғы 3 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесін", "бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесі", "бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне" деген сөздер тиісінше "бірыңғай автоматтандырылған цифрлық жүйесін", "бірыңғай автоматтандырылған цифрлық жүйесі", "бірыңғай автоматтандырылған цифрлық жүйесіне" деген сөздермен ауыстырылсын.

111. "Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы" 2019 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 1) тармақшасындағы "ақпараттық" деген сөз "цифрлық" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3-баптың 5) тармақшасындағы "ақпараттық қауіпсіздікті" деген сөздер "киберқауіпсіздікті" деген сөзбен ауыстырылсын.

112. "Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы" 2019 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 18-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі 7) тармақшасының екінші бөлігіндегі "Ақпараттық-коммуникациялық" деген сөздер тиісінше "Цифрлық" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 58-баптың 1-тармағындағы "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" деген сөздер тиісінше "Цифрлық технологиялар", "цифрлық технологиялар" деген сөздермен ауыстырылсын.

113. "Техникалық реттеу туралы" 2020 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйесінің", "ақпараттық жүйесіне", "ақпараттық жүйеде", "ақпараттық жүйесінен", "ақпараттық жүйелерден" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйесінің", "цифрлық жүйесіне", "цифрлық жүйеде", "цифрлық жүйесінен", "цифрлық жүйелерден" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-баптың 10) тармақшасындағы "электрондық дерекқоры" деген сөздер "цифрлық дерекқоры" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 7-баптың 1-тармағының 13) тармақшасындағы "ақпараттандыру саласындағы" деген сөздер "цифрландыру саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

114. "Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы" 2021 жылғы 8 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйесінің", "ақпараттық жүйесінде", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйелер" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйесінің", "цифрлық жүйесінде", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйелер" деген сөздермен ауыстырылсын.

115. "Өнеркәсіптік саясат туралы" 2021 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың", "ақпараттық жүйелерден", "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым", "ақпараттық жүйесін", "ақпараттық жүйесіне", "ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтерді", "ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтердің", "ақпараттық жүйелерді", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйе" деген сөздер тиісінше "цифрлық технологиялардың", "цифрлық жүйелерден", "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылым", "цифрлық жүйесін", "цифрлық жүйесіне", "цифрлық көрсетілетін қызметтерді", "цифрлық көрсетілетін қызметтердің", "цифрлық жүйелерді", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйе" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

8-1) тармақшадағы "электрондық дерекқор" деген сөздер "цифрлық дерекқор" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 26), 27) және 28) тармақшалармен толықтырылсын:

"26) электрондық өнеркәсіп – тұтынушыларға арналған компьютерлер, компьютерлік перифериялық жабдық, коммуникациялық жабдық, электрондық аспаптар, ғарышқа арналған өлшеу, тестілеу және авиациялық, иррадиациялық-төзімді құрамдастар, электрмедициналық және электртерапиялық жабдық, оптикалық аспаптар мен жабдық, магниттік және оптикалық ортаны зерттеуге арналған жабдық сияқты құрылғыларды әзірлеуді, құрастыруды, сынауды және өндіруді, сондай-ақ электрондық өнеркәсіп өнімдеріне арналған тораптар, құрауыштар (интегралдық микросхемалар, "активті" және "пассивті" электрондық құрамдастар) мен қосалқы бөлшектер өндірісін қамтитын өнеркәсіп саласы;

27) электрондық өнеркәсіп өнімі – электрондық құрамдастар және олардан жасалған түрлі мақсаттағы бұйымдар;

28) электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган – электрондық өнеркәсіп саласындағы мемлекеттік реттеуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде электрондық өнеркәсіп саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.";

3) 9-баптың 31) тармақшасындағы "ақпараттық сервистердің" деген сөздер "цифрлық сервистердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1-бап. Электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Электрондық өнеркәсіп саласындағы уәкілетті орган:

1) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған негізгі бағыттары мен мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген негізгі бағыттары негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес электрондық өнеркәсіп саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

2) өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеушілік және іске асыру функцияларын жүзеге асырады;

3) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуді қоса алғанда, электрондық өнеркәсіп саласындағы жобалар мен бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

4) электрондық өнеркәсіп саласындағы салалық сараптаманы жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

5) электрондық өнеркәсіп саласындағы жобалардың салалық сараптамасын жүзеге асырады;

6) өз құзыреті шегінде электрондық өнеркәсіп саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

7) электрондық өнеркәсіп саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады және халықаралық ұйымдар мен шет мемлекеттерде Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді;

8) электрондық өнеркәсіптің сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымы мен өнімінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын, сондай-ақ электрондық өнеркәсіптің бағдарламалық қамтылымы мен өнімін электрондық өнеркәсіптің сенім білдірілген бағдарламалық қамтылымы мен өнімінің тізіліміне енгізу жөніндегі өлшемшарттарды әзірлейді және бекітеді;

9) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.";

5) 16-баптың 3-тармағының 6) тармақшасындағы "ақпараттық сервистердің" деген сөздер "цифрлық сервистердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 50-баптың 1-тармағындағы ", ақпараттандыру туралы заңнамасына" деген сөздер "туралы заңнамасына, Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 51-2-баптың 2, 3, 4 және 5-тармақтарындағы "ақпараттандыру саласындағы", "Ақпараттандыру саласындағы" деген сөздер тиісінше "цифрландыру саласындағы", "Цифрландыру саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

116. "Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы" 2022 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйені", "ақпараттық жүйелерді", "ақпараттық жүйемен", "ақпараттық жүйеге" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйені", "цифрлық жүйелерді", "цифрлық жүйемен", "цифрлық жүйеге" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 17-бапта:

2-тармақтағы "электрондық ақпараттық ресурстар", "ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым", "ақпараттандыру объектілері" деген сөздер тиісінше "цифрлық ресурстар", "цифрлық инфрақұрылым", "цифрлық объектілер" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "ақпараттандыру субъектілері" деген сөздер "цифрлық орта субъектілері" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "ақпараттандыру субъектілері" деген сөздер "цифрлық орта субъектілері" деген сөздермен ауыстырылсын.

117. "Геодезия, картография және кеңістіктік деректер туралы" 2022 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "электрондық ақпараттық ресурс", "ақпараттық жүйе", "ақпараттық ресурстар", "ақпараттық жүйелер", "ақпараттық жүйелерді", "ақпараттық жүйелерімен", "ақпараттық жүйелерде", "ақпараттық жүйесі", "электрондық

ақпараттық ресурстардың", "ақпараттық жүйелерінің", "ақпараттық жүйелері", "ақпараттық жүйелерінде" деген сөздер тиісінше "цифрлық ресурс", "цифрлық жүйе", "цифрлық ресурстар", "цифрлық жүйелер", "цифрлық жүйелерді", "цифрлық жүйелерімен", "цифрлық жүйелерде", "цифрлық жүйесі", "цифрлық ресурстардың", "цифрлық жүйелерінің", "цифрлық жүйелері", "цифрлық жүйелерінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-бапта:

16) тармақшадағы "шектеулі" деген сөз "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірлігінің шекарасынан аспайтын шектеулі" деген сөздермен ауыстырылсын;

40) тармақшадағы "мемлекеттік" деген сөз "Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына қолданылатын, мемлекеттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 9-баптың 3-тармағында:

бірінші бөліктегі "хабарламаға аэротүсірілім жұмыстарын жүргізу жоспарланатын аумақтың географиялық координаттарын, масштабын және аэротүсірілім жұмыстарының тапсырыс берушісін көрсете отырып, аумақтың картограммасын" деген сөздер "аэротүсірілім жұмыстарын жүргізу жоспарланатын аумақтың картограммасын қағаз және электрондық түрде геоақпараттық жүйелер форматында, есептеудің белгіленген мемлекеттік немесе жергілікті координаттық жүйелеріндегі координаттарын, аэротүсірілім жұмыстарының ауқымын және тапсырыс берушісін көрсете отырып, хабарламаға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік алып тасталсын;

4) 13-бапта:

20) тармақшадағы "электрондық тізілімін" деген сөздер "цифрлық тізілімін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 32-1) тармақшамен толықтырылсын:

"32-1) топографиялық-геодезиялық, картографиялық, аэрофототүсірілім жұмыстары материалдарының белгіленген мемлекеттік немесе жергілікті координаттық есептеу жүйелеріне сәйкестігі туралы қорытынды беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;"

5) 20-баптың 7-тармағының екінші бөлігі алып тасталсын;

6) 26-баптың 3-тармағындағы "ақпараттандыру объектілері" деген сөздер "цифрлық объектілер" деген сөздермен ауыстырылсын.

118. "Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы" 2022 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 25-бапта:

6-тармақта:

бірінші бөліктің 3) тармақшасындағы "электрондық үкімет" деген сөздер "цифрлық үкімет" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "электрондық ақпараттық ресурстар" деген сөздер "цифрлық ресурстар" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтың 4) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерге" деген сөздер "цифрлық жүйелерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақтың 2) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелердің" деген сөздер "цифрлық жүйелердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 26-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерді" деген сөздер "цифрлық жүйелерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 28-баптың 2-тармағындағы "ақпараттық жүйелерден" деген сөздер "цифрлық жүйелерден" деген сөздермен ауыстырылсын.

119. "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" 2022 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "электрондық үкімет" деген сөздер "цифрлық үкімет" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 11-бапта:

2-тармақтағы "ақпараттық жүйелер мен электрондық ақпараттық ресурстардан" деген сөздер "цифрлық жүйелер мен цифрлық ресурстардан" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың төртінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын.

120. "Өсімдіктер дүниесі туралы" 2023 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

34-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің екінші абзацының 4) тармақшасындағы "электрондық үкіметтің" деген сөздер "цифрлық үкіметтің" деген сөздермен ауыстырылсын.

121. "Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы" 2023 жылғы 6 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

2) тармақшадағы "ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың" деген сөздер "цифрлық технологиялардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақшадағы "ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым" деген сөздер "цифрлық инфрақұрылым" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 3-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы "электрондық ақпараттық ресурстарды" деген сөздер "цифрлық ресурстарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 10-баптың 2-тармағының 2) тармақшасындағы "ақпараттық қауіпсіздік" деген сөздер "киберқауіпсіздік" деген сөзбен ауыстырылсын.

122. "Кәсіптік біліктілік туралы" 2023 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйелермен" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйелермен" деген сөздермен ауыстырылсын.

123. "Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы" 2023 жылғы 12 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

15-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы "электрондық үкімет" деген сөздер "цифрлық үкімет" деген сөздермен ауыстырылсын.

124. "Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы" 2024 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 3) тармақшасындағы "ақпараттық жүйесінің" деген сөздер "цифрлық жүйесінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

125. "Масс-медиа туралы" 2024 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

25-баптың 1-тармағының 6) тармақшасындағы "электрондық үкіметтің" деген сөздер "цифрлық үкіметтің" деген сөздермен ауыстырылсын.

126. "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық кіші жүйе", "ақпараттық кіші жүйесі", "ақпараттық жүйелерден", "ақпараттық жүйелерінде", "ақпараттық жүйелері", "ақпараттық жүйелердің", "ақпараттық жүйелерді", "ақпараттық жүйесінде", "ақпараттық жүйелермен", "ақпараттық қауіпсіздігін", "ақпараттық жүйелерін", "ақпараттық қауіпсіздікті", "ақпараттық жүйелер" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесі", "цифрлық кіші жүйе", "цифрлық кіші жүйесі", "цифрлық жүйелерден", "цифрлық жүйелерінде", "цифрлық жүйелері", "цифрлық жүйелердің", "цифрлық жүйелерді", "цифрлық жүйесінде", "цифрлық жүйелермен", "киберқауіпсіздігін", "цифрлық жүйелерін", "киберқауіпсіздікті", "цифрлық жүйелер" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 8-баптың 13-тармағындағы "электрондық дерекқорды" деген сөздер "цифрлық дерекқорды" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 11-баптың 4-тармағының бірінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 17-баптың 8-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережесі "цифрлық үкімет" операторымен мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасу жағдайларына қолданылмайды.";

5) 22-баптың 5) және 7) тармақшаларындағы "электрондық ақпараттық ресурстарын", "электрондық ақпараттық ресурстарды" деген сөздер тиісінше "цифрлық ресурстарын", "цифрлық ресурстарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 23-баптың 3-тармағының 1) тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының" деген сөздер "Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасының" деген сөздермен ауыстырылсын.

127. "Ғылым және технологиялық саясат туралы" 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйесі", "ақпараттандыру объектісі" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесі", "цифрлық объект" деген сөздермен ауыстырылсын.

128. "Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы" 2024 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

12-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерді" деген сөздер "цифрлық жүйелерді" деген сөздермен ауыстырылсын.

129. "Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы" 2025 жылғы 3 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттандыру саласындағы" деген сөздер "цифрландыру саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

130. "Аквашаруашылық туралы" 2025 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

бүкіл мәтін бойынша "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйесін", "ақпараттық жүйесінде", "ақпараттық жүйесінен", "ақпараттық жүйесіне", "ақпараттық жүйелер мен электрондық ақпараттық ресурстардан" деген сөздер тиісінше "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйесін", "цифрлық жүйесінде", "цифрлық жүйесінен", "цифрлық жүйесіне", "цифрлық жүйелер мен цифрлық ресурстардан" деген сөздермен ауыстырылсын.

131. "Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысы туралы" 2025 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

23-бапта:

7-тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерге" деген сөздер "цифрлық жүйелерге" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтың екінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "ақпараттық жүйелерге" деген сөздер "цифрлық жүйелерге" деген сөздермен ауыстырылсын.

Ескерту. 1-бапта орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді – ҚР 11.06.2026 № 306-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-бап. Осы Заң:

1) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 7-тармағының 8) тармақшасын;

2) 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 8-тармағының 6) және 7) тармақшаларын, 70-тармағы 2) тармақшасының тоғызыншы абзацын;

3) 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағы 5) тармақшасының он екінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК